

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ

ҚОСЫМША - ПРИЛОЖЕНИЕ

ІЗДЕНІСТЕР, № 1 ИССЛЕДОВАНИЯ,
НӘТИЖЕЛЕР 2013 РЕЗУЛЬТАТЫ

ТОҚСАН САЙЫН
ШЫҒАРЫЛАТЫН
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ,
ВЫПУСКАЕМЫЙ
ЕЖЕКВАРТАЛЬ

1999ж. ШЫҒА БАСТАДЫ

ИЗДАЕТСЯ с 1999г.

АЛМАТЫ, 2013

Журналдың қосымшасында ҚазҰАУ магистранттарының эксперименталдық зерттеу нәтижелері жарияланып отыр.

В приложении к журналу опубликованы результаты экспериментальных исследований магистрантов КазНАУ

Редакция алқасы:

Т.И. Есполов (бас редактор)
К.М. Тіреуов (бас редактордың орынбасары)
Ш.Ә. Әлпейісов (бас редактордың орынбасары)

О.А. Абралиев, А.Қ. Апушев, А.Қ. Атыханов, Д.З. Ахметова (Ресей), С.Б. Байзақов, С.М. Борбасов, М.Ж. Божинов (Болгария), Е. Виетсма (Нидерланды), Б. Ганеш (АҚШ), Р.Е. Елешев, А.М. Ерімбетова, М.Н. Жоланов, П.Ж. Жүнісбеков, Е.Ж. Кентбаев, С.А. Кешуов, А.Қ. Қозыбай, Ч.Б. Кушеев (Ресей), А.Ж. Мақбұз, Б.М. Махатов, Ғ.Р. Мәдиев, К.М. Мұхаметқаримов, Д. А. Мельничук (Украина), Г.П. Новикова (Ресей), С.Н. Олейченко, А.Г. Рау, Ж.С. Садықов, А.Д. Серікбаева, Ә.Ә. Сәмбетбаев, А.Ө. Серікбаев, Ж.Ж. Сүлейменов, Л.Ө. Тастемірова, Ж.К. Төлемісова, А.Т. Тілеуқұлов, Е. Хорска (Словакия), А. Хоховский (Польша)

Редакционная коллегия:

Т.И. Есполов (главный редактор)
К.М. Тіреуов (зам. главного редактора)
Ш.А. Альпейісов (зам. главного редактора)

О.А. Абралиев, А.Қ. Апушев, А.Қ. Атыханов, Д.З. Ахметова (Россия), С.Б. Байзақов, С.М. Борбасов, М.Ж. Божинов (Болгария), Е. Виетсма (Нидерланды), Б. Ганеш (США), Р.Е. Елешев, А.М. Ерімбетова, М.Н. Жуланов, П.Ж. Жунисбеков, Е.Ж. Кентбаев, С.А. Кешуов, А.К. Козыбай, Ч.Б. Кушеев (Россия), А.Ж. Мақбұз, Б.М. Махатов, Ғ.Р. Мәдиев, К.М. Мухаметқаримов, Д.А. Мельничук (Украина), Г.П. Новикова (Россия), С.Н. Олейченко, А.Г. Рау, Ж.С. Садықов, А.Д. Серікбаева, А.А. Сәмбетбаев, А.У. Серікбаев, Ж.Ж. Сүлейменов, Л.У. Тастемірова, Ж.К. Тулемісова, А.Т. Тлеуқұлов, Е. Хорска (Словакия), А. Хоховский (Польша)

Editorial board:

T.I. Yespolov (chief editor)
K.M. Tireuov (deputy editor)
S.A. Alpeisov (deputy editor)

O.A. Abraliyev, A.K. Apushev, A.K. Atykhanov, D.Z. Ahmetova (Russian Federation), S.B. Baizakov, S.M. Borbasov, M.Z. Bojinov (Bulgaria), E. Wietsma (The Netherlands), B. Ganesh (USA), R.Y. Eleshev, A.M. Erimbetova, M.N. Zhulanov, P.Z. Zhunisbekov, Y.Z. Kentbaev, S.A. Keshuov, A.K. Kozibay, C.B. Kushyev (Russian Federation), A.Z. Makbuz, B.M. Mahatov, G.R. Madiyev, K.M. Mukhametkarimov, D.A. Melnichuk (Ukraine), G.P. Novikova (Russian Federation), S.N. Oleichenko, G.Rau, Z.S. Sadykov, A.D. Serikbayeva, A.A. Sambetbayev, A.U. Serikbayev, Z.Z. Suleimenov, L.U. Tastemirova, Z.K. Tulemisova, A.T. Tleukulov, E. Horska (Slovakia), A. Hohowski (Poland)

ВЕТЕРИНАРИЯ И ЖИВОТНОВОДСТВО

ӘОЖ 639.2.053.7(28)

Б.И Әбілов, Г.А. Құлманова

Қазақ ұлттық аграрлық университеті


КӘСІПТІК МАҢЫЗЫ БАР ТҰҚЫ БАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАПШАҒАЙ СУ ҚОЙМАСЫ БОЙЫНША ТАРАЛУЫ

Аннотация. Зерттеу жұмыстары 2012 жылдың көктем, жаз және күз айларында Қапшағай суқоймасының 4 кәсіптік аудандары бойынша жүргізілді. Мақалада Қапшағай суқоймасындағы кәсіптік маңызы бар тұқы балықтарының аймақтар бойынша таралуы, уылдырық шашу үшін өрістеу алды кезендеріне байланысты таралуы қарастырылған.

Кілттік сөздер: миграция, популяция, пелагофил, фитофил, гидрология, антропоген.

Кіріспе. Қапшағай суқоймасы еліміздегі шаруашылық маңызы бар ірі суқоймалардың бірі болып табылады. 1970 жылы Қапшағай суқоймасы құрылған кездері әрбір балық үшін белгілі бір мөлшерде көлем жобаланған. Мысалы, осы жоба бойынша суқоймадағы сазан балығын жылына 800 тоннаға дейін аулау жоспарланған, тек 1977-78 жылдары 260 тоннаға жуық ауланған. Қазіргі кезде бұл көрсеткіш күрт төмендеп, 40-60 тоннадан аспай отыр. Сонымен қатар, ақмарқа балығы 1987 жылы жоғары көрсеткіш 140 тоннаға жетсе, соңғы жылдары 30-35 тонна шамасында. Осы және тағы басқа да тұқы тектес балықтардың азаю себебі, алдымен антропогенді факторлардың әсерінен болып отыр. Сол сияқты абиотикалық және биотикалық факторлардың да біршама кері әсерін жокқа шығармау керек. Сондықтанда тұқы тектес кәсіптік балықтардың санының азаюын басты назарға ала отырып, олардың суқойманың әрбір аймақтарында таралуын қарастырдық. Бұл суқоймада кәсіптік маңызы бар балықтардың қазіргі таңда барлығы 10 түрі кездесетін болса, солардың 7 түрі осы тұқы балықтарының өкілдері болып табылады, яғни оларға тыран, сазан, ақ амур, ақ дөңмаңдай, күміс мөңке, ақмарқа, қаракөз балықтары жатады. Барлық 7 түр де кәсіптік мақсатта жерсіндірілген түрлер [1].

Материалдар мен әдістемелер. Мақала 2012 жылғы (көктем, жаз және күз мезгілдерінде) Қапшағай суқоймасы және Іле өзенінде жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында ауланған балықтар негізінде және алдыңғы жылдардағы зерттеу жұмыстары мен әдебиет көздерін ескере отырып жазылды. Зерттеу жұмыстары 4 кәсіптік аудан және Іле өзенінің суқоймаға құярлық аймағында жүргізілді (1-сурет). Балықтарды аулау үшін тор көздері 20, 24, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90, 100 мм және әрбір ауданың ұзындығы 25 м болатын құрма ауданы көмегімен ауланды. Ауланған балықтарға систематикалық анықтаулар жүргізілді. Зерттеу жұмыстары Правдин И.Ф. (Руководство по изучению рыб) әдістемесі бойынша жүргізілді [2].



1-сурет. Қапшағай суқоймасының кәсіптік аудандары және сынама алу станцияларының сызба-нұсқасы.

Зерттеу нәтижелері. Қапшағай суқоймасында жүргізілген далалық зерттеу жұмыстары кезінде жалпы саны 665 дана балықтар жиналды. Әрбір станцияға құрма ау түні бойы құрылды, жалпы уақыты 12 сағатты құрады. Аулау ауа райына қарап уақытын қысқарту немесе азайту, болмаса басқа да жағдайлар себеп болғанда аулау бір тәулік деп есептелінді. Суқойманың әрбір кәсіптік аудандарында балықтар әркелкі данамен кездесті (1-кесте).

Кесте 1. Қапшағай суқоймасындағы кәсіптік маңызы бар тұқы балықтарын аулау көрсеткіштері

Балық түрлері	Ау құралы	Кәсіптік аудандар бойынша, данамен				Жалпы саны, дана
		1 кәсіптік аудан	2 кәсіптік аудан	3 кәсіптік аудан	4 кәсіптік аудан	
Тыран	Құрма ау	70	79	72	85	306
Сазан	Құрма ау	-	7	48	39	87
Ақмарқа	Құрма ау	28	19	38	42	127
Күміс мөңке	Құрма ау	3	2	7	10	22
Ақ амур	Құрма ау	-	-	6	21	27
Ақ дөңмандай	Құрма ау	-	-	1	14	15
Қаракөз	Құрма ау	17	21	25	18	81

Суқоймадағы барлық балықтардың аулау барысында тыран балығы доминантты түр болды. Қаракөз, ақмарқа, сазан балықтары орташа деңгейде кездесе, күміс мөңке, ақ амур, ақ дөңмандай балықтары аз мөлшерде кездесті.

Тыран (*Abramis brama*, Linnaeus, 1758) суқойма бойынша ихтиомассаның негізін құрайтын қоры жағынан ең көп таралған кәсіптік түр болып табылады. Суқойма акваториясы бойынша кең таралған, дегенмен де суқойманың оң жақ бөлігіне қарағанда сол жақ бөлігінде көбірек кездеседі. Тыран биологиясы бойынша су алабының әрбір экологиялық бөлігіне бейімделгіш болып келеді. Қапшағай суқоймасы бойынша тыранның популяциясы жартылай өтпелі балықтар формасына жатады. Күзгі уылдырық шашу алдындағы миграциясы Іле өзені бойымен ҚХР территориясына дейін өрістейді. Көктем уақытында миграция жасаған тыран популяциясы Іле өзенінің тоқтау суларында уылдырығын шашады [1,3].

Сазан (*Cyprinus carpio*, Linnaeus 1758). Суқоймада 3-ші және 4-ші кәсіптік аудандарда жақсы таралған. Себебі бұл аймақтар сазанның таралуына қолайлы, яғни суы лайлы-батпақты, суқоймаға құятын кіші өзендердің атыраулары, макрофиттердің жақсы өсуі және қорегі мол болуымен байланысты. 1-ші және 2-ші кәсіптік аудандарда өте аз таралған. Жыл маусымдарына байланысты сазанның таралуын алып қарайтын болсақ, ерте көктемгі кезеңдерде уылдырық шашу үшін сәуір айының басында суқойманың жоғарғы су алаптарына яғни, Іле өзенінің тоқтау суларына және сол жақ жағалауындағы өзен сағаларының қойнау көлдеріне өрістейді. Уылдырығын су өсімдіктеріне шашады. Жаз айларында жайылым жасау үшін суқоймаға шығады. Сазанның негізінен суқойма бойынша қоректік спектрі кең (детриттер, макрофиттер, бентос және зоопланктондар)[3]. Қорегі мол өзен сағаларында суы таяз жерлерінде кездеседі. Айтылып отырған сипаттама суқойманың сол жақ жағалау бөлігіне тән[4].

Ақ дөңмандай (*Hypophthalmichthys molitrix*, Valenciennes, 1844). Суқоймада саны айтарлықтай жоғары. Дегенмен көктем және жаз мезгілдерінде суқойма акваториясында кездеспейді. Бұл уақыт аралығында Іле өзенін жоғары бойлай ҚХР территориясына дейін өтіп тіршілігін өзенде өткізген болуы мүмкін. Ақ дөңмандай – пелагофил, яғни уылдырығын су қабатына шашады. Сондықтанда негізгі бөлігі көктем мезгілінде уылдырық шашуға өрістеу барысында Іле өзеніне топтап жиналады. Күз мезгілінде

корегінің негізі – фито- және зоопланктон болғандықтан суқойманың төменгі бөлігіне жиналады. Ақ дөңмаңдайдың өзіндік биологиялық ерекшеліктеріне байланысты көктем және жаз маусымдарын өзен арнасында өткізсе, ал қысқы уақытта суқойманың орталық және төменгі бөлігіне қарай топтап жиналады. Осыған байланысты ақ дөңмаңдайдың кәсіптік қорының негізгі игерілуі қысқы мұз асты балық аулау маусымына сәйкес келеді[1,3,4].

Ақмарқа (*Aspius aspius*, *Linnaeus*, 1758). 1971-1973жж. Іле өзенінің төменгі бөлігінен Қапшағай суқоймасына жалпы саны 49,201 мың дана әр түрлі жастағы ақмарқа балықтары жіберілген [3]. Қазіргі таңда бірден-бір кәсіптік балықтардың негізін құрап отырған осы ақмарқа балығының саны мен қоры айтарлықтай жоғары емес. Барлық кәсіптік аудандар бойынша таралуы біркелкі. Дегенмен ақмарқаның қоректену түрі эврифаг болғандықтан Қапшағай суқоймасы бойынша қоректік қоры тұрақты ұзындық және салмақтық өсімін және оның популяциясының толығына себепші болуы мүмкін. Уылдырық шашу алды миграциясы күзде Іле өзенінің жоғарғы жағындағы тасты және қиыршық құмды аймаққа қарай, сонымен қатар, Қаскелең өзенінің төменгі сағасына өрістейді[1,4].

Ақ амур (*Stenopharingodon idella*, *Valenciennes*, 1844). 1970 жылы суқоймаға ақ амурдың әр түрлі жастағы жас шабақтары жіберілген. Ал 1971-1987 жылдар аралығында 4223 мың дана бір жылдық шабақтары және 5,94 мың дана екі жылдық шабақтары жіберілген. Осы түр үшін бұл көрсеткіш жеткілікті көлемде болатын [3]. Қазіргі таңда Қапшағай суқоймасында оның саны аса жоғары емес. Суқойма бойынша негізінен жоғары сатылы өсімдіктері жақсы дамыған жерлерінде ғана таралған. Бұл аймақтар, әрине суқойманың жоғарғы сол жақ жағалауы мен жоғарғы сатылы өсімдіктер жақсы дамыған өзендердің құярлық аймақтары болып табылады. Ақ амурдың негізгі бөлігі Іле өзенінің құярлық аймағында кездеседі. Ақ дөңмаңдай сияқты ақ амур балығы да – пелагофил, яғни уылдырығын су қабатына шашады. Ақ амур балығы бойынша негізгі мәліметтер осы суқойманың құярлық ауданында жиналды.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 2010 жылғы күздің соңына қарай (қараша) жиналған материалдардың нәтижесінде ақ амурдың Іле өзеніне қыстау өрісі анықталған, сонымен қатар ол шұңқырларды қыстап шығатыны анықталған. Оның өрістеу уақыты сазанның қысқы өрістеу уақытымен сәйкес келді. Бірақ одан айырмашылығы амурдың өрістеу үйіріндегі дарақтардың барлығын жыныстық жетілген балықтар құраған [4].

Солтүстік Каспий қаракөзі (*Rutilus rutilus caspicus* *Jakowlew*, 1870). Жамбыл облысының көлдеріне (Талас өзені бассейні) Орал өзенінің сағасынан (Дукравец 1964) Билікөл көліне 1958 жылы 284 данасы жерсіндірілді, сонымен қатар Билікөл көлінен 1965 жылы Балқаш - Іле бассейніне жерсіндірілді. Екі бассейнге де қаракөз еркін жерсінді. Балқаш көлі мен Іле өзені, сонымен қоса Қапшағай суқоймасы бойынша кеңінен таралды[5].

Қаракөз балығының кәсіптік қоры нашар игеріледі себебі, балықшыларға рұқсат ең төменгі ау көзі 55 мм болғандықтан ірі даралары ғана игеріледі. Сондықтанда соңғы жылғы зерттеулер бойынша суқоймада қаракөз санының артқаны байқалды. Барлық кәсіптік аудандар бойынша біркелкі таралған. Қаракөзді суқоймада рұқсат етілген ау көзімен аулағанға өлшемі жетпейді. Келешекте санының одан ары арта түсуі басқа да бентоспен қоректенетін балық түрлеріне қоректік бәсекелестікті тудыруы мүмкін. Қаракөз популяциясы жартылай өткінші балықтарға жатады. Көбею үшін өзеннің арналарына шығады, аса жоғары көтерілмейді. Кәсіптік балықтар арасында суқоймада алғашқы болып көбею үшін ерте көктемде миграция жасайтын популяция болып табылады [3]. Қапшағай суқоймасында мұз еріген соң шамамен наурыз-сәуір айларында шашады. Іле өзенінің құярлығында және жайылым суларда қаракөз топтасып шоғырланады.

Күміс мөңке (*Carassius auratus auratus*, *Linnaeus*, 1758). Суқойма бойынша сирек таралған. Негізгі бөлігі Іле өзенінің құярлығы мен қосалқы су жүйелерінде кеңінен

таралған. Бұл балық түрі жыртқыш балықтардың, әсіресе, жайынның қорегі болып табылады. Күміс мөңке – фитофил, уылдырығын жағалаудағы өсімдіктерге, қамыс тамырларына шамамен сәуір-мамырда шашады. Уылдырығын бөліп шашады. Суқоймада күміс мөңкенің қоры айтарлықтай емес.

Қорытынды. Суқойма акваториясында кездесетін кәсіптік маңызы бар тұқы балықтарының таралуы олардың биологиясына, мекендейтін әрбір экологиялық бөліктеріне байланысты. Суқойманы жалпы алғанда 3-ші және 4-ші кәсіптік аудандарында тұқы балықтары кеңінен таралған. 1-2 кәсіптік аудандарда ақ амур, ақ дөңмаңдай балықтары мүлдем кездеспеді. Күміс мөңке балығы суқойма бойынша барлық аудандарда аз мөлшерде кездесті. Ақмарқа және қаракөз балықтары орташа деңгейде кездесті. Сазан балығы суқойманың сол жақ жағалауы яғни 3-4 кәсіптік аудандарында жоғары деңгейде кездесті. Осы балықтардың таралуын біле отырып, олардың тұрақты қорын, кәсіптік деңгейін бірқалыпты ұстап тұру үшін суқоймадағы түрлі жағдайларға байланысты (гидрологиялық, антропогендік т.б) жұмыстар нақтылы жүргізіліп отырылуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Определение рыбопродуктивности рыбохозяйственных водоемов и/или их участков, разработка биологических обоснований ОДУ (общих допустимых уловов) и выдача рекомендаций по регулированию рыболовства на водоемах международного, республиканского и местного значений Балхаш-Алакольского бассейна. Раздел: Капшагайское водохранилище: Отчет о НИР // КазНИИРХ. – Алматы, 2012. - 129с
2. Правдин И.Ф. Руководство по изучению рыб. - М.: Пищевая промышленность, 1966.- 376 с.
3. Современное экологическое состояние бассейна озера Балхаш / Под редакцией Т.К. Кудекова. – Алматы: Издательство «Каганат», 2002. – 388с.
4. Комплексная оценка эколого-эпидемиологического состояния биоресурсов основных рыбохозяйственных водоёмов Казахстана для формирования государственного кадастра. Раздел: Капшагайское водохранилище и река Или: Отчёт о НИР (заключительный) // КазНИИРХ. - Алматы, 2011. С – 105.
5. Рыбы Казахстана. Т.1 - Алма-Ата: «Наука», 1986. С – 271.

Б.И Абилов, Г.А. Кулманова

РАСПРОСТРАНЕНИЕ ПРОМЫСЛОВЫХ ВИДОВ КАРПОВЫХ РЫБ В КАПШАГАЙСКОМ ВОДОХРАНИЛИЩЕ

В данной статье рассматривается распространение и период перед нерестом промысловых видов карповых рыб в Капшагайском водохранилище.

B.I. Abilov, G.A. Kulmanova

DISTRIBUTION COMMERCIAL VALUE FOR KARP TRADE TYPES OF FISHES IN KAPSHAGAI RESERVOIR

This article discusses the steps to deploy commercial value for carp spawning on Kapchagai reservoir.

А.Ж. Байкутова, А.З. Мауланов, Ж.Ж. Кенжебекова

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

МЫСЫҚТАРДЫҢ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ ПЕРИТОНИТІНІҢ ПАТОМОРФОЛОГИЯСЫ

Мақалада инфекциялық перитонитпен ауырған 8 мысықтың ішкі мүшелерінде дамыған өзгерістердің макроскопиялық және микроскопиялық зерттеу нәтижелері берілген. Зерттеу нәтижесінде, ауырған мысықтардың құрсақ қуысында асциттік сұйықтың жиналғаны, тері және кілегейлі қабықтардың сарғайғаны, жалпы жүдеу және сірлі қабықтардың бетінде некроз ошақтарының орналасқаны анықталған. Микроскопиялық өзгерістер: мүшелер қабығы бетінде фибринді торшалы экссудаттың және пиогенді гранулемалардың орналасуымен, көкбауыр қабығы мезотелийінің гиперплазиялануымен, ұйқы безінің қабынуымен және некроздық өзгерістердің пайда болуымен сипатталған. Сонымен қатар, паренхималық мүшелердің терең дистрофиялық және некробиоздық өзгерістерге ұшырайтыны анықталған.

Кілт сөздер: инфекция, перитонит, гранулема, дистрофия, некроз, инфильтрация.

Кіріспе. Инфекциялық перитонит - короновируспен қоздырылатын жалпы прогрессивтік деградацияға, перитонитке, сонымен қатар 100 %-ға жуық өлімге соқтыратын және қазіргі таңда аз зерттелген мысықтардың вирустық ауруларының бірі. Бұл басқа белгілі аурулармен салыстырғанда «жас» инфекциялық ауру болып саналады. Себебі, ауру алғаш рет 1963 жылы ғана пайда болып, небәрі жиырма жылдың ішінде, яғни 1983 жылдары әлемнің көптеген елдеріне таралғаны туралы белгілі болған (1, 2, 3, 4, 5, 6).

Еліміз егемендік алғаннан соң, алыс және жақын шет елдермен экономикалық және саяси байланыстар орнатылып, барлық салада қарым қатынасымыз артып келе жатқаны белгілі. Осыған байланысты, соңғы 10 жыл ішінде, шет елдерден елімізге асыл тұқымды жануарлар әкеліне бастады. Оның ішінде, кейбір жеке адамдар әуесқойлықпен шет елдерден асыл тұқымды мысықтар әкеліп өсіре бастады. Нәтижесінде, мысықтар саны өсіп, питомниктер пайда болды. Әкелінген жануарлар түрлерімен қатар, бұрын практикалық малдәрігерлеріне таныс болмаған және белгісіз жұқпалы аурулар да тіркеле бастады. Солардың бірі, мысықтардың инфекциялық перитониті.

Алматы және Алматы облысында мысықтардың инфекциялық перитониті алғаш рет 2004 жылы тіркеліп, патоморфологиялық тәсілмен анықталған болатын. Содан кейін, аталған ауру жыл сайын тіркеле бастады.

Зерттеу материалы мен тәсілдері. Біз осы зерттеу жұмысымыздың материалы ретінде 2004-2011 жылдар арасында Алматы және Алматы облысында инфекциялық перитонитпен ауырған 8 мысықтың патологиялық материалын қолдандық. Ауырған мысықтардың ішінде жынысы жағынан 5-і еркек, 3-ұрғашы болды. Олардың 3-і британ, 2-і қысқа жүнді бенгал, 2-і бурма, 1-і мейн кум тұқымдарынан екені тіркелді. Жастары 4 айдан 5 жас аралықтарында болды. Барлық зерттелген мысықтардың ішкі мүшелері Шор тәсілі бойынша алынды. Зақымдалған ішкі мүшелер макроскопиялық тәсілмен сипатталып, сойып зерттеу хаттамалары толтырылды. Гистологиялық зерттеуге көк бауыр, бауыр, өкпе, миокард, тимус, қарын, ұйқы безі, аш және тоқ ішек бөлімдері, лимфалық түйіндер, бүйректер, ми кесекшелері алынды.

Сойып зерттеу барысында, барлық 8 мысық инфекциялық перитониттің ылғалды түрімен ауырғаны анықталды. Балауды аурудың клиникалық белгілеріне, патологиялық

анатомиялық сойып зерттеу және гистологиялық зерттеулер нәтижелері негізінде қойылды. Алынған патологиялық материал 10% бейтарапталған судағы формалин ертіндісінде бекітіліп, парафинмен нығыздалды. Жұқа кесінділерді HEOTION ERM 3100 жартылай автоматтырылған микротом арқылы алдық. Олардың жұқа кесінділері гематоксилин эозинмен және Ван Гизон тәсілдерімен боялды.

Зерттеу нәтижелері

Макроскопиялық өзгерістері. Жалпы алғанда, барлық сойып зерттелген мысықтардың ішкі мүшелерінде анықталған өзгерістер бір бірімен өте ұқсас болды, олар тек өзгерістердің көріну дәрежесінің интенсивтігімен ғана ерекшеленді. Атап айтсақ: ауру құрсақ тұсы көлемінің ұлғаюымен, тері және кілегейлі қабықтардың сарғаюымен, жалпы жүдеумен, құрсақ қуысында сарғыштау түсті фибринді сұйықтың жиналуымен және сірлі қабықтардың бетінде некроз ошақтарының орналасуымен сипатталды. Сан жағынан алғанда, сірлі қабық бетінде орналасқан некроз ошақтары әрбір мысықта әрқалай болды. Олардың өлшемі ұсақ нүктеден тары дәні көлеміндей болып, диаметрі 0,1-0,3 см дейін жетті.

Сойып зерттелген барлық мысықтардың құрсақ қуысында 0,3-1 литрге дейінгі көлемде сарғыш түсті және қою созылмалы келген консистенциялы сұйық жиналды. Сірлі қабық, іш майы, шажырқай, ішек, бауырдың, бүйректің және көкбауырдың беттерінде ақшыл түсті фибринді шөгінділер жабылған. Ішек бөліктері бір бірімен жабысып қалған және олар қиын ажыратылады. Бауырдың көлемі ұлғайған, қызыл қоңыр түсті және сарғыштау ренді болды. Консистенциясы қаттылау, тіліп қарағанда ішкі бетінің бөлекшелік суреті анық емес.

Сойып зерттелген барлық мысықтардың көкбауыры ұлғайған, консистенциясы қатайған, нығыз, капсуласының беті бұдырлы, ішкі суреті сақталған, өзгеріссіз. Ұйқы безінің көлемі шамалы ұлғайған, консистенциясы нығыздау және үлкейткіш шынымен қарағанда, мүше қабығы астында ұсақ сарғыш сұр түсті, домалақ пішінді, шек арасы анық білінетін ошақтар байқалды.

Микроскопиялық өзгерістер. Гистологиялық зерттеулер нәтижелері бойынша, зерттелген барлық мысықтардың ішкі мүшелерінде анықталған өзгерістер бір типті болып көрінді. Бірақ олардың көріну дәрежесінің интенсивтігі әрқалай болды. Көк еттің және ішкі мүшелердің сірлі қабық беттерінде фибринді және фибринді торшалы экссудат орналасқан.

Бауырдың капсуласы фибринді торшалы экссудаттың есебінен біршама қалыңдаған. Бұл экссудатта торшалар біркелкі орналаспаған және олар әртүрлі торшалар. Экссудаттың құрамындағы кейбір торшалар некроздалған және олардың ядролары кариорексис және кариопикноз күйлерінде екені байқалды. Капсула астында, мүше паренхимасында және капсулаға жақын орналасқан қантамырлар айналасында торшалардың пролиферациясы көрінді. Кейбір бауыр бөлекшелерінің орталық веналарының айналасында плазмалық торшалар мен гистиоциттердің шоғырлануы байқалды. Сонымен қатар, бөлекшелерде қан айналымының бұзылуы снуоидтарда домбығу сұйығының жиналуымен және бағаналар аралық капиллярлардың гиперемиясымен байқалды. Барлық жағдайда, бауырда анықталған домбығуды, қантамырлардың қанға толуын, бауыр бағаналарының дисконкомплексациясын тромбофлебитпен қатар көрінген некроздарды және гепатоциттердің паренхималық дистрофиялық өзгерістерін біз жіті гепатитке теңедік. Көптеген гепатоциттердің көлемі ұлғайған, осыған байланысты синусоидтар анық көрінбейді. Олардың ядролары әртүрлі сатыда дамыған некробиоздық және некроздық өзгерістерге ұшыраған. Синусоидтық капиллярлардың эндотелиоциттері ісініп домаланған. Синусоидтарда жекелеген плазмалық торшалар, нейтрофильды лейкоциттер және гистиоциттер кездеседі. Көптеген ядролар вакуолденген және торлы құрылымды болып

келген. Өзгерістерге ұшыраған гепатоциттердің ядролары ыдырап фрагменттерге бөлінген. Кейбір гепатоциттер шар тәрізді дистрофиялық өзгерістерге айналған.

Өкпенің кейбір бөліктерінде альвеолалар қуысы қанмен, домбығу сұйығымен және сидерофагтармен толған. Олар өкпенің аумақты жерін алып орналасқан. Шеткі аймақтарында орналасқан альвеолалар ауаға толып эмфиземаға ұшыраған. Өкпенің көптеген қан тамырлары кеңейіп қанға толған. Зақымдалған бронхалардың қуысында қан және фибринді экссудатпен жиналған. Альвеолалар аралық дәнекер ұлпада және қан тамырлар қабырғасында нейтрофильды лейкоциттерден құралған гранулемалар кездеседі. Нейтрофильді лейкоциттер сонымен бірге кейбір альвеолалар қуысында да орналасқаны анықталды.

Бүйректе түтікшелер қуысы кеңіп, олардың эпителий торшаларының бойы кішірейген. Түтікшелер қуысында эозинмен қызыл түске боялған түйірлі және торлы заттар орналасқан. Біршама нефроциттер терең дистрофиялық өзгерістерге ұшыраған және олардың ядролары пикноз және лизис жағдайында болғаны анықталды.

Көкбауырдың қызыл пульпасында торшалар саны азайғаны, артериялар айналасындағы лимфоидтық фоликулдардың көлемі кішірейіп, шекарасы анық білінбейтіні және оның көбею орталығының болмауы көзге бірден түседі. Сонымен бірге, көкбауыр капсуласының мезетелий торшаларының пролиферациясы нәтижесінде капсула бетінде бүртіктер пайда болған.

Миокард ет талшықтарының арасында орналасқан дәнекер ұлпа домбыққан және қантамырлары қанға толған. Кейбір қантамырлар айналасында жекелеген лейкоциттерден тұратын лимфогистиоцитарлық инфильтрация байқалады. Кейбір ет талшықтарының көлденең жолақ сызықтары байқалмайды.

Ұйқы безі біршама терең микроскопиялық өзгеріске ұшырағаны байқалды. Зерттелген ұйқы бездерінде басым түрде жіті деструктивті панкреатиттің көрнісі анықталды. Анықталған өзгерістер бөлекше аралық дәнекер ұлпаның лейкоцитарлық инфильтрациясымен, паренхиманың дистрофиялық, некробиоздық және некроздық өзгерістердің дамуымен сипатталды.

Лимфалық түйіндердің де жиі зақымдалғаны анықталды. Әсіресе өзгерістер көкірек және құрсақ қуыстарында орналасқан лимфалық түйіндерде байқалды. Олар фолликулярлық гиперплазиямен, некроз ошақтарымен және пиогранулемалық патологиялық өзгерістермен сипатталды.

Гистологиялық зерттеу нәтижесі бойынша анықталған гранулемалардың құрылымы барлық мүшелер түрлерінде бір типті болып келді. Олар басым түрде аралас.

Алынған нәтижелерді талдау. Мысықтардың инфекциялық перитонитін ерте балау көп қиындықтарды тудырады. Себебі, аурудың бастапқы кезінде байқалатын симптомдары басқа аурулар түріне өте ұқсас болып келеді. Олар, тәбеттің төмендеуі, салмағының азаюы, апатия, депрессия сияқты көрністермен сипатталады. Аурудың ары қарай дамуына байланысты, осы ауруға тән клиникалық өзгерістер: асцит, плеврит, перикардит, тыныс алуының қиындауы, құсу, ішінің өтуі, сарғаю және несепінің қараюы байқала бастайды.

Мысықтардың инфекциялық перитонитін балау өте күрделі. Балауды бұл ауруға нақты қою үшін және басқа ұқсас аурулардан ажырату үшін сойып зерттеудің маңызы зор.

Сойып зерттеу барысында, осы ауру түріне тән макроскопиялық өзгерістер ретінде, құрсақ қуысында фибринді экссудаттың мол жиналуы, тері асты шелінің, сірлі және кілегейлі қабықтардың сарғаюы, ішкі мүшелер және құрсақ қуысы қабырғасының сірлі қабықтары бетінде ақшыл сұр түсті шөгінділердің пайда болуын, қарын, ішек, шажырқай, қуық сірлі қабық беттерінде ақшыл сарғыш түсті гранулемалардың түзілуін ескерген жөн.

Микроскопиялық зерттеу барысында, біз барлық сойып зерттелген мысықтардың ішкі мүшелерінде анықталған гистологиялық өзгерістер бір типті болып көрінетінін

анықтадық, бірақ анықталған патологиялық процесстер түрлерінің көріну дәрежесінің интенсивтігі әрқалай болатынымен ерекшеленді.

Қорытынды. Инфекциялық перитонитпен ауырған мысықтардың ішкі мүшелерінде, осы ауру түріне тән бір типті патоморфологиялық өзгерістер болатыны және бұл ауру түрімен ауырған мысық өлекселерін балауда сойып зерттеудің маңызы бар екені анықталды. Аурудың негізгі макроскопиялық өзгерістері болып: құрсақ қуысында көп мөлшерде асциттік сұйықтың жиналуы, терінің және кілегейлі қабықтардың сарғаюы, сірлі қабық бетіне фибринді экссудаттың шөгуі және некроз ошақтарының түзілуі байқалды. Микроскопиялық өзгерістер мүшелер қабығы бетінде фибринді торшалы экссудаттың шөгуімен, мүшелер сірлі қабығы бетінде пиогенді гранулемалардың орналасуы, көкбауыр қабығы мезотелий торшаларының гиперплазиясы және ұйқы безінің қабынуы және некроздың дамуымен сипатталды. Сонымен қатар, паренхималық мүшелердің терең дистрофиялық және некробиоздық өзгерістерге ұшырайтыны анықталды.

Әдебиеттер

1. Сулимов А.А. Вирусные болезни кошек.// М.-2004. С -102 - 105
2. Сюрин В.Н., Белоусова Р.В., Фомина В. Ветеринарная вирусология. //М.- ВО Агропромиздат. -1991. С – 98-101
3. Kornegay J.N. Feline infectious peritonitis.// JAANM.-1978. Kornegay J.N. Feline infectious peritonitis.// JAANM.-1978.
4. Kipar A. et al. Histopathological alterations of lymphatic tissues in cats without feline infectious peritonitis after long-term exposure to FIP virus.// Vet. Microbiol.-1999.-69
5. Стодарт М.Э., Беннетт М. Коронавирусная инфекция кошек. С – 78-81
6. Colgrove D.J., Parker A.J. Feline infectious peritonitis. J. Small Anim. Pract.12.225-32. 1971.

А.Ж. Байкутова, А.З. Мауланов, Ж.Ж. Кенжебекова

ПАТОМОРФОЛОГИЯ ИНФЕКЦИОННОГО ПЕРИТОНИТА КОШЕК

При морфологическом изучении внутренних органов 8 павших больных кошек инфекционным перитонитом выявлены экссудативно-фибринозный перитонит, плеврит, васкулит, пролиферация мезотелиальных и скопление нейтрофильных клеток. На серозных оболочках внутренних органов отложение фибринозно-клеточного экссудата и пиогенного гранулематозного воспаления. В поджелудочной железе выявлен деструктивный панкреатит.

A.J. Baikutova, A.Z. Maulanov, J.J. Kenjebekova

THE PATOMORPOLOGICAL INFECTIOUS PERITONITS IN CATS

The morphological study of the internal organs of patients who died eight eats infectious peritonitis revealed exudative fibrinous peritonitis, vasculitis, mesothelial cell proliferation and accumulation of polymorphonuclear cells. On the serous membranes of internal organs deposition fibrinopurulent cellular exudate and pyogenic granulomatous inflammation. In the pancreas revealed destructive pancreatitis.

А.Ж. Бердалина, Н.Б. Сарсембаева

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

**ДӘСТҮРЛІ ӘДІСПЕН ДАЙЫНДАЛҒАН ҚЫМЫЗДЫ
ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ САРАПТАУ**

Аннотация. Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Түгіскен ауылының «Жеңіс» АҚ-да шеберлердің ойлап тапқан дәстүрлі әдісімен дайындалған қымызды, сонымен қатар Алматы қаласында орналасқан Сарыжайлау «Қазығұрт» қымызын Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес зерттедік.

Кілт сөздер: қымыз, бие сүті, консервант, дәрумен, зат алмасу, коэффициент, стандарт.

Кіріспе. Жылқының бір қасиеті – сүтінде. Бие сүтінен қымыз ашытады. Қазақтың ертедегі көшпелі өмірінде ауруға ем болып, сауға қуат берген осы қымыз. Технологиялық тұрғыдан дұрыс дайындалған қымыздың құрамы өте жоғары жеңіл қорытылатын белоктарға, майларға және көмірсуларға, тағы да бағалы витаминдер комплексіне, минералды және биологиялық активті заттарға бай. Сонымен қатар, қымыздың емдік қасиеттері бірқатар ауруларға шипа. Қымыздың құрамына кіретін түрлі заттардың бәрі де адамның бойына жақсы сіңеді. Бие сүтінде “С” дәрумені мол болады. Сондықтан оның емдік қасиеттері, әсіресе туберкулез ауруынан емдеу үшін айрықша жоғары. Қымызды жүйелі түрде қабылдаудың әсерінен өкпенің сыйымдылығы, кеуде клеткаларының шеңбері ұлғаяды, тыныс алу, зат алмасу жақсарады, қан құрамындағы гемоглабин мөлшері артады, ақ қан түйіршіктері, егер олар жоғарылаған болса, қайта төмендейді. Нерв жүйесі де қымыздың әсерінен тыс қалмайды. Қымыз ішкен адамның бойында сергектік пайда болады. Сондықтан бұл өнімнің сапасын сараптау әдістерін салыстырмалы түрде бағалау арқылы тиімдісін ұсыну мал дәрігерінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады [1].

Жұмысымыздың негізгі мақсаты дәстүрлі әдіспен дайындалған қымызды өндірістік жағдайда дайындалған қымызбен салыстыра отырып ветеринариялық санитариялық бағалау. Осы мақсатымызға сәйкес келесі негізгі міндеттер қойылды:

1. Дәстүрлі әдіспен дайындалған қымыздың ветеринариялық санитариялық сараптауын жүргізу;

2. Екі жағдайда жабылған қымызды салыстыра отырып тиімділігін анықтау.

Әдебиетке шолу. Қымыз адам тағамында ерекше орын алатын өнім екені белгілі. Қымыздың тағамдық және биологиялық құндылығы оның химиялық құрамына және химиялық заттардың адам организміне сіңірілуіне аса қолайлы байланысты болатындығынан. Қымыздың адам денсаулығына пайдалылығын халқымыз ерте заманнан-ақ білген. Қазіргі кезде қымыздың адамға әл-қуат беретін көптеген ауруға, әсіресе туберкулезге емдік қасиетін дүние жүзінде кеңінен пайдаланады. Сонымен қымыздың тағамдық, әсіресе емдік қасиеті басқа мал сүттеріне қарағанда әлде қайда жоғары екендігі көрінеді. Әрине қымыздың бұл қасиеттері, оны дайындау технологиясына, санитарлық гигиеналық және ветеринариялық-санитариялық сараптау жағдайына тікелей байланысты [2].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеулер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК Қарағанды облыстық филиалының «Азық-түлік қауіпсіздігін зерттеу» бөлімінде және Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Ветсансараптау және гигиена» кафедрасының зертханасында жүргізілді.

Қымыздың сапалылығын анықтау үшін тексеруге Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Түгіскен ауылында дәстүрлі әдіспен дайындалған қымыз алынды. Қымызды және өндірістік жағдайда дайындалған Сарыжайлау «Қазығұрт» қымызын белгіленген ветеринариялық-санитариялық сараптау ережелеріне сай жүргіздік.

Ыдыстағы қымызды араластыра отырып, тексеруге 250 мл сынама алдық. Сынаманың түрін, түсін, иісін және консистенциясын сезімдік көрсеткіштері арқылы анықтадық. Тексеру жалпыға белгілі, оқулықтарда және мемлекеттік стандарттарда көрсетілген әдістермен жүргізілді.

Сезімдік зерттеу арқылы қымыздың иісін, түсін, дәмін және консистенциясын анықтадық.

Иісін бөлме температурасында, мұрын қуысы арқылы кезекпен, қысқа және үзікті дем алу арқылы, түсін анықтау үшін қымызды түссіз ыдысқа құйып, табиғи шашыранды жарықта байқау арқылы, қымыз консистенциясын бір шыны ыдыстан, екінші шыны ыдыстың қабырғасымен баяу құю арқылы, дәмін анықтауды сынаманы ауызға алып, жұтпай, тілдің сезімдік рецепторлары арқылы, қымыздың физикалық-химиялық құрамын: қышқылдығын Тернер бойынша, күшін (алкоголь мөлшерін), тығыздық, майлылығын, жалпы белоктың мөлшерін анықтадық. Қымыздың қышқылдығы Тернер бойынша анықтау титриметриялық әдіспен, 0,1 N NaOH ерітіндісін қолданып жүргізілді.

Қымыздың тығыздығын ареометрмен (лактоденсиметрмен) (МС 3625-84) 10-25°C температура, таблицалық түзетуді енгізе отырып жүргіздік. Оны таблица көмегімен немесе түзету коэффициентін қолдана отырып есептеуді жүргізуге болады.

Майды стандартты (МС 5867-90) әдіспен анықтадық. Қымыздың майын кілегейлі қабат түрінде алады да, оның көлемін градуировалық бөлігінде арнайы құрал көмегімен май өлшегіште жүргізеді [3, 4, 5].

Зерттеулердің нәтижелері және оларды талқылау. «Азық-түлік қауіпсіздігін зерттеу» бөлімінде дәстүрлі әдіспен дайындалған қымызға жүргізілген сезімдік тексерулері бойынша 3-сынамада қымыздың түсі сарғыш реңкілі, өзіне тән қышқыл иісі бар, дәмі қышқыл әрі өткір, консистенциясы біркелкі сұйықтық, тазалығы I класты болды. Сонымен қатар, өндірістік жағдайда жабылған қымыз да өзіне тән иісі бар, газды дәмі қышқылтым, консистенциясы біркелкі. Биохимиялық зерттеулер бойынша дәстүрлі әдіспен дайындалған қымыздың тығыздығы - 1,015⁰А, ал өндірістік жағдайда жабылған қымыздікі – 1,018 болды. Егер қымыз құрамына су қосылса тығыздығы төмендеп, ал каймағы алынған сүт қосылса көтеріліп кетеді. Біздің зерттеулерімізде қымыз сапалы. Қышқылдылығы - 131⁰Т және 128⁰Т болды. Мемлекеттік стандарт талабы бойынша қышқылдылығы 60-80⁰Т болатын қымызды жуас, 81-100⁰ Т қымызды орта, 101-120⁰Т қымызды күшті деп атайды. Осы мәліметтерге сүйенсек дәстүрлі әдіспен дайындалған қымыз бен өндірістік жағдайда жабылған қымыз да күшті қымызға жатады екен.

Дәстүрлі әдіспен дайындалған қымыздың майлылығы – 1,81%, спирт мөлшері – 2,70%, тазалығы I класты, ал өндірістік жағдайда жабылған қымызға тоқталатын болсақ, спирт мөлшері – 2,40%, майлылығы – 1,70% болды (1, 2-кестелерде көрсетілген). Жүргізілген зерттеулер бойынша қымыз Мемлекеттік стандарт талабына сай, сапалы қымыз.

1-кесте. Дәстүрлі әдіспен дайындалған қымыздың қасиеті

Шаруашылық	№ сынама	Көрсеткіштер			
		Қышқылдығы, °Т	Тығыздығы, г/см ³	Май мөлшері, %	Спирт мөлшері, %
«Жеңіс» АҚ	1	135	1,012	1,80	2,80
	2	130	1,020	1,81	2,70
	3	131	1,013	1,82	2,90
Орташа көрсеткіші		132±1,7	1,015±2,9	1,81±0,58	2,70±0,8

2-кесте. Өндірістік жағдайда дайындалған қымыздың қасиеті

Шаруашылық	№ сынама	Көрсеткіштер			
		Қышқылдығы, °Т	Тығыздығы, г/см ³	Май мөлшері, %	Спирт мөлшері, %
Сарыжайлау «Қазығұрт»	1	128	1,015	1,80	2,30
	2	127	1,019	1,70	2,40
	3	129	1,020	1,60	2,50
Орташа көрсеткіші		127±0,58	1,018±1,7	1,70±0,58	2,40±0,58

3-кесте. Екі жағдайда дайындалған қымыздарды салыстыру

Көрсеткіштер	Орташа көрсеткіші	
	«Жеңіс» АҚ	Сарыжайлау «Қазығұрт»
Қышқылдығы, °Т	132±1,7	127±0,58
Тығыздығы, г/см ³	1,015±2,9	1,018±1,7
Май мөлшері, %	1,81±0,58	1,70±0,58
Спирт мөлшері, %	2,70±0,8	2,40±0,58

Қорытынды. «Азық-түлік қауіпсіздігін зерттеу» бөліміне арнайы әкелінген дәстүрлі әдіспен дайындалған қымыздың, сонымен қатар «Қазығұрт» қымызының биохимиялық көрсеткіштері төмендегідей болды:

Тығыздығы – 1,015 г/см³ («Жеңіс АҚ») және 1,018 г/см³ («Қазығұрт»);

Қышқылдылығы – 132°Т («Жеңіс АҚ») және 127°Т («Қазығұрт»);

Май мөлшері – 1,81% («Жеңіс АҚ») және 1,70% («Қазығұрт»);

Спирт мөлшері – 2,70% («Жеңіс АҚ») және 2,40% («Қазығұрт»).

Қорыта келе, зерттеуге алынған «Жеңіс» АҚ және «Қазығұрт» қымыздары Мемстандарт талабына сай келді. Бірақ, дайындау технологиясы бойынша дәстүрлі әдіспен дайындалған қымыз пайдалы болып табылады. Дайындау технологиясы бойынша консервіленген қымыз биологиялық жағынан құнды. Себебі қымызға ешқандай консервант қосылмайды, бие сүтінің ферментация процесі кезінде сүт қышқылы түзіледі, ол белсенді қышқылдықты (рН) төмендетеді, рН мәні 4,5 яғни метаболизм кезінде түзілген сүт қышқылы табиғи консервант болады.

Шеберлердің ойлап тапқан бұл әдісі бойынша, қымызды жылдың төрт мезгілінде қолдануға болады.

Әдебиеттер

1. Сейітов З.С. «Кумыс, шубат», Алматы, 2005-288 б.
2. Черепанова В., Хасенов А., Сеитов З., Дуйсембаев К., Белокобыленко В., «Кумыс и шубат», Алма-ата, 1971, 188 б.
3. Қырықбайұлы С., Тілеуғалиұлы Т.М., Ветеринариялық-санитариялық сараптау практикумы, Алматы 2007.
4. Коряжнов В.П. «Практикум по ВСЭ молока и молочных продуктов», 1981ж.

5. Смағұлов А.Қ. Качества и безопасность пищевой и сельскохозяйственной продукции” Алматы, Атамұра-2003.

Сарсембаева Н.Б., Бердалина А.Ж.

ВЕТЕРИНАРНО-САНИТАРНАЯ ЭКСПЕРТИЗА КУМЫСА ПРИГОТОВЛЕННЫМ ТРАДИЦИОННЫМ МЕТОДОМ

В данной статье исследуется кумыс, который готовился традиционным способом. Для этого проводились органолептические и биохимические исследования. А также, исследовалось кумыс, который готовился в производственной технологии. Кумыс, который готовился в результате в двух различных технологиях, соответствовал требованиям ГОСТ.

Sarsembayeva N.B., Berdalina A.Zh.

VETERINARY SANITARY EXAMINATION KUMISS BY THE PREPARED TRADITIONAL METHODS

In this article I investigated a kumiss that prepared by a traditional method. For this purpose conducted sense and biochemical research. And also, their investigated kumiss that prepared in productive to technology. A kumiss that prepared as a result in two different technologies conformed to the requirements of national standard.

ӘОЖ. 619:616.36:636.7

М. Женей, Ж.І. Қазиев

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ОМНИПАК-300 ЖӘНЕ БИЛИГРАФИН РЕНТГЕНКОНТРАСТТЫ ЗАТТАРЫН ҚОЛДАНҒАНДА ҚОЯН ҚАНЫНЫҢ ГЕМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ

Аннотация. Мақалада ионды билиграфин және ионсыз омнипак-300 рентгенконтрасты заттарының қоян қанының көрсеткіштеріне әсері қарастырылған. Зерттелген қан құрамы көрсеткіштерінің өзгеру дәрежесі енгізілген препараттың мөлшеріне байланысты, ол көп болған сайын, өзгерісі айқындала түсетінін зерттеу көрсетті. Қанның гематологиялық көрсеткіштеріне ионсыз омнипак-300-дің ионды билиграфинмен салыстырғанда уытты әсері аз.

Кілт сөздер: рентгенконтрасты зат, омнипак-300, билиграфин, гемоглобин, эритроциттер, қоян.

Кіріспе. Ветеринарлық тәжірибеде рентгендиагностиканың әдістерін игерудің маңызы артып келеді. Жануарлардың көптеген ауруларын балауда рентгендиагностиканың артықшылығы осы саладағы визуализация әдісіне негізделеді. Бұл кейінгі уақытта ветеринарлық техниканың қарқынды жетілуімен және жоғары эффективті препараттардың жаңа тобының пайда болуымен байланысты.

Рентгенконтрасты заттардың мыңнан аса түрлері бар, алайда олар ағзаның әртүрлі жүйесіне, соның ішінде гематологиялық жүйеге де уытты әсерін тигізетіні белгілі. Клиникалық және тәжірибелік зерттеулермен рентгенконтрасты затты қолдану қансырау ғана емес, сонымен қатар тромбозға да әкелетіні дәлелденген. Бұл оның клиникалық тәжірибеде кең қолдануға мүмкіндік бермейді [1,2,3,4] .

Зерттеу міндеті ионды билиграфин және ионсыз омнипак-300 рентгенконтрасты заттарын қолданғанда, оның қоян қанының көрсеткіштеріне әсерін зерттеу.

Зерттеу әдістері және материалдары. Омнипак-300 және билиграфин рентгенконтрасты заттың әсерін зерттеу экспериментінде салмақтары 2,8-3,2 кг болатын 16 қоян қолданылды. Олардан төрт топ құрадық, әр топта төрт қояннан болды. Омнипак-300 және билиграфинді экспериментальды мөлшерде жануарлардың құлақтың көк тамырына енгіздік.

Бірінші топ қояндарының қан тамырына омнипак-300 затын 1,5 мг/кг мөлшерде, ал екінші топтағыларға 3,0 мг/кг мөлшерде енгіздік. Үшінші топтағы қояндардың қан тамырына билиграфинді 1,5 мг/кг, ал төртінші топ қояндарына 3,0 мг/кг мөлшерде енгіздік. Зертханалық сараптау үшін қанды таңғы уақытта, одан кейін рентгенконтрасты затты енгізгеннен кейін 24 және 48 сағат аралықтарында алдық. Эксперимент уақытында жануарлардың жалпы клиникалық жағдайына көңіл аудардық.

Зерттеу нәтижелері. Рентгенконтрасты затты енгізген уақытта жануарларда тыпыршу және бұлшық еттің дірілі сияқты клиникалық белгілер болды. Бірақ жануарлардың жалпы жағдайына әсер ететіндей клиникалық өзгерістер байқалмады, кейбір кезде қысқа мерзімге, 2-3 минут аралығында өздігінен жойылып кететін құлақтың қызаруы байқалды. Гематологиялық көрсеткіштер құрамының өзгеруінің дәрежесі енгізген препараттың мөлшеріне, олардың мөлшері жоғарылаған сайын айқынды өзгерістер болатынын жүргізілген зерттеулер көрсетті. Гематологиялық көрсеткіштердің мәліметтері кестеде келтірілген.

Кестеде көрсетілгендей, омнипак-300 препаратын қояндардың бірінші тобына 1,5мг/кг мөлшерінде енгізгенде лейкоциттердің мөлшері бірінші тәулікте $12,8 \times 10^9$ г/л -ден $13,2 \times 10^9$ г/л ге дейін, ал екінші тәулікте $12,2 \times 10^9$ г/л-ден $12,9 \times 10^9$ г/л-ге дейін көтерілгені байқалады. Қояндардың екінші тобына оны 3мг/кг мөлшерінде енгізгенде лейкоцитоздың ұлғаюы және оның мөлшері бірінші тәулікте $12,1 \times 10^9$ г/л -ден $13,3 \times 10^9$ г/л-ге, ал екінші тәулікте $13,6 \times 10^9$ г/л-ге дейін көтерілді.

Қан құрамындағы эритроциттердің азаюына омнипак-300 препаратының себеп болатыны айқындалды. Рентгенконтрасты затты 1,5мг/кг мөлшерде енгізгенде эритроциттердің мөлшері бақылау топтарының көрсеткіштерімен салыстырғанда шамамен бірдей, 11,7%-ға азайды. Көрсетілген мерзімдерде гемоглобиннің мөлшері 5,0% және 7,1% сәйкестікте азайды. Рентгенконтрасты затты 3,0 мг/кг мөлшерде енгізгенде эритроциттердің мөлшері 24 сағаттан кейін 19,3%-ға, ал 48 сағаттан кейін 14,1%-ға азайды. Гемоглобиннің мөлшері препаратты енгізгеннен кейін көрсетілген мерзімде 13,7% және 15,5% сәйкестікте төмендеді. Түсті көрсеткіш барлық топтарда нақты өзгеріс көрсетпеді. 1,5 мг/кг мөлшерде омнипак препаратын енгізгенде бірінші топтағы жануарларда эритроциттердің шөгу жылдамдығы (ЭШЖ) бірінші тәулікте 2,0-дан 2,4 мм/сағ дейін және екінші тәулікте 2,1 мм/сағ-тан 2,9 мм/сағ дейін жылдамдады. 3,0 мг/кг мөлшерде енгізгенде жануарлардың екінші тобының эритроциттердің шөгу жылдамдығы белгіленген мерзімде 2,1 мм/сағ-тан 2,9 мм/сағ және 2,1-мм/сағ тан 3,4 мм/сағ дейін сәйкестікте жылдамдады.

Кестеде келтірілген мәліметтерден, қоянның үшінші тобында 1,5 мг/кг мөлшерінде билиграфин препаратын енгізгеннен кейін лейкоциттердің мөлшері бірінші тәулікте $12,8 \times 10^9$ г/л-ден $14,1 \times 10^9$ г/л-ге дейін және екінші тәулікте $12,8 \times 10^9$ г/л-ден $13,1 \times 10^9$ г/л-ге көтерілді.

1-кесте. Әртүрлі мөлшерде омнипак-300 және билиграфинді енгізгенде қояндардың перифериялық қандарындағы гематологиялық көрсеткіштері, $M \pm m$

Көрсеткіштер	Бақылау тобы, РКЗ енгізгенге дейін		Омнипак - 300				Билиграфин			
			24 сағаттан кейін		48 сағаттан кейін		24 сағаттан кейін		48 сағаттан кейін	
	1	2	1,5 мл/кг	3,0 мл/кг	1,5 мл/кг	3,0 мл/кг	1,5 мл/кг	3,0 мл/кг	1,5 мл/кг	3,0 мл/кг
Лейкоциттер, $\times 10^9$ г/л	12,8 \pm 0,59	12,1 \pm 0,69	13,2 \pm 1,09	13,3 \pm 1,25	12,9 \pm 1,25	13,6 \pm 1,20	14,1 \pm 1,11	16,6 \pm 1,22	13,1 \pm 1,23	15,7 \pm 1,15
Эритроцит, т/л	7,6 \pm 0,18	7,8 \pm 0,15	6,7 \pm 0,12	6,3 \pm 0,25	6,8 \pm 0,15	6,7 \pm 0,25	6,2 \pm 0,08	5,3 \pm 0,22	6,1 \pm 0,12	5,7 \pm 0,15
Гемоглабин, г/л	128 \pm 5,16	129 \pm 6,21	122,1 \pm 0,9	112,0 \pm 6,8	119,9 \pm 9,1	109,1 \pm 7,6	117,2 \pm 9,3	115,0 \pm 5,8	114,7 \pm 8,1*	100,1 \pm 6,8
Түсті көрсеткіш	0,9 \pm 0,2	1,01 \pm 0,16	1,0 \pm 0,03	1,0 \pm 0,08	1,1 \pm 0,11	1,0 \pm 0,03	1,0 \pm 0,02	0,9 \pm 0,07	1,1 \pm 0,1	1,2 \pm 0,03
ЭШЖ, мм/сағ	2,0 \pm 0,13	2,1 \pm 0,18	2,4 \pm 0,22	2,9 \pm 0,34	3,1 \pm 0,48	3,4 \pm 0,48	2,4 \pm 0,23	3,6 \pm 0,24	2,9 \pm 0,24	4,3 \pm 0,28

Қояндардың екінші тобына 3,0 мг/кг мөлшерде билиграфин препаратын енгізгенде лейкоцитоз айқын байқалады, бірінші тәулікте $12,1 \times 10^9$ г/л-ден $16,6 \times 10^9$ г/л дейін ұлғайғаны, ал екінші тәулікте біріншісімен салыстырғанда $15,7 \times 10^9$ г/л-ге дейін бұл көрсеткіштің төмендегені көрінеді. Эритроциттер құрамының төмендеуіне билиграфиннің әсері бар екені де байқалды. Рентгенконтрасты затты 1,5 мг/кг мөлшерінде енгізгенде эритроциттердің мөлшері бірінші және екінші тәуліктерде $7,6 \times 10^9$ г/л-ден $6,2 \times 10^9$ г/л-ге дейін бірдей төмендеді, ол шамамен 18,0% құрады. Көрсетілген мерзімдерде гемоглобиннің мөлшері бірінші тәулікте 8,5%-ға, ал екінші тәулікте 11%-ға азайды. Билиграфинді 3,0 мг/кг мөлшерінде енгізгеннен кейін эритроциттердің мөлшері 24 сағаттан кейін $7,8 \times 10^9$ г/л-ден $5,3 \times 10^9$ г/л-ге дейін, ал 48 сағаттан кейін $7,8 \times 10^9$ г/л-ден $5,7 \times 10^9$ г/л-ге дейін азайды, сөйтіп көрсетілген топтарда 32,9% және 27,2% тиесілі болды. Препаратты енгізгеннен кейін көрсетілген мерзімде гемоглобиннің мөлшері бірінші тәулікте 10,9%-ға және екінші тәулікте 22,5%-ға төмендеді. Төртінші топтағы жануарларда ғана 48 сағаттан кейін түсті көрсеткіштің әлсіз өзгерістері байқалды.

1,5 мг/кг мөлшерінде контрасты препаратты енгізгеннен кейін, жануарлардың үшінші тобында ЭШЖ шартты түрде 24 сағатта 2,0-дан 2,4 мм/сағ дейін және 48 сағаттан кейін 2,1-ден 3,6 мм/сағ дейін көтерілді. 3,0 мг/кг мөлшерде енгізілгенде төртінші топтың жануарларында ЭШЖ көрсетілген мерзімде 2,1-дан 3,6 мм/сағ және 2,1-дан 4,3 мм/сағ дейінгі сәйкестікте жылдамдады.

Қорытынды. Рентгенконтрасты зат қанға гемолитикалық әсер береді, мұнда эритроциттердің, гемоглобиннің мөлшерінің азаюымен және эритроциттердің шөгу жылдамдығы көрсеткішінің артуымен тұжырымдалады. Ионды билиграфинмен салыстырғанда ионсыз омнипак-300 қанның гематологиялық көрсеткіштеріне аз әсерін тигізеді.

Әдебиеттер

1. /Сергеев П.В., Свиридов Н.К., Шимановский Н.Л. Контрастные средства. //М.: Москва, 1993, 253 с.
2. /Байматов В.Н. Морфологические и биохимические изменения в организме животных и человека при патологии - М., 1998. - 147 с.
3. /Анохин Б.М., Данилевский В.М. Внутренние незаразные болезни сельскохозяйственных животных. М.: Агропромиздат. 1991. с. 252-273.
4. /Баркаган З.С., Момот А.П. Основы диагностики нарушений гемостаза. // Ньюдимед – АО, Москва, 1999. С. 217.

М. Женей, Ж.И. Казиев

ИЗМЕНЕНИЕ ГЕМАТОЛОГИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ КРОВИ КРОЛИКОВ
ПРИ ПРИМЕНЕНИИ РЕНТГЕНОКОНТРАСТНЫХ СРЕДСТВ
ОМНИПАК-300 И БИЛИГРАФИН

Изучение воздействия ионного билиграфина и неионного омнипак-300 - на гематологические показатели крови кроликов. Проведенные исследования показали, что степень изменения изучаемых нами показателей зависит от дозы вводимого препарата: чем больше доза, тем более выраженными являются изменения. Неионный омнипак-300 по сравнению с ионным билиграфинном оказывает меньшее влияние на гематологические показатели крови.

M. Zheney, Zh.I. Kazyev

CHANGES GEMOTOLOGICAL INDEXES RABBIT BLOOD AT USE X-RY
CONTRASTING MEANS OF OMNIPAK-300 AND BILIGRAFIN.

Ionic biligrafin and not ionic omnipak-300- on haematological indicators of blood of rabbits. The carried-out researches showed that extent of change in the maintenance of indicators studied by us depends on a dose of an entered preparation: than it is more, the changes especially expressed. Not ionic omnipak-300 in comparison with ionic biligrafin makes smaller impact on gematology indicators of blood.

ӘОЖ 636

Ж.Ж. Құлжаева, Д.С. Шыныбаев

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚ МЕРИНОС ҚОЙ ТҰҚЫМЫ ҚОЗЫЛАРЫНЫҢ
ЖҮН САПАСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада алғаш рет оңтүстік қазақ меринос қойларының қозы жүнінің физикалық-технологиялық көрсеткіштері толығымен зерттелінді. Бұрынғы зерттеулер тек жүн салмағы мен ұзындығын анықтаумен шектелінген ал, басқа көрсеткіштері зерттелінбеген. Зерттеу нәтижесінде оңтүстік қазақ меринос қойларының қозы жүнінің физикалық-технологиялық көрсеткіштері ірі қойлардың жүнінің физикалық-технологиялық көрсеткіштерінен кем болмайтындығы көрсетілді.

Кілт сөздер: қазақ меринос қойлары, жүн, жүн салмағы, қозы, өнімділік

В статье анализируются биоморфологические признаки и свойства скороспелых номеров люцерны. Рекомендуемые номера для дальнейшего использования в селекции отличаются высокими показателями по всем селективируемым признакам, в т.ч. и по урожайности зеленой массы 98,1-109,5 ц/га, что превышает стандарт на 10,8-22,2 ц/га или 12,4-25,4%.

Ключевые слова: люцерны, селекция, номер, зеленая масса, урожай.

B.A. Absatova, A.K. Tazhenova, B.Zh. Tatebaev, G.A. Mirzabaeva, S.S. Saduakasov

PRODUCTIVITY THE GREEN MASS AND SIGNS VALUABLE HAVE BEEN OF EARLY NUMBERS THE ALFALFA.

In article biomorphological signs and properties of early numbers of a lucerne are analyzed. Recommended numbers for further use in selection differ high rates on all selektivuyemy signs, including and on productivity of green material of 98,1-109,5 c/hectare that exceeds the standard on 10,8-22,2 c/hectare or 12,4-25,4%.

Key words: alfalfa, selection, number, green mass, production.

Б.А. Абсатова, А.К. Таженова, С.С. Садуақасов

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖОҢЫШҚА СЕЛЕКЦИЯСЫНА ҚАЖЕТТІ БАСТАПҚЫ МАТЕРИАЛДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ-ҚҰНДЫ БЕЛГІЛЕРІ МЕН ҚАСИЕТТЕРІ

Аңдатпа. Жоңышқаның тәлімі егіске арналған сорттары Оңтүстік Қазақстанның шөл және шөлейт аймақтарында мал азығын өндіру үшін аса қажет. Осыған байланысты әлемдік ген қорынан алынған үлгілердің шаруашылық-құнды белгілері мен қасиеттерінің орымдар мен басқа да биотикалық және абиотикалық жағдайларда орын алатын өзгермелілігін селекциялық жұмыста тиімді пайдалану мақсатында коллекциялық питомникте кешенді зерттеулер жүргізілді. Сұрыпталған үлгілерді мұқият бағалау және жіктеу нәтижесінде ерте пісетін топ оқшауланып алынып, өнімділік және басқа ерекшеліктері бойынша эксперименттік деректері талданды. Оның жоғары өнімділігі анықталды. Ген қорының к-4116, к-8455, к-8946, к-5976, к-45081 және басқа үлгілері үшжылдық орташа 91,3-103,4 ц/га көкбалауса өнімін беріп, стандарттан 4,0-16,1 ц/га немесе 4,6-18,4% асып түсті.

Кілт сөздер: жоңышқа, селекция, сорт, стандарт, көкбалауса.

Кіріспе. Оңтүстік Қазақстанның шаруашылықтары жоңышқаның өнімділігі, сапасы және протеин шығымы жоғары, қоршаған ортаның биотикалық және абиотикалық жағдайларына төзімді сорттарына айтарлықтай сұраныс танытуда. Сондықтан селекциялық зерттеу жұмыстары тәлімі және суармалы аймақтар үшін шалғындық және жайылымдық сорттар шығару мақсатымен жүргізілуде.

Осы аймақтың тәлімі жағдайында жүргізілетін жоңышқа селекциясына қажет бастапқы материалдың шаруашылық-құнды белгілері мен қасиеттерін бағалау барысында қалыпты жылдары алынған эксперименттік деректерді салыстырғанда пішені ерте пісетін үлгілердің екі орымы да ылғал жеткілікті уақытта қалыптасатыны байқалды. Орта мерзімде пісетіндердің 2-ші орым өнімі мамырдың екінші онкүндігіндегі құрғақшылық әсерінен айтарлықтай төмендеген. Кеш пісетін үлгілер 2-ші орымды маусымның басында орын алатын ыстықта қалыптастырып, пішен мөлшерін күрт кеміткен, ал өте ыстық, құрғақ және қолайсыз жылдары бір-ақ орым берген.

Жоңышқаның әлемдік ген қорынан алынған үлгілердің шаруашылық-құнды белгілері мен қасиеттерінің жоғарыда аталған орымдар мен басқа да биотикалық және абиотикалық жағдайларда орын алған өзгермелілігін бұдан әрі жан-жақты талдау нәтижесінде олардың пішен өнімі мөлшерінің ауа райы жағдайларымен ғана емес, вегетациялық кезең ұзақтығымен де тығыз байланыста болатыны анықталды. Бұл деректер бойынша жазы ыстық және құрғақ аймақтарда жоңышқа сортының пішен өнімі неғұрлым ерте пісетін болса, соғұрлым оның мөлшері де жоғарылай түсетіні туралы қорытынды жасалды [1].

Жоңышқа сорттары әртүрлі аймақтарға таралу нәтижесінде жекелеген популяцияларға айналып, морфологиялық және генетикалық сипаттары бойынша экологиялық жағдайларға байланысты ерекшеленетін биологиялық типтер түзетіні анықталған. Осындай іргелік қағидалар мен заңдылықтарға сүйенетін жоңышқа селекциясында бастапқы материалды тұтас популяциялар немесе дараланған нысандар күйінде пайдаланудан гөрі сұрыпталатын ген аллельдері доминантты гетерозиготалық

күйдегі жеке биологиялық типтерге не гомозиготаланған инцухт-желілерге жіктеу әдістерімен сұрыптау тиімділігі дәлелденген [2].

Материалдар мен әдістер. Жоғарыда келтірілген негіздемеге сәйкес біздің селекциялық жобамыз бойынша зерттеулік тәжірибелер Н.И. Вавилов атындағы Ресейлік өсімдіктану және В.Р. Вильямс атындағы Ресейлік мал азығы ғылыми-зерттеу институттарының биотиптер сұрыптау және олардың комбинациялық қабілетін поликросс-тест будандастырумен бағалау әдістемелері бойынша жүзеге асырылуда.

Егістік жұмыстар Красноводопад селекциялық станциясының тәлімі тәжірибе учаскесінде салынған коллекциялық питомникте Н.И. Вавилов атындағы Өсімдік ген ресурстары тәжірибе станциясынан (Шалқар қаласы) алынған 360 жоңышқа үлгісін бағалаумен жүргізілді. Питомник 2009 жылы тәлімі жерде, көктемде, бүркеусіз, 3 қайталаумен салынды. Стандарт - Красноводопадская скороспелая сорты.

Мақалада 2010-2012 жж. жүргізілген зерттеулердің материалдары пайдаланылды. Эксперименттік деректер бір факторлық дисперсиялық талдау әдісімен өңделді. Тәжірибелерден алынған мәліметтердің дәлдігі жоғары, қателері далалық және егістік ғылыми-зерттеулерге қойылатын талаптар деңгейінен аспайды. Сондықтан жұмыс нәтижелері сенімді болып табылады.

Красноводопад селекциялық станциясының тәлімі тәжірибе учаскесі Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылсарқырама ауылында орналасқан. Оның топырақ жабындысы кәдімгі сұр топырақ, құрамы құмдауыт-балшықты, шіріндісі аз және құнары төмен. Жер телімі шөлейт аймақта жатқанына байланысты мұндағы климат жағдайлары қатаң континентальдық болып табылады.

Зерттеу нәтижелері. Коллекциялық питомникте 2010, 2011 жж. екі, 2012 ж. бір орым көкбалауса алынды. Жоғары өнімділігімен к-4116, к-8455, к-8946 к-5976, к-45081 және басқалары ерекшеленді. Аталған үлгілер үшжылдық орташа 91,3-103,4 ц/га немесе стандарттан 4,0-16,1 ц/га, яғни 4,6-18,4% асатын көкбалауса өнімін берді (1-кесте).

1-кесте. Жоңышқаның көкбалауса өнімділігі жоғары үлгілері, ц/га.

Үлгі	Шыққан жері	Жыл			Орташа	
		2010	2011	2012	X	стандартқа, %
Красноводопадская скороспелая – ст.	Қазақстан	96	110	56	87,3	-
к-4116	Өзбекстан	114	134	63	103,4	118,4
к-8455	Түркменстан	108	122	68	99,3	113,7
к-5676	Италия	112	124	62	99,3	113,7
к-45081	Грузия	110	116	57	94,3	108,0
к-8946	Қазақстан	90	134	56	93,3	106,9
к-5964	Италия	108	124	47	93,0	106,5
к-5991	Кіші Азия	95	122	58	91,7	105,0
к-30086	Армения	95	123	56	91,3	104,6
ETA _{0,05} , ц		3,8	4,1	3,9		

Фенологиялық бақылаулар мен биометриялық өлшеулер 2009-2012 жж. жасалды. Деректер дисперсиялық талдау әдісімен сарапталды. Үшжылдық зерттеулер нәтижесінде жасыл массасының өнімділігіне қарай 15 үлгі іріктелді, олар стандарттан орта шамамен 3,5-16,1 ц/га асты. Фенологиялық бақылау нәтижесінде өсіп-даму қарқынына қарай 25 үлгі сұрыпталды. Стандартпен салыстырғанда ерте 16, орта мерзімде 50 үлгі, ал басқалары кештеу гүлдеуімен сипатталды.

Нәтижелерді талдау және қорытынды. Пайдаланыстағы Красноводопадская скороспелая суармалы егіске арналған, ал тәлімі жерде өсірілетін Семиреченская местная сорт болып 1932 жылы ресімделгенімен, бұған дейін ғасырлар бойы табиғи қалыптасқан және құрамының ала-құлалығы мол көне популяция. Осы себептерден ол орымға өте кеш пісіп жетіледі және пішен өнімі мен сапасы да төмен. Жоғарыда аталған аймаққа ұсынылған бұдан басқа сорт жоқ. Осындай өндіріс сұраныстарына сәйкес Қазақстанның оңтүстік аймағында жүргізілетін жоңышқа селекциясы міндеттерінің бірі тәлімі егіс үшін вегетациялық кезеңі қысқа, яғни ерте пісетін жоңышқа сорттарын шығару болып табылады. Бұған қоса, шығарылатын жаңа жоңышқа сорттары мен будандары ауыспалы егіс айналымында өсіру және эрозияға ұшырап, шаруашылық пайдаланысынан қалған жерлерді қайта өңдеп, топырақ құнарын қалпына келтіріп, шалғыны қалың шабындық-жайылым алқаптарына айналдыру үшін тиімді болуы қажет.

Красноводопад селекциялық станциясында жүргізілетін жоңышқа селекциясы бойынша тәжірибелерде шаруашылық құнды белгілері жоғары деңгей көрсеткен бастапқы материал сұрыпталды. Питомникте өнімділікті өлшеумен қатар алғашқы иммунологиялық бағалау өткізіліп, қоңыр теңбілдік ауруына төзімділігі 5 баллмен бағаланған 4 үлгі бөлініп алынды (к-4116, к-8946, к-5976 және к-6231). Бұл үлгілер жаңа сорттардың иммунитетін жақсарту үшін ұсынылады.

2010 және 2012 қуаңшылық жылдары үлгілердің басым көпшілігі тұқым түзуге қабілетсіздік көрсетті. Бақылау, өлшеу және алынған деректерді талдау нәтижесінде жергілікті селекциялық материалдардан алынған 25 үлгі ғана бұршақ байлап, тұқым өнімін беретіні белгілі болды.

Көпжылдық зерттеулердің нәтижесі бойынша селекциялық жұмыстың бастапқы материалы ретінде көкбалауса өнімділігі 91,3-103,4 ц/га немесе стандарт Красноводопадская скороспелая сортынан 4,0-16,1 ц/га, яғни 4,6-18,4%, ал тұқым өнімділігі 0,35 ц/га немесе 24,1% дейін жоғары болған к-4116, к-8455, к-8946, к-5976, к-45081 және к-30086 үлгілері сұрыпталды.

Әдебиеттер

1. Татебаев Б.Ж. Оңтүстік Қазақстанда суармалы жерде егілетін жоңышқа сорттары// Международная научная конференция «Актуальные проблемы и пути развития животноводства и кормопроизводства Республики Казахстан». - Алматы, 2011. - С. 248-251.
2. Садвакасов С.С. Селекция, гетерозис и иммунитет люцерны. – Алматы: Бастау, 2002. - 184 с.

Б.А. Абсатова, А.К. Таженова, С.С. Садуақасов

ХОЗЯЙСТВЕННО-ЦЕННЫЕ ПРИЗНАКИ И СВОЙСТВА НЕОБХОДИМОГО ДЛЯ СЕЛЕКЦИИ ЛЮЦЕРНЫ ИСХОДНОГО МАТЕРИАЛА

В статье приведены показатели хозяйственно-ценных признаков к-4116, к-8455, к-8946 к-5976, к-45081 и других образцов люцерны, отобранных в качестве исходного материала селекции.

Ключевые слова: люцерны, селекция, сорт, стандарт.

B.A. Absatova, A.K. Tazhenova, S.S.Saduakasov

ECONOMIC AND VALUABLE SIGNS WHICH HAVE BEEN AN INITIAL MATERIAL OF SELECTION THE ALFALFA

In article indicators of economic and valuable signs K-4116, K-8455, K-8946 K-5976, K-45081 and of her samples of the alfalfa which have been selected as an initial material of selection are given in article.

Key words: alfalfa, selection, variety, standart.

ӘОЖ 556.1

Б. Алимбаева, Л. Табынбаева

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ СФЕРАСЫНДАҒЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа. Инновацияның және инновациялық шығармашылықтың ролі мемлекеттің дамуына және коммерциялық кәсіпорындардың табысты болуына маңызы зор. Инновация-нәтижелі бағдарлама және бәсекелестік қабілет болып табылады. Экономикалық дамудың қалыпты жылжымалы факторы ретінде инновациялық белсенділіктің маңызы зор.

Кілт сөздер: инновация, инновациялық технология, жерге орналастыру.

Инновацияның дамуында маңызды заңдылықтарды шығаруда, оның қайнар көздерін, факторларын, әлеуметтік – экономикалық нәтижелерінің сай екендігін анықтауда «жана өнім – жана технология» өзара байланысын және өзара әрекетін зерттеу кең мүмкіншілікке ие.

Инновацияның пайда болуы - ол тәжірибелік іс әрекет ғылыми білімнің азды-көпті белсенділігінің қолдана басталған уақытынан есеп алады.

XVIII ғасырда француз ағартушысы Жан Кондорез білім мен өнеркәсіп арасындағы өзара байланысқа көңіл бөлген.

Ол былай деп белгілеген: ғылымның үрдісі өнеркәсіптің үрдісін қамтамасыз етеді, ол ғылымның жетістігін жылдамдатады және осы өзара әсері, іс әрекеттің жанаруына, адам ұрпағының жетілуіне іс әрекетті және күшті себеп болып табылады. Ол сонымен қатар жалпы ғылыми білімге сүйене отырып, «әрбір буынға сол бір аралықтағы уақыт ішінде, сол бір ойлау күшімен табуға болатын білім жиынтығының өсуі бірдей болып келеді» деген тұжырымдамаға келген.

Қазіргі әлемдегі инновацияның және инновациялық шығармашылықтың ролі мемлекеттің дамуына және коммерциялық кәсіпорындардың табысты болуына маңызы зор. Инновация-нәтижелі бағдарлама және бәсекелестік қабілет және оны жасаудағы маңызды құралы бола отырып, базалық элементтің біреуі болып табылады. Экономикалық дамудың қалыпты жылжымалы факторы ретінде инновациялық белсенділіктің маңызы сақталады.[1]

Инвестицияның объектісі ең үлкен серпінді береді, бұл жаңа технологиялар

секторындағы ұзақ мерзімді перспективалық инвестиция тұрғысынан өнімді болып келеді. Осылай бола отыра, жаңа технология секторына салым салу тәуекелге бару болып табылады, осы себепті альтернативті апробацияның төмендеп және жалпы белгісіздіктің өсу мүмкіндігіне әкеледі. Сондықтан шындығында инвестицияның өсімді және жетілген технологиясы, әдетте мақұлданады.

Бірақ та, соңғысына салым салу капиталдың шамадан тыс жинақталуына әкелуі мүмкін, яғни ұзақ мерзімді перспектива тұрғысынан олар аз өнімді болып келеді. Ағымдағы конъюктураға бағыт алу, көптеген инвесторлардың құрылымы капиталы шығынының пайда болуына, өндірістің көлемінің өсу темпінің құлауына және еңбек өнімділігіне әсерін тигізеді [1].

Инновацияға экономиканың өсу динамикасының екеуі де әсер етеді: бір жағынан экономиканың кеңеюіне мүмкіндіктер ашса, ал екінші жағынан дәстүрлі бағыттарда басқа жағынан кеңеюіне кедергі болады. Инновация экономикалық тепе теңдікті бұзады, белгісіздік пен кедергіні экономикалық динамикаға енгізеді. И. Шумпетер бойынша инновация, экономикалық жүйенің бұзылуымен қатар бірінен келесі жайтқа өтуге жағдай жасайды.

Инновациялық компанияның бағдарламасы, мекеме тапсырмаларына байланысты өндіріледі, ол нарықтағы функциясын есепке ала отырып, шешу керек, іс әрекет спецификасы, бәсекелестік қабілетінің мүмкіншілігі, бұлардың бәрі инновациялық потенциалды қамтамасыз етеді.

Кең тарағандары:

- Шабуылдық бағдарламасы, оның мақсаты жаңа енгізудегі жоғарғы шығынды қажет ететін, нарықта көшбасшы позициясын қамтамасыз ету;
- Қорғаныс көшбасшыдан қалыспау, ұстану, оның жаңалығына бірігіп және бірнеше өзгертулер енгізу (бұл инновацияның үрдісіне кететін шығынды азайтады);
- Тәуелді мекеме инноваторларының жұмыс жасау келісім шарты негізінде компанияның өз-өзін сақтау;
- Дәстүрлі тіршілік үшін күрес, консервативті технологияларды пайдаланып жаңалыққа аз шығын жұмсау;
- Имитациялық көшбасшылардың соңынан жүру, жаңалық енгізуде үлкен шығын шығармай көшбасшының іс әрекетін жасау.

Кәсіпкерлер экономикалық конъюктураны басшылыққа алып таза табысқа бағытталады да, ұзақ мерзімді техникалық даму альтернативасын есепке алмайды. Олар радикалды инновацияны жүргізуге тек дәстүрлі бағыттағы инвестициялардың нәтижесі күрт құлаған кезде кіріседі, бұл кезде қалдық күші жиналады да экономиканың терең, созылмалы депрессияға түсуінен шығар жол жоқ болады.[2]

Жерге орналастыру - ол тек жер учаскесіне құжат дайындау қызметі ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің кірісінің қайнар көзі – жер салығы, жер учаскесін жалға беру басқа экономикалық секторларда жерге орналастыру жұмыстары жергілікті жерде орналасу шекарасын, ауданын, жер пайдалануын, жер пайдалану шекарасын, қалпына келтіру мақсатында жүргізіледі. Геодезиялық жұмыс жер учаскесіне құқықты тіркеу жолындағы бастапқы этапы болып табылады, себебі тіркеу үшін жер учаскесінің кадастрлық жоспары керек.

Жоғарыда аталған нарықтағы жерге орналастыру мекемесі, геодезиялық функциясының мөлшерінің басты жағдайының бірі ол топографиялық геодезиялық өзекті мәліметтердің ағымдағы өзгерістерге сай әрдайым жаңаратын сандық деректер жасауда 2 жыл бұрынғы деректерді алсақ деп айтпаса да болады, себебі ол бар мағынасын жоғалтады, ол жердің жағдайы апта сайын және әрдайым өзгеруі мүмкін, жаңадан жаңа ғимарат, коммуникация салынуы мүмкін немесе жаңа учаскелер өлшеніп түсуі мүмкін.

Жер жағдайының тез арада өзгеріп тұру салдарынан дәстүрлі әдіспен түсірілген

топографиялық түсірістердің мәліметтері дала жұмыстарының өлшеулері кезінде-ақ ескіріп кетуі мүмкін, әсіресе ірі объектілермен жұмыс істегенде. Аэрофототүсірістен әрдайым жаңа мәліметтер алуға болады, бірақ ол өте қымбатқа түседі, мәліметтердің актуализациясы үрдісінде барлық мәселені шешпейді. GPS қондырғысының бағасы қымбат. Дербес GPS қабылдағыш көлеміндей қондырғы геодезиялық жұмыстарды орындауда үлкен күшті және барынша иілгіш болып келеді. Күшті GPS қабылдағыш сантиметрлік дәлдікті нәтижені қамтамасыз етеді. ГАЗ мәліметтерін жинауда және геодезиялық түсірістердегі жоғарғы талаптарға сай келеді. Дала түсірістерінің мәліметтерін камералдық өңдеудегі соңғы шешім, түсірістерді орындау функциясы бар және қолданбалы есептерді шешудегі дайын жүйе.

SR20 әртүрлі өндіріс шығындарын орындаудағы бағдарлануы мүмкін және геодезиялық пункттерді іздеу кезінде жай новигатор немесе базалық GPS бекеті ретіндегі геодезиялық GPS қабылдағыш ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ, ол ГАЗ мәліметтерін жинауда объектінің бейнеленуі және атрибуты SR 20 қабылдағышынан бұрын модернизациялануы мүмкін. Осы уақыт режимінде түсірістерге қосымша ұялы телефоннан немесе басқа құрылғыны қолдануға болады.[1]

Қондырғыны ауыстыру нәтижесінде аналогты жүйе сандық жүйеге өтіп беріледі. Сөйтіп белгі беру жылдамдығымен сапасы біршама жақсарып жоғарғы жылдамдықтағы мәлімет беру жаңа қызмет түрімен қамтамасыз етеді. Геодезиялық бөлімнің атқаратын жалпы жұмыс көлемінің көп бөлігін заңды және жеке тұлғалардың жер учаскелерінің топографиялық түсірістері алады. Әдетте бұл кішірек, орташа учаскелердің сметалық бағасы орташа және ауыр жағдайдағы түсіріс (құрылыс, бұрылыс нүктелерінің санының көп болуы).

Сондықтан инновациялық технология берілген ақпаратты өңдеу, жинау технологиясы негізіне жатады. Берілген өңдеу әдісі жерге орналастыруды ұтымды қолдану, сапасын арттыру, экономикалық көрсеткіштерін жақсарту (рентабельділікті жақсарту) және әртүрлі тапсырыс берушілерге жоғарғы сападағы қызмет түрін кеңейту мүмкіндігін арттырады [1]. 1-кестеде жүйені пайдаланудағы нәтижесіне талдау көрсетілген.

1-кесте. GPS жүйесінің қолдану нәтижесінің көрсеткіштерінің бағасы

Объектінің типі	Жұмыс орындау уақыты күн/дәстүрлі мамандардың саны қондырғымен	Жұмыс орындау уақыты күн/мамандардың саны GPS қондырғымен	Еңбек шығынын үнемдеу адам/күн
Ірі (террикон түсірісі, жасыл жамылғы, қала сырт. Уч, көлік жолдары)	20/3	9/2	42
Орташа(топографиялық) Түсіріс ауданы 12 га дейін	6/2	2/2	8
Кішігірім (топографиялық түсіріс жер уч.)	2/2	1/2	2

1-кестедегі мәліметтер жаңа қондырғыларды енгізу тиімді, ол дала жұмыстарының еңбек көлемін 37% төмендетеді, ал еңбек өнімділігін 40,7% арттырғанын көрсетеді.

Көріп отырғанымыздай GPS қабылдағыштарын қолдану кезіндегі максималды берілу үлкен объектімен жұмыс кезінде жетеді. GPS қабылдағыштың жұмысының ерекшеліктерін ескере отырып (жер серігі сигнал қабылдағыштарының мүмкіндігі жоқ жерде, көптеген кедергілер болуы мүмкін, мысалы электронды тахеометрді қолдана отырып, әртүрлі әдістермен түсірісін қолданғанда) жер бетіне объектіні шығару үшін учаскені бөлу және кварталды бөлу кезінде бірінші 2,3 нүктені негіз ретінде түсіреміз, ал қалған жұмыстар электронды оптикалық құрылғымен жасалады, сондай-ақ, жалпы трасса

іздеу қолдану жұмысын орындауда мерзімін қысқарту. Дөңгелете жүргізу әдісін қолдана отырып, қазіргі уақытта трасса іздеуші жерасты коммуникацияларының типін анықтау мүмкіндігін көруге болады. Осы технологияның арқасында зерттеліп отырған территорияны зикзакпен жүргізудің қажеті жоқ. Маманға тек тетігін басып коммуникацияның типін таңдау керек, ал қондырғы оны өзі табады, ол жер асты трассасына қатысып қолданушының бағытынсыз дисплейде көрсетіледі. Аталған инновациялық бағдарламалар әрқайсысы жеке реализация немесе жағдайға байланысты меншікті және қарыз қаражаты есебінен. Зерттеліп отырған мекеме өзінің инновациялық бағдарламасын егер де нарық сұранысын қанағаттандырса, керемет ұсыныстар табуға қабілетті және нарықта ұсыныстарды қанағаттандыруға сенімді агентті жүйесі болса ғана анықтай алады.

Бағдарлама фирманың инновациялық іс әрекет формасын анықтайды, бұл мақсатқа жету барысындағы нәтижелі әрекет. Бұнымен қатар жаңа нарықтағы технологиялар игеріліп «ескі» өнімде шығарылады. Ондай үйлесім мекеменің белгілі бір төзімділік қорын құрады және ол ұйымның дамуына оң әсерін тигізіп тиімді түрде ресурстарды қайта орналастыруды қамтамасыз етеді.[3]

Әдебиеттер

1. Ефремова Т.Ю. Некоторые аспекты инновационной стратегии предприятия в сфере землеустройства. Материалы конференции молодых ученых. Южно-Российский государственный университет экономики и сервиса. 2009г.
2. Аньшин В.М., Дагаева А.А. Инновационный менеджмент [Текст]: учебное пособие для вузов/ Аньшин В.М., Дагаева А.А. - М.: Дело, 2003-528с.
3. Фатхутдинов Р.А. Инновационный менеджмент [Текст]: Учебное пособие для вузов/ Р. А. Фатхутдинов. — СПб.: Питер, 2003.

Л.К. Табынбаева, Б. Алимбаева

ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ ИННОВАЦИОННОЙ ПРОГРАММЫ В СФЕРЕ ЗЕМЛЕУСТРОЙСТВА

Исследование взаимосвязи и взаимодействия «новая продукция - новая технология» открывает широкие возможности для выявления важных закономерностей развития инноваций, источников их возникновения, факторов, их определяющих и соответствующих социально-экономическим результатам. В современном мире инновации и инновационная деятельность приобретают большое значение для развития страны и для успешной деятельности коммерческих предприятий. Инновации являются одним из базовых элементов эффективной стратегии и важным инструментом создания и поддержания конкурентных преимуществ.

L.K. Tabynbaeva, B. Alimbaeva

BASIC ASPECTS OF INNOVATIVE PROGRAM IN THE FIELD OF ORGANIZATION OF THE USE OF LAND

Research of intercommunication and cooperation is "new products - NT" opens wide possibilities for the exposure of important conformities to law of development of innovations, sources of their origin, factors their qualificatory and corresponding to the socio-economic results. In the modern world of innovation and innovative activity acquire a large value for development of country and for successful activity of business enterprises. Innovations are one of base elements effective strategy and by the important instrument creation and maintenance of competitive edges.

М.А. Алимбетов¹, Т.Е. Айтбаев², О.А. Укибасов¹

*Казахский национальный аграрный университет¹
Казахский научно-исследовательский институт²
картофелеводства и овощеводства*

ПРОДУКТИВНОСТЬ СОРТОВ ЧЕСНОКА ОЗИМОГО В ЗАВИСИМОСТИ ОТ СХЕМ ПОСАДКИ НА ЮГО-ВОСТОКЕ КАЗАХСТАНА

Аннотация. В данной статье приведены предварительные результаты научно-исследовательских работ по изучению влияния различных схем посадки озимого чеснока на его продуктивность.

Ключевые слова: чеснок, семейство луковых, КазНИИКО, сорта озимого чеснока, схема посадки, срок посадки, междурядие, урожайность луковиц, валовой сбор.

Введение. Чеснок является ценной овощной культурой. Наряду с другими видами овощей семейства луковых (репчатый лук, шалот, многолетние луки), чеснок занимает важное место в питании человека как источник аскорбиновой кислоты и других витаминов (А, В₁, В₂, В₆, Д, РР), сахаров, эфирных масел, минеральных солей калия, магния, фосфора, железа и других металлов. В луковицах (зубках) чеснока обнаружено 16-18 аминокислот, в т.ч. очень важные для обмена веществ в организме человека – лизин, лейцин, фенилаланин и другие. Фитонцидные свойства чеснока делает его весьма полезным, лечебным продуктом.

Согласно данным Казахской академии питания, газовая норма потребления чеснока на одного жителя республики равна 2 кг, а в масштабе республики общая потребность на все население составляет около 34 тысяч тонн.

Посевные площади чеснока в Республике Казахстан составляют около 1000 га. При этом основные массивы приходятся на озимый чеснок. Яровой же чеснок занимает ограниченные площади. Средняя урожайность чеснока колеблется в пределах 12-15 т/га. Валовые сборы по республике составляют порядка 15 тыс. т, что не покрывает потребность республики. В последние несколько лет цены на чеснок остаются самыми высокими по сравнению с другими видами овощей, колебаясь в пределах 300-1500 тенге за 1 кг. Для производства требуемого объема чеснока (~34 тыс.т), соответственно стабилизации цен на доступном уровне (150-250 тенге/кг) необходимо расширить посевные площади культуры и продуктивность полей. Чтобы полностью обеспечить всю потребность в этом овощном продукте, необходимо расширить посевные площади и повысить продуктивность чеснока. Одним из эффективных, действенных мер для этого является использование высокопродуктивных сортов и сортовых агротехнологий культуры.

Учитывая значимость вопросов, связанных с увеличением производства чеснока, нами в 2011 году начаты исследования по изучению влияния различных агроприемов на урожайность, качество и сохраняемость разных сортов озимого чеснока в почвенно-климатических условиях юго-востока Казахстана. Опыты заложены на полевом стационаре лаборатории генофонда Казахского научно-исследовательского института картофелеводства и овощеводства (КазНИИКО), находящегося в предгорной зоне юго-востока Казахстана на высоте 1050м над уровнем моря.

Материалы и методы. Объекты наших исследований - сорта озимого чеснока казахстанской селекции - Арман, Заилийский и Ники, агротехнологии. Изучаются различные схемы и сроки посадки, нормы минеральных удобрений и гербициды для уничтожения сорной растительности на данных 3 сортах чеснока.

Почва опытного участка – предгорная темно-каштановая, среднесуглинистая. В пахотном слое почвы содержится 0,18-0,20% общего азота, 0,19-0,20% валового фосфора, 2,3-2,04% валового калия. Почва среднеобеспечена подвижными формами питательных веществ.

Основные агротехнические приемы на опытных участках чеснока осуществлены в соответствии с рекомендациями КазНИИКО.

Результаты исследований. В данной статье приведены предварительные результаты научно-исследовательских работ по изучению влияния различных схем посадки озимого чеснока на его продуктивность.

Варианты опыта:

- 1) Посадка по схеме 45x8 см однострочно;
- 2) Посадка по схеме 60x8 см однострочно;
- 3) Посадка по схеме 70:2x8 см двустрочно.

По данной схеме посажены 3 сорта озимого чеснока – селекции КазНИИКО – Арман, Заилийский и Ники.

Результаты полевых опытов, приведенные в таблице, четко отражают взаимосвязь продуктивности чеснока со схемой выращивания культуры.

Обсуждение результатов. Установлено, что традиционный способ возделывания озимого чеснока по схеме 45см x 8см обеспечивает достаточно высокие урожай луковиц. Увеличение междурядий с 45см до 60см при том же расстоянии между растениями (8 см) приводит к заметному снижению продуктивности чеснока. Следует отметить, что нередко в хозяйствах практикуется возделывание чеснока с междурядием 60см. Это обосновано с необходимостью механизированной обработки междурядий и удобством проведения бороздкового полива по сравнению со схемой 45x8см. Положительное влияние на увеличение урожайности культуры оказало возделывание культуры по схеме 70x8:2, т.е. двустрочно с междурядием 70 см и расстоянием между растениями в ряду 8 см. Такая закономерность отмечена по всем трем изученным сортам озимого чеснока.

В опытах с сортом Арман на контрольном варианте (схема 45x8 см) получена 19,57 т/га валового урожая. При посадке озимого чеснока осенью по схеме 60x8 см урожайность зубков в период уборки (июль) равнялась 16,44 т/га. Здесь заметно явное снижение урожая культуры. По сравнению с контролем продуктивность условного гектара уменьшилась на 3,07 т/га или на 16,0%. При третьем варианте, где чеснок выращивали при широком междурядии (70 см), но двустрочно, с расстояниями 8 см в ряду между растениями, получена наибольшая урожайность луковиц (зубков) – 21,70 т/га. При этом дополнительный урожай чеснока к контролю составил 2,13 т/га (10,9%).

В опытах с сортом Заилийский уровень урожая чеснока был несколько ниже по сравнению с другими сортами. В то же время наблюдается существенное различие в формировании урожая луковиц в зависимости от схемы выращивания культуры. Валовой сбор с 1 га (условная площадь) составила при схеме 45 см x 8 см (однострочно) - 18,32 т/га, при схеме 60 см x 8 см (однострочно) – 15,64 т/га, при схеме 70 см x 8 см (двустрочно) – 20,63 т/га. В процентном выражении разница в урожае равнялась таким показателям: 100,0%; 85,4% и 112,6%.

Аналогичные тенденции изменения урожайности озимого чеснока отмечались и в опытах с новым сортом селекции КазНИИКО – Ники (районирован с 2011г). Так, на контрольном варианте, где посадочный материал чеснока высажен однорядно по схеме 45 x 8 см, урожайность луковиц составила 20,75 тонн с 1 гектара. На варианте 2, где

междурядие чеснока составило 60 см, уровень урожая снизился на 4,35 т/га или 21,4% и составил 16,30 т/га. При возделывании по схеме (70:2)х8 см сорт Ники обеспечивал наибольший урожай луковиц среди всех опытов – 23,89 т/га. При этом прибавка урожая к контролю составила 3,14 т/га или 15,1%.

Таблица 1 – Урожайность чеснока озимого в зависимости от схемы посадки и сорта культуры

Варианты опыта	Урожайность луковиц чеснока, т/га*	разница по урожаю контролю	
		т/га	%
сорт Арман			
1) Посадка по схеме 45х8 см однострочно (контроль)	19,57	-	100,0
2) Посадка по схеме 60х8см однострочно	16,44	- 3,07	84,0
3) Посадка по схеме 70:2х8 см двустрочно	21,70	+ 2,13	110,0
сорт Заилийский			
1) Посадка по схеме 45х8 см однострочно (контроль)	18,32	-	100,0
2) Посадка по схеме 60х8 см однострочно	15,64	- 2,68	85,4
3) Посадка по схеме 70:2х8 см Двустрочно	20,63	+ 2,31	112,6
сорт Ники			
1) Посадка по схеме 45х8 см однострочно (контроль)	20,75	-	100,0
2) Посадка по схеме 60х8 см однострочно	16,30	- 4,35	78,6
3) Посадка по схеме 70:2х8 см двустрочно	23,89	+ 3,14	115,1
Примечание – свежесобранные луковицы (без усушки веса).			

Выводы. Положительное влияние на увеличение урожайности культуры оказало возделывание культуры по схеме 70х8:2, т.е. двустрочно с междурядием 70 см и расстоянием между растениями в ряду 8 см. Такая закономерность отмечена по всем трем изученным сортам озимого чеснока.

Таким образом, по нашим предварительным результатам, возделыванием озимого чеснока с междурядием 70 см двустрочно при расстоянии между растениями в ряду 8 см является высокоэффективным агроприемом и обеспечивает в 11-15% прибавки урожая луковиц.

Литература

1. Эренбург П.М., Лахин А.С. Лук и чеснок. – Алма-Ата: Кайнар, 1971. -144с.
2. Өтешқалиев А. Қызанақ, пияз, сарымсақ дақылдары және олардың емдік, тағамдық қасиеттері – Алматы, 2007. – 112б.
3. Государственный реестр селекционных достижений, допущенных к использованию в Республике Казахстан. – Астана, 2012. - 200с.

М.А. Әлімбетов, Т.Е. Айтбаев, О.А. Үкібасов

ОТЫРҒЫЗУ СҰЛБАЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КҮЗДІК САРЫМСАҚ СОРТТАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІ

Мақалада күздік сарымсақтың Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында өсірілген отандық үш сортының өнімділіктеріне әртүрлі отырғызу сұлбаларының әсерін білдіретін алдын-ала ғылыми-зерттеу нәтижелері келтірілген. Зерттеу жұмыстарының

нәтижелері бойынша әртүрлі отырғызу сұлбаларының сорт өнімділігіне әсері және зерттеуге алынған отандық үш сорт үшін тиімді отырғызу сұлбасы анықталды.

M.A. Alimbetov, T.E. Aitbayev, O.A. Ukibassov

PRODUCTIVITY VARIETIES OF GARLIC IN WINTER DEPENDING FROM PLANTING SCHEMES IN THE SOUTH-EAST OF KAZAKHSTAN

To this article the preliminary results of research works are driven on the study of influence of different charts of landing of winter-annual garlic on his productivity. Various schemes and terms of landing, norm of mineral fertilizers and herbicides for destruction of weed vegetation on these 3 grades of garlic are studied.

ӘОЖ 630*228.7(574.25)

С.С. Баймұханбетов, Қ.Т. Абаева, Е.М. Қаспақбаев

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ «ЛАВАР» СЕЛЕКЦИЯЛЫҚ-ӨНДІРІСТІК БӨЛІМШЕСІНДЕГІ ТЕРЕК БУДАНДАРЫНЫҢ ЖЕРСІНУІ МЕН ӨСУ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа. Мақалада терек будандарының қысқаша сипаттамасы, тәжірибе учаскесіндегі шалғынды-сұр топырақтардың механикалық құрамы мен агрохимиялық сипаттамасы, сонымен қатар көшеттердің жерсінуі мен «Қазақстан», «Қайрат» пен «Қызыл таң» терек будандарынан алынған үлгі ағаштарының таксациялық көрсеткіштері келтірілген.

Кілт сөздер: селекция, терек буданы, тәжірибе, селекциялық-өндірістік учаске, табиғи-климаттық жағдайлар, шалғынды сұр түсті ауыр саздауытты топырақ, карбонат, секция, будандастыру, агрохимиялық сипаттама, таксациялық көрсеткіштер, қалемше, екпе орман, жерсіну, өсіру агротехникасы.

Кіріспе. Қазіргі уақытта еліміздегі орман шаруашылығының жай күйінің нашарлығы, Республикамыз тәуелсіздік алғалы бері анық сезіліп келеді. Соңғы мәліметтерге қарағанда орманның аумағы Қазақстанның жалпы аумағының 4,2 пайызын (01.01.2008 жылғы мәлімет бойынша) құрайды. Бұл өте аз көрсеткіш екені айдан анық. Осыған орай еліміздегі орман шаруашылығын дамыту әліде болса болашақтың үлесіне тигелі отыр.

Қазақстанның оңтүстік-шығысына Алматы облысы да кіреді. Солтүстігімен Шығыс Қазақстан облысымен, шығысында Қытай Халық Республикасымен шектесе, оңтүстігінде Қырғызстанмен, батыс жағымен Жамбыл облысымен шектесіп жатыр. Алматы облысының жалпы аумағы 223,9 мың км²ді құрайды [1].

Орманды көбейту немесе орман екпелерін құру мақсатындағы жасалынып отырған жұмыстар, дәлірек айтқанда тәжірибелік жұмыстар кенестік дәуірдегі ғалымдардың көмегімен екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі уақыттарда бастау алған.

Қазақстанда 1960 жылдан бастап ҚазАШИ (қазір Қазақ ұлттық аграрлық университеті) орман ресурстары және аңшылықтану кафедрасында теректің селекциясы бойынша жоспарлы түрде жұмыс жүргізілуде.

Қазақстанның теректері негізінен су қорғау, топырақ қорғау және эрозияға қарсы маңызы зор. Теректің бір артықшылығы – басқа ағаш түрлеріне қарағанда ірі мөлшерге жетеді. Әсіресе, вегетациялық кезең ұзақтығы, жылу мен жарықтың жеткілікті болу, қолдан суару Орта Азия республикаларында және Қазақстанның оңтүстігінде үлкен мүмкіндік туғызады [2].

Профессор П.П. Бессчетновтың жетекшілігімен енгізілген терек будандарының өсу қуаты жоғары, қоршаған ортаның қолайсыз факторларына төзімді, соған орай орманның өнімділігін жоғарылатуда маңызы зор болып табылады.

Жасалынып отырған зерттеу жұмысында негізгі ағаш ретінде терек будандарының екпелері алынып отыр. Осы уақытқа дейін терек ағашының бірнеше будан түрлері шығарылынып алынды. Бұл кеңестік ғалымдардың көп жылғы тәжірибе жүргізуінің нәтижесі екенін айта кету қажет. Терек ағашына жүргізілген селекциялық тәжірибенің мақсаты: орман қорын толықтыруға және ауыл шаруашылығында қорғаныш орман жолақтарын қалыптастыруға қажетті, тез өсетін әрі тығыз дiңдi сүректер алу [3].

Материалдар мен әдістер. Терек будандарын сынақтан өткізу, оларды зерттеу және көбейту, олардан плантациялық екпелер өсіру жұмыстары карбонат құрамы жоғары шалғынды сұр түсті ауыр саздауытты топырақтардан құралған тау етегі мен шөлейтті аймақта Алматы облысындағы Шелек ауылына жақын орналасқан терек будандарының өсу барысын және өнімділігін анықтау мақсатында «Лавар» селекциялық-өндірістік учаскесінде жүргізілді.

П.П. Бессчетнов пен С.І.Ысқақов зерттеулерінің деректері бойынша коллекциялық учаскеге отырғызылған терек будандарының сипаттамасы келтірілген.

«Қазақстан» буданы РКЛ-284 терегі мен дельта тәрізді теректі будандастыру арқылы алынған. Будандастыру жұмыстары 1963 жылдың ақпан айында кесілген бұтақтарға жылыжай жағдайында жүргізілді. Ботаникалық анықтамасы бойынша қара теректер секциясына жатады.

Жапырағы жүрекше пішінді, ұшы үшкір, ірі, ұзындығы мен ені 14 см-ге жетеді. Ол зиянкестер мен ауруларға, қуаңшылық пен топырақтың тұздылығына төзімді, сабақтың қалемшелерімен жақсы көбейеді.

«Қазақстан» буданы аналық пен аталық формаларына қарағанда өсу жылдамдығы, қуаңшылық пен топырақтың тұздылығына төзімділігі бойынша артықшылығы бар.

12 жасында орташа биіктігі 17,0 м-ге, кеуде биіктігіндегі диаметрі 23,0 см-ге жетеді.

«Қызыл таң» буданы РКЛ-284 терегі мен дельта тәрізді теректі будандастыру арқылы алынған. Будандастыру жұмыстары 1963 жылдың ақпан айында кесілген бұтақтарға жылыжай жағдайында жүргізілді. Ботаникалық анықтамасы бойынша қара теректер секциясына жатады.

Жапырағы ірі, жұмыртқа пішіндес, ұшы ұзындау, ұзындығы 10-12 см және ені 6-7 см-ге жетеді. Ол зиянкестер мен ауруларға, қуаңшылық пен топырақтың тұздылығына төзімді, сабақтың қалемшелерімен жақсы көбейеді (аналық пен аталық формаларына қарағанда артықшылығы бар), өсуі бойынша аталық формасынан баяу болғанымен, аналық формасынан жылдам өседі [3].


Зерттеу нәтижелері. «Лавар» селекциялық-өндірістік учаскесі осындай шараларды жүзеге асыру мақсатында құрылған. Онда ҚазҰАУ-нің профессорларымен көптеген тәжірибелер жүргізілген. Соның нәтижесінде «Қазақстан», «Қайрат», «Қызыл таң», т.с.с. будандары шығарылған. Соған қарамастан, тәжірибеден алынған көптеген ғылыми жетістіктер, шет елдермен салыстырғанда еліміздің орман шаруашылығы саласының сұранысына ілесе алмай келеді. Сол себепті де екпе ормандарды қалыптастыруға баса назар аударып, Қазақстан ормандарын дамыту, орман қорын көбейтуге көп күш жұмсау керек деп ойлаймыз.

«Лавар» селекциялық-өндірістік бөлімшесінің топырағы ойпаттау жер бедерінде орналасқан және суармалы жүйемен қамтамасыз етілген. Жер асты суының тереңдігі 2-4,5 м тереңдікте орналасқан. Топырақты талдау «ҚазОШҒЗИ» топырақ зертханасында жүргізілді және Р.И. Исмаиловтың еңбегінен алынды [4]. Талдау барысында алынған деректер 1-суретте келтірілді.



1-сурет. «Лавар» селекциялық-өндірістік бөлімшесі топырағының агрохимиялық сипаттамасы

1-суреттен көріп отырғанымыздай, шалғынды-сұр топырақтар қарашіріндінің көп болуымен ерекшеленеді, «А» топырақ қабатында қарашіріндінің көрсеткіші 3,57 % болса; тереңдеген сайын құрамы азайып, «В» қабатында – 1,81 болса, «С» қабатында 1,7-ге дейін төмендеген.



2-сурет. «Лавар» селекциялық-өндірістік бөлімшесіндегі шалғынды-сұр топырақтардың механикалық құрамы (өте құрғақ топырақтың пайызы) Механикалық құрамы бойынша шалғынды-сұр әлсіз сортаңды топырақтар ауыр

топырақтарға жатады. 2-суреттен байқағанымыздай, «А» топырақ қабатында мөлшері 0,01 мм-ден кем фракциялардың 58,28 болса, төменгі қабаттарда осы көрсеткіш көбейіп отырады, демек аталып отырған топырақ тұздану типіне қарай сульфатты болып саналады.

Жыл сайын көктемде және күзде санақ жұмыстары атқарылады. Тәжірибе учаскесіндегі «Қазақстан» және «Қайрат» терегінің будандары ағашының жерсінгендерінің санын анықтап, оның биометриялық көрсеткіштері: ағаштың биіктігін өлшеу таяқшасы арқылы 1 см дейінгі дәлдікпен, ағаш діңінің диаметрін топырақ деңгейімен штангенциркуль арқылы 1 мм дәлдікпен және күзде биылғы жылғы өскен өркенін сызғыш арқылы 1 см дәлдікпен есептелінеді. Өсімдікті фенологиялық бақылау жүргізіп, селекциялық зерттеулер жалпы қолданылатын әдістер арқылы атқарылды. Олардың нәтижелері бақылау журналына жазылады.

Зерттеу жұмыстарын орындау үшін бақылау алаңшалары құрылып, бақылау алаңдарындағы ағаштарға санақ жүргізілді, әрбір бақылау алаңындағы теректер кеуде биіктігі бойынша диаметрлері анықталды. Теректердің биіктігі «SUUNNO» Финляндияның биіктік өлшегішімен өлшенді.

1-кесте. Бақылау алаңшасындағы үлгі ағаштардың таксациялық көрсеткіштері

Жасы, жыл	Қазақстан		Қайрат		Қызыл таң	
	D _{1/3}	H	D _{1/3}	H	D _{1/3}	H
5	8,0	12	8,2	12,0	7,8	10,3
10	18,0	22	16,5	19,0	15,2	17,2
15	22,6	28,5	21,5	25,2	18,6	23,8
20	24,5	33,8	23,0	33,5	22,0	30,0

1-кестеден көріп отырғанымыздай, «Қазақстан» терегінің буданы басқаларына қарағанда таксациялық көрсеткіштері жоғары болып келеді. Өндірістік плантациядағы терек будандарын картон, қаптама қағаз және т.б. үшін кесе бастауы керек, себебі жанындағы басқа ағаштарға табиғи күрес жүргізбеуі тиіс. Сонымен қатар, қосымша пайда келтіруі керек. Терек будандарының қарқынды өсуі 15-20 жылдан кейін, (биіктігі 25 м-ге, диаметрі 60 см-ге), өсу қарқыны баяулайды, соған орай кесу – тиімді шара болып табылады. Зерттеу жұмыстарында 3 жастағы теректердің таксациялық көрсеткіштері де анықталды. Өлшеу қорытындылары математикалық статистика әдістерімен өңделді.

Теректің қоршаған ортаның зиянды әсерлеріне, аурулар мен түрлі зиянкестерге төзімділігі қаншалықты екендігі зерттеліп, ол көктемде және күзде жүргізілетін санақ кезіндегі өлшеулерге қосылып жазылды. Егер өсімдік ерте көктемдік және кеш күздік үсіктен зақымдалса, онда үсіктен кейін зақымдалған бөлігі өлшеніп, есептелінеді.

2-кесте. Терек будандарының жерсінуді мен өсуі

Терек түрі	Санақ жылдары	Санақ мерзімі	Жерсінуді, %	Орташа биіктігі, см Мұт	Орташа диаметрі (1,3м), см Мұт
«Қазақстан» терегінің буданы	1 жылдық	қазан	90,7	154,3±6,9	-
	2 жылдық	қазан	88,2	286,6±9,9	-
	3 жылдық	мамыр	87,3	475,3±9,1	2,7ұ0,15
«Қайрат» терегінің буданы	1 жылдық	қазан	87,3	134,3±7,4	-
	2 жылдық	қазан	85,1	242,6±10,6	-
	3 жылдық	мамыр	84,2	423,7±11,3	2,4ұ0,12

2-кестеден байқағанымыздай, «Қазақстан» терегінің будандары «Қайрат» терегінің буданымен салыстырғанда жақсы дамып өсіп жатыр. Олардың үш жылдық екпелерінің орташа биіктігі 475,3 см, ал «Қайрат» теректің орташа биіктігі 53 см төмен. «Қазақстан» будандары жерсінуі бойынша да жақсы нәтиже беріп отыр.

Нәтижелерді талдау. «Лавар» селекциялық-өндірістік бөлімшесінің топырағы, жер бедері, ұзақ вегетациялық кезеңі, жылудың мол болуы, жасанды суару жағдайы, ағаш өсіруге топырақтың жарамдылығы, мұнда терек будандарын өсіруге болатындығын көрсетіп отыр. Биіктігі мен диаметрінің жылдық өсімі шамамен 10-15 жылда жоғары болады, соған орай теректі отырғызу қашықтығын кеңейту керек. Өсу барысын талдау арқылы «Қазақстан», «Қайрат» терегінің будандары жас кезінде жақсы өсу көрсеткіштерін көрсеткенімен, 20 жылдан кейін ағаштың ұшы қурай бастайды және өсу қарқыны тежеледі. Қорыта айтқанда, осы ағаш будандарын плантация түрінде өсірген жөн және плантацияны құрғанда өсіру агротехникасын сақтау қажет.

Әдебиеттер

1. Основные положения организации и развития лесного хозяйства в Алматинской области. Издательство Комитета лесного и охотничьего хозяйства МСХ в РК, Каз.лесоустойчивое предприятие. -Алматы, 2005 г. 577 с.
2. Бессчетнов П.П. - Тополь (культура и селекция). Издательство «Кайнар», Алма-Ата, 1969.
3. Исмаилов Р.И. – О влиянии удобрений на рост и продуктивность гибридного тополя «Казахстанский» на селекционно-производственном участке «Лавар» Алматинской области. Журнал «Исследования, результаты» №2, изд-во «Агроуниверситет», - Алматы, 2011 г.
4. Исакаев С.И., Исмаилов Р.И. – Рост и продуктивность гибридных тополей зарубежной селекции в арборетуме АО «Лесной питомник» Алматинской области. Журнал «Исследования, результаты» (приложение К) 1, изд-во «Агроуниверситет», - Алматы, 2011 г. С.37-39.

С.С. Баймуханбетов, К.Т. Абаева, Е.М. Каспакбаев

СОСТОЯНИЕ РОСТА И ПРИЖИВАЕМОСТЬ ГИБРИДНЫХ ТОПОЛЕЙ В СЕЛЕКЦИОННО-ПРОИЗВОДСТВЕННОМ ОТДЕЛЕНИИ «ЛАВАР» АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В статье приведены краткие характеристики гибридных тополей, агрохимическая характеристика и механический состав лугово-сероземных почв опытных участков, а также приживаемость саженцев и таксационные показатели модельных деревьев гибридных тополей «Казахстанский», «Кайрат» и «Кызыл тан».

S.S. Baimukhambetov, K.T. Abaeva, E.M. Kaspaibaev

CONDITION OF GROWTH AND ACCLIMATION RATE OF HYBRID POPLARS IN SELECTIVE PRODUCTION DEPARTMENT “LAVAR” OF ALMATY DISTRICT

The article presents brief characteristics of hybrid poplars, agrochemical characteristics and mechanical composition of meadow gray land soils of experimental areas, and acclimation rate of seedlings and taxation parameters of sample trees of hybrid poplar ‘Kazakhstan’, ‘Kayrat’, ‘Kyzyl tan’.

Р.К. Даминова, А.К. Апушев, Л.А Копыткова, Т. Яушева, О.Г. Новак

Казахский национальный аграрный университет, АО «Лесной питомник» МОН РК

ТЕХНОЛОГИЯ СОЗДАНИЯ ОЗДОРОВЛЕННОГО МАТОЧНОГО НАСАЖДЕНИЯ ЯБЛОНИ В АО «ЛЕСНОЙ ПИТОМНИК»

Аннотация. Арборетум АО «Лесной питомник» МОН РК насчитывает более 1600 видов растений, по разнообразию и количеству занимает в Казахстане одно из ведущих мест.

Статус учреждения-оригинатора обязывает АО «Лесной питомник» производить посадочный материал соответствующий требованиям, предъявляемым к *Супер-суперэлите (ССЭ)*, *Суперэлите (СЭ)*, *Элите* класса А и *Элите* класса Б.

Исходя из этих целей и задач в АО «Лесной питомник» разработана технология создания оздоровленного маточного насаждения сортов яблони. В данной статье приведены рекомендуемые составы питательных сред, регламент введения в культуру *in vitro*, микроразмножения, укоренения микропобегов яблони, адаптация растений в нестерильных условиях, содержание и размножение базовых и маточных растений.

Ключевые слова: насаждения яблони, оздоровленный материал, *in vitro*, питательная среда микроразмножения, укоренения, адаптация.

Введение. Арборетум АО «Лесной питомник» Министерства образования и науки Республики Казахстан (в дальнейшем арборетум), насчитывающая более 1600 видов по разнообразию и количеству растений занимает в Казахстане одно из ведущих мест.

Основными задачами АО «Лесной питомник» являются: увеличение видового состава арборетума с целью изучения экологических и лесоводственных свойств интродуцентов; выращивание широкого ассортимента посадочного материала интродуцентов для реализации организациям, предприятиям и частным лицам; проведение научных исследований по интродукции древесно-кустарниковых пород, разработка агротехники выращивания посадочного материала и плантационных культур в жестких условиях предгорной пустынно-степной зоны.

С момента первых посадок растений в дендрарий прошло более 50 лет. Кроме того, недостаточное внимание и материальная поддержка со стороны государства в переходный период общества конца прошлого, начала этого столетия отрицательно сказались на состоянии ценнейшей коллекции: многие виды утеряны, определенная часть находится в критическом состоянии.

Сохранение коллекции, дальнейшее развитие интродукции ценных плодовых и интродуцированных лесных древесных и кустарниковых видов требует изучения причин гибели, разработки научнообоснованных мер по их восстановлению, сохранению и размножению.

Исследовательской группой АО «Лесной питомник» разработана технология создания оздоровленного маточного насаждения яблони, которая позволяет получать оздоровленный посадочный материал, отличающийся высоким качеством и соответствующий современным требованиям, класса «А» категории супер-суперэлита, суперэлита, элита и I репродукция и размножить районированные и перспективные сорта яблони.

Материалы и методы. Технология создания оздоровленного маточного насаждения плодовых культур состоит из следующих этапов:

1. Отбор по помологическим признакам Исходных растений сортов включенных в Государственный реестр сортов и древесно-кустарниковых пород Республики Казахстан.

2. Оценка выбранных Исходных растений по отсутствию визуальных симптомов заражения всеми группами патогенных организмов (грибные, вирусные, вирусоподобные заболевания и вредители).

3. Тестирование Исходных растений на наличие вирусов, вирусоподобных агентов в соответствии с утвержденным перечнем. В случае отсутствия перечисленных заболеваний, присвоение Исходным растениям статуса Базовое растение (Nuclear stock, суперсуперэлита).

4. При отсутствии здоровых растений среди Исходных, освобождение их от патогенов методами культуры *in vitro*, термотерапии, хемотерапии и их комбинирования с обязательным повторным тестированием. В случае отсутствия перечисленных заболеваний при повторном тестировании, присвоение Исходным растениям статуса Базовое растение (Nuclear stock, суперсуперэлита).

5. Содержание Базовых растений в условиях, исключающих реинфицирование воздушными или почвенными векторами переноса вирусов в закрытом грунте.

6. Регулярное, один раз в 3 года, ретестирование Базовых растений.

In this article discovered and immunological evaluated the winter wheat lines from Kazakhstan and international nurseries with resistant genes to common bunt. Exploration was investigated on condition of South-East Kazakhstan.

ӘОЖ 631.67

Н. Мағзум, Б.Ә. Бірімқұлова

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

КӨЛТАБАНДАРДЫҢ КӨЛДЕТУ ҰЗАҚТЫҒЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ СУАРУ НОРМАСЫ ШАМАСЫНА ӘСЕРІ

Аңдатпа. Көлтабандап суару жүйесінің құрылымдарын жетілдіруде суару нормасының, ұзақтығының және көлдету тереңдігі параметрлерінің нақтылығына қажеттілік туындайды. Осыған байланысты ҚазСШҒЗИ қызметкерлері көлтабандардың көлдету ұзақтығының тамырлы қабаттың тереңдігі бойынша топырақ ылғалдығы және суару нормасының мөлшері әсеріне зерттеу жүргізді [1, 2, 3, 4, 5].

Кілт сөзер: көлтабандары көлдету ұзақтығы, суару нормасы, ылғал қоры, топырақ грунттары, грунт суы, аэрация аймағы, сүзілу шығыны.

Табиғи шабындықтарда жүргізілген зерттеулер нәтижесі көлтабандары көлдету ұзақтығының өсуімен суару нормасының да өсетінін көрсетті (1-кесте). Осы зерттеу бойынша, ұқсас тереңдіктегі көлтабандарды көлдетуде ең жоғары суару нормасы көлдету ұзақтығы 10 тәулік болғанда алынды. Осы зерттеу нұсқасы бойынша суару нормасы 2450 м³/га.

Көлдету ұзақтығы 7 тәулікті құраған зерттеу нұсқасында суару нормасының шамасы

2120 м³/га құрады, яғни жоғарғы нұсқамен салыстырғанда 330 м³/га шамасына төмендеген. Көлдету ұзақтығы 4 тәулік болғанда, суару нормасының шамасы ең төмен болады. Бұл кездегі суару нормасының шамасы 1460 м³/га құрады.

1-кесте. Көлтабандары көлдету ұзақтығының суару нормасының шамасының өзгерісіне әсері

Нұсқалар	Көлдету ұзақтығы, тәулік	Көлдетудің орташа тереңдігі, см	Суару нормасы	
			м ³ /га	үш нұсқаға байланысты, %
1	10	30	2450	148
2	7	30	2120	128
3	4	30	1660	100

Бұл кестеден 3 нұсқамен салыстырғанда 1 нұсқадағы суару нормасының шамасы 48% жоғары, ал 2 нұсқадағы шамасы 28% жоғары екенін көруге болады. Сонымен қатар, ылғал қорын зерттеу нәтижесі әртүрлі зерттеу нұсқалары бойынша көлтабандарды көлдету нәтижесінде топырақтың тамырлы қабатындағы ылғалдың арту өзгерісінің елеусіздігін көрсетті. Бұл көлтабандарды көлдетудің алдында және соңындағы топырақ грунттарының ылғал қорын салыстырмалы талдаудың нәтижесінде анықталды (2-кесте).

2-кесте. Көлтабандарды көлдету ұзақтығының өзгерісіне байланысты топырақтың тамырлы қабатындағы ылғал қорының өзгеруі (табиғи шабындықтар)


Горизонттар, см	Көлдетуге дейін		Көлдетуден кейін					
	%	м ³ /га	1 нұсқа (10 тәу)		2 нұсқа (7 тәу)		3 нұсқа (4 тәу)	
			%	м ³ /га	%	м ³ /га	%	м ³ /га
0-50	19,9	1390	32,9	2300	32,9	2300	32,3	2260
0-100	16,5	2500	27,7	4160	27,0	4100	26,8	4020
0-150	17,6	4040	25,1	5760	25,1	5760	24,1	5530

Келтірілген мәліметтерді талдау бірінші нұсқада көлтабандарды көлдету нормасы 2450 м³/га болғанда топырақ ылғалдылығының арту шамасы 0-100 см қабатта 1660 м³/га құрайтындығын көрсетті, ал екінші нұсқада – 1600 м³/га, үшінші нұсқада – 1520 м³/га құрады. Келтірілген мәліметтерден барлық нұсқа бойынша көлдету нәтижесінде жиналған ылғал шамасы бірдей көлемде болатынын көруге болады. Ылғал жиналу шамасының бірдейлігі 100-150 см топырақ қабатында да сақталады. Топырақ қабатының осы тереңдігінде 1 және 2 нұсқа бойынша ылғал жиналу мөлшері бірдей шамада, яғни, 1720 м³/га, ал үшінші нұсқада 1490 м³/га құрады. Бұдан 100-150 см тереңдіктегі қабатта топырақтың ылғал қоры артатындығын көруге болады (1-сурет).

Суармалы судың қалған бөлігі топырақ грунттының төменгі қабатына сіңіп кетеді. Көлтабандарды көлдету ұзақтығының өзгерісіне байланысты топырақ грунттарына сіңетін судың мөлшері баланстық есеп бойынша табылады (3-кесте).

3-кесте. Көлтабандарды көлдету ұзақтығының өзгерісіне байланысты сүзілу шығындарының мөлшері


Нұсқалар	Көлдету ұзақтығы, тәу.	Суару нормасы, м ³ /га	тереңдік, см			
			0-100		0-150	
			жиналу көлемі, м ³ /га	сүзілу шығыны көлемі, м ³ /га	жиналу көлемі, м ³ /га	сүзілу шығыны көлемі, м ³ /га
1	10	2450	1660	790	1720	730
2	7	2120	1600	520	1720	400
3	4	1660	1520	140	1490	170



1-сурет. Көлтабандарды көлдету ұзақтығының өзгерісіне байланысты аэрация аймағындағы топырақтың ылғал қобырының өзгерісі.

Суармалы сулардың топырақ грунтна сіңіп кеткен сулары грунт суларына түседі де, грунт суының деңгейінің көтерілуіне алып келеді, соның әсерінен грунт суы вегетациялық кезеңде аэрация аймағына түсіп, топырақтың тамырлы қабатын жоғарғы ылғалдықпен қамтамасыз етеді (2-сурет).


Сүзілу шығындарының көлемінің суару нормасына және топырақ ылғалдылығына байланыстылығы шабындықтарды суландыруда қажетті мәліметтерді алуға мүмкіндік береді. Аталған зерттеу тәжірибелік жағдайда да табиғи шабындықтардағы сияқты көлтабандарды көлдету ұзақтығының өзгерісі топырақтың тамырлы қабатындағы ылғал жиналу көлемінің шамасын алдын ала айқындап береді (3-сурет). Бұл көлдету ұзақтығының өзгерісі кезіндегі ылғал динамикасын зерттеу нәтижесінде анықталады (4-кесте).



а) – 0-50 см қабатта



2-сурет. Грунт суы вегетациялық кезеңде аэрация аймағына түсіп, топырақтың тамарлы қабатын жоғарғы ылғалдықпен қамтамасыз етуі.



б) – 0-150 см қабатта

3-сурет. Вегетациялық кезеңдегі топырақ ылғалдығының өзгерісі (табиғи шабындықтарда).

4-кесте. Көлтабандарды көлдету ұзақтығының өзгерісіне байланысты топырақ ылғалдығының өзгерісі (тұқым себілген шабындықтарда)

Горизонттар, см	Топырақтың бастапқы ылғалдылығы	Нұсқалар			көлдетіл-меген
		10 тәулік	7 тәулік	4 тәулік	
0-10	25,9	36,2	42,6	36,0	27,7
10-20	24,6	37,6	36,2	34,2	20,3
20-30	20,1	32,4	31,3	29,1	20,7
30-40	15,3	33,7	29,5	22,7	14,8
40-50	15,3	33,7	29,5	22,7	14,8
50-60	17,1	26,0	21,6	23,2	15,1
60-70	17,1	26,0	21,6	23,2	15,1
70-80	17,1	26,0	21,6	23,2	15,1
80-90	17,3	21,1	19,5	20,7	17,7
90-100	17,5	21,1	19,5	20,7	17,7
100-110	17,3	21,1	19,5	20,7	17,7
110-120	17,5	21,1	19,5	20,7	17,7
120-130	25,3	26,1	25,7	20,7	23,9
130-140	25,5	25,8	24,7	26,5	23,9
140-150	25,3	26,2	25,7	26,5	23,9

Осы мәліметтерден барлық нұсқалар бойынша көлтабандарды көлдету нәтижесінде топырақтың ылғалдылығы артатындығын көреміз. Бұл жағдайда ылғал жиналуының ең жоғарғы көлемі топырақтың тамырлы қабатының беткі горизонттарында қалыптасады.

Топырақтың ылғалдылығының өзгерісін салыстырмалы талдау көлтабандарды көлдету нәтижесінде топырақтың тамырлы қабатындағы ылғал жиналу көлемі шамамен бірдей екенін көруге болады. Мысалы, көлдету ұзақтығы 10 тәулікті құрайтын 1-нұсқада топырақ ылғалдылығы 0-150 см қабатта 26,1 % құрады. 2-нұсқада бұдан сәл ғана төмен шаманы, 25,4 % құрады, ал 3-нұсқада - 25,2 %. Ал көлдетілмеген нұсқада топырақ ылғалдылығы анағұрлым төмен шаманы, 19,8 % құрады (5-кесте). Демек, көлтабандарды көлдету нәтижесінде, көлдету ұзақтығының өзгерісіне қарамастан, барлық нұсқада топырақтың ылғалдануы ылғал нормасы шамасына дейінгі көрсеткішті көрсете алды.

5-кесте. Көлтабандарды көлдету кезіндегі топырақтың 0-150 см қабатындағы ылғал жиналу көлемі (тұқым себілген шабындықтарда).

Горизонттар, см	көлдетілмеген		Көлдетілгеннен кейін					
	%	м ³ /га	1 нұсқа (10 тәу)		2 нұсқа (7 тәу)		3 нұсқа (4 тәу)	
			%	м ³ /га	%	м ³ /га	%	м ³ /га
0-50	20,2	1420	34,8	2450	34,8	2450	29,3	2060
0-100	22,6	3300	29,4	4290	27,8	4060	26,8	3800
0-150	19,8	4520	26,1	5950	25,4	5790	25,2	5750

Тұқым себілген шабындықтарды көлдету нәтижесінде алынған мәліметтер де табиғи шабындықтарды көлдету нәтижесінде алынған мәліметтерге сәйкес келді. Көлдету нормасының артуына сәйкес сүзілу шығынының да артатындығы анықталды. Сондықтан, алдыңғы жағдайдағыдай сүзілу шығынының ең көп мөлшері 1 нұсқада алынды. Бұл нұсқада 0-100 см қабатта ылғал жиналу көлемі 990 м³/га құрады, ал сүзілген су шамасы 1460 м³/га. Бұдан суармалы судың 60% шамасында сүзілуге шығынына кеткенін көруге болады. 2 нұсқада сүзілу шығынына кеткен судың көлемі аздау, 0-100 см қабатта 1360 м³/га құрады, бұл жалпы суармалы судың 64 % -дай шамасына тең. 3 нұсқада көлдету нормасы 1660 м³/га құрады, сүзілуге кеткен судың көлемі 1160 м³/га.

Сүзілген сулар төменгі горизонттарға ағып түсуі себебінен топырақтың ылғалдылығының артуына себеп болады. Сондықтан 1-нұсқада 0-150 см қабатта ылғал жиналу көлемі 1430 м³/га құрады, осыған сәйкес сүзілу шығынының шамасы төмендеді. Осы нұсқада 0-150 см қабаттан сүзілу шығынының шамасы төмендегі, 1020 м³/га құрады немесе суару нормасының 41,6 % құрайды.

Екінші нұсқада да сүзілген судың шамасы азайды. 0-150 см қабатта ылғал жиналу көлемі 1270 м³/га құрады. Төменгі горизонтта ылғал жиналу көлемінің артуы сүзілу шығынының төмендеуіне алып келді, сүзілу шығыны 880 м³/га құрады немесе суару нормасының 40,9 % құрады.

Үшінші нұсқада да жоғарыдағыдай сүзілген су шамасы азайды. 0-150 см қабатта ылғал жиналу шамасы 1230 м³/га құрады, ал сүзілу шығыны 430 м³/га құрады немесе суару нормасының 25,9 % құрайды.

Топырақ-гидрогеологиялық жағдайы грунт суының төмендеуін қиындататын Шығыс Қазақстан жағдайында көлтабандап суғару әсерінен грунт суының жылдам көтерілуіне және көлтабандардың қарқынды тұздануына алып келеді. Осыған байланысты Шығыс Қазақстан жағдайында сүзілу шығынын азайту және топырақтың тамырлы қабатының тұзсыздану процесін жеделдету мәселесі туындап отыр. Сондықтан физикалық модельдеу әдісімен көлдету нормасының сүзілу шығынына және топырақтың тұздануына әсерін зерттеуге тура келді.

Әдебиеттер

1. Техничко-экономическая оценка современного состояния систем лиманного орошения и разработка рекомендаций по повышению их продуктивности: заключительный отчет о НИР/КазНИИВХ.- – Джембул, 1983. № гос. регистрации– Инв. 0182.0085217– 149 с.
2. Разработка и усовершенствование существующих конструкций пойменных лиманов Центрального Казахстана с применением современных технических средств //Заключительный отчет о научно-исследовательской работке. № гос. регистрации 0181.60007994 – Джембул 1985. – 110 с.
3. Разработка предложений по улучшению систем лиманного орошения для Западного Казахстана //Промежуточный отчет за 1969 г. /Руководитель темы Лопатин В.Я. – Джембул, 1970. – 191 с.
4. Ким Ф.Н., Лопатин В.Я. Совершенствование техники лиманного орошения в Казахстане. //Сб.научных трудов КазНИИВХ: Обводнение, сельскохозяйственное водоснабжение. – Ташкент, 1976. – Вып.150/ С.181-194.
5. Мац А.Ф., Джакишев Т.А., Бабаев К.А. Обоснование технологических параметров лиманов с применением ЭВМ. //Совершенствование и техническая эксплуатация оросительных систем Казахстана /Сб.научных трудов КазНИИВХ. –Ташкент, 1984. – С.36-46.

Н. Мағзум, Б.Ә. Бірімқұлова

ВЛИЯНИЕ ПРОДОЛЖИТЕЛЬНОСТИ ЗАТОПЛЕНИЯ ЛИМАНОВ НА РАЗМЕРЫ ОРОСИТЕЛЬНЫХ НОРМ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ КУЛЬТУР

При усовершенствовании конструкции систем лиманного орошения возникает необходимость уточнения параметров норм, продолжительности и глубину затопления лиманов. Поэтому сотрудники КазНИИВХ провели исследования по установлению влияния продолжительности затопления лиманов на влажность почвы по глубине корнеобитаемой толщи и размеры оросительных норм. Исследования проводились по оттаявшей почве.

Ключевые слова: грунты воды зона аэрации, потери на фильтрацию, длина заполнения лимана, запас влаги, слой грунта.

N. Magzum, B.A. Birimkulova

INFLUENCE OF DURATION OF FLOODING OF ESTUARIES ON THE SIZES OF IRRIGATING NORMS OF AGRICULTURAL CROPS

At improvement of a design of systems estuary an irrigation there is a necessity of specification of parametres of norms, duration and depth of flooding of estuaries. Therefore employees KazNIRWM have carried out researches on an establishment of influence of duration of flooding of estuaries on humidity of soil on depth root of the lived thicknesses and the sizes of irrigating norms. Researches were spent on the thawed soil.

Key words: soils of water zone of suspend water, losses on filtration, length of filling of estuary, stocked moistures, layer of soil.

А.Б. Ногаева, Н.В. Жангарашева

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЕЛІМІЗДЕ ЖЕР МОНИТОРИНГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада жер мониторингі - болып жатқан өзгерістерді уақтылы анықтау, оларды бағалау, одан әрі дамуын болжау және кері әсері бар процестерді болдырмау мен оның зардаптарын жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізілетін жер қорының сапалық және мөлшерлік жай-күйін базалық (бастапқы), жедел, мерзімді байқау жүйесін білдіреді.

Кілт сөздер: жер мониторингі, локальды мониторинг, жер ресурстары, жер бетін суретке түсіру.

Жер мониторингі қоршаған табиғи ортаның жай-күйі мониторингінің құрамдас бөлігі және сонымен бір мезгілде басқа да табиғи ортаға мониторинг жүргізу үшін база болып табылады. Халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламаларға сәйкес, Қазақстан Республикасы жердің ғаламдық мониторингі бойынша жұмыстарға қатысуы мүмкін.

Жерге меншік нысандарына, жердің нысаналы мақсаты мен пайдаланылу сипатына қарамастан Қазақстан Республикасының барлық жері жер мониторингінің объектісі болып табылады.

Жер мониторингін жүргізуді ұйымдастыруды жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады. Жер мониторингі бойынша мемлекетаралық және халықаралық бағдарламаларды іске асыру Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен жасасқан келісімдері мен шарттарында айқындалатын тәртіппен және жағдайларды жүзеге асырылады. Жер мониторингін жүргізу және оның деректерін пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Жер мониторингін жүргізу кезінде қажетті ақпаратты алу үшін қашықтықтан зерделеу, жер бетін суретке түсіру және бақылау әдістері, сондай-ақ, қор деректері қолданылады. Жер мониторингін техникалық қамтамасыз ету жер ресурстарын басқару жөніндегі тиісті аумақтық органдарда ақпаратты жинау, өңдеу және сақтау пункттері бар автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылады. Жер мониторингінен алынған нәтижелер автоматтандырылған ақпараттық жүйенің мұрағаттарында (қорларында) және деректер банкінде жинақталады. Азаматтар, кәсіпорындар мен мекемелер, халықаралық ұйымдар, шетелдік заңды және жеке тұлғалар жер мониторингінің мәліметтерін белгіленген тәртіппен пайдаланады [1].

Қазіргі уақытта мониторингтің түрлері көп. Әр салада мониторингті түрлі факторлар бойынша топтастырады. Жер санаттарына байланысты мониторинг жеті түрге бөлінеді. Әкімшілік-территориялық бөлінуі бойынша жер мониторингі үш түрге бөлінеді:

1. ҚР жерінің жер мониторингі.
2. Облыс жерлерінің жер мониторингі.
3. Қала және аудан жерлерінің жер мониторингі.

Территорияны қамтуы бойынша мониторинг келесі түрлерге бөлінеді (1-сурет): 1) глобальды; 2) ұлттық; 3) аймақтық; 4) локальды.



1-сурет. Аумақты қамтуы бойынша мониторингтің түрлері.

Глобалды мониторинг – планетамыздағы барлық жердің күйін бағалауға мүмкіндік береді және төтенше жағдайлардың алдын алу үшін жүргізіледі.

Ұлттық мониторинг – республика деңгейінде арнайы органдармен жүргізілетін мониторинг. Аймақтық мониторинг – белгілі бір физикалық-географиялық, экологиялық немесе басқа да шекаралармен шектелген ірі аймақтар мен территория шегіндегі процестер мен құбылыстарды бағалауға мүмкіндік береді. Локальдық мониторинг – аймақтық деңгейден төмен орналасқан объектілерде, тіпті жеке жер учаскелерінде және қарапайым ландшафты-экологиялық кешендерде жүргізіледі [2,3].

Бақыланатын процестерге байланысты мониторинг: 1)эволюциялық; 2)циклдық; 3)антропогендік; 4)төтенше мониторинг түрлеріне бөлінеді.

Эволюциялық жер мониторингі тарихи даму процестермен байланысты.

Циклдық жер мониторингі тәуліктік, маусымдық, жылдық табиғи өзгерістермен байланысты.

Антропогендік жер мониторингі адамның іс-әрекетімен байланысты.

Төтенше жер мониторингі өндірістік авариялар, экологиялық, табиғи апаттар және катастрофалармен байланысты.

Мерзімі мен жүргізу уақыты бойынша негізгі, мерзімді, жылдам өткізілетін және ретроспективті жер мониторингі болып бөлінеді. Негізгі жер мониторингі мониторингі жүргізе бастаған кезде объектілердің күйін белгілейді. Мерзімді жер мониторингі белгілі мерзім сайын жүргізіледі(1,5,10...жыл). Жылдам өткізілетін жер мониторингі үнемі, үздіксіз жүргізіліп ағымдағы өзгерістерді белгілейді. Ретроспективті жер мониторингі алдындағы бақылаулардың тарихи талдауын береді.

Жер мониторингін жүргізудің мерзімдері мен кезеңділігіне қарай жердің жай-күйін бақылаудың мынадай: базалық (бастапқы жер мониторингін жүргізуді бастау сәтіндегі бақылау объектілерінің жай күйін тіркейтін); кезеңдік (бір және одан көп жылдан кейін); жедел (ағымдағы өзгерістерді тіркейтін) түрлері жүзеге асырылады (2-сурет).



2-сурет. Жер мониторингін жүргізудің мерзімдері мен кезеңділігіне қарай бөлінуі.

Сонымен қатар, мониторингті бақылау объектілері, әсер ету факторлары, көздері және масштабтары бойынша топтастыруға болады.

Мониторингтің аумақтық-аймақтық желісі жердің жай күйін бақылаудың стационарлық және жартылай стационарлық пункттерін қамтиды [3].

Агенттік, Мемлекет басшысының Үкіметке берген тапсырмасына орай, ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, жайылым және шабындық жерлерін қайта қалпына келтіру және ұтымды пайдалану туралы шаралар қабылдауды көздеп отыр.

Жер мониторингін жүргізу нәтижесінде белгілі болып отырғандай, шөлейттену процестерімен Қазақстан аумағының 70 пайызы әр түрлі мөлшерлерде ұшырап отыр, ал жел және су эрозиясына ұшырап отырған жалпы жер көлемі 30 миллион гектар, оның ішінде егістік жерлер 1,6 миллион гектар. Бұл ретте барлық егістік жерлердің (23,5 миллион гектар) сипаттамасына келетін болсақ, 15,8 миллион гектардың сапасы жақсы; 3,9 миллион гектар тұзды және сортаң жерлер; жел және су эрозиясына бейім жерлер 1,6 миллион гектар; 1,3 миллион гектар қиыршық тастақталған және 0,4 миллион гектар шамадан тыс ылғалданған жерлер болып отыр.

Кезеңдік бақылау бақыланатын көрсеткіштер серпініне байланысты СЭП үш жылда бір рет, ПСЭП бес жылда бір рет құрылады.

Республикамыздың жер қоры жағдайындағы өзгерістерді уақытылы анықтайтын стационарлық және жартылай стационарлық бақылау пункттерінің облыстар бойынша бөлінуі 1-кестеде келтіріледі [4].

1-кесте. Стационарлық бақылау пункттерінің аумақтық-аймақтың желісі

Республикалық маңызды қалалар мен облыстар атауы	1.01.2004ж		1.01.2005ж		1.01.2006ж		1.01.2007ж	
	СЭП	ПСЭП	СЭП	ПСЭП	СЭП	ПСЭП	СЭП	ПСЭП
Ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің базалық мониторингі								
Ақмола	5	26	7	17	7	20	11	20
Ақтөбе	-	-	-	-	3	-	14	-
Алматы	14	-	11	-	11	-	11	-
Атырау	9	12	22	-	22	-	22	-
Шығыс Қазақстан	13	40	9	22	9	22	9	22
Жамбыл	8	-	12	-	21	-	25	-
Батыс Қазақстан	1	6	1	6	1	8	-	-
Қарағанды	6	-	6	-	6	-	10	-
Қызылорда	12	-	9	-	12	-	12	-
Қостанай	3	7	2	7	2	7	2	7
Маңғыстау	-	-	-	-	-	-	-	-
Павлодар	4	3	2	5	2	5	2	5
Солтүстік Қазақстан	9	2	9	-	9	4	11	11
Оңтүстік Қазақстан	49	-	84	-	84	-	84	-
Жиынтығы	133	96	174	57	189	66	213	65
Қалалық жерлердің локалды мониторингі								
Алматы қаласы	63	-	100	-	200	-	200	-
Астана қаласы	90	-	90	-	120	-	120	-
Жиынтығы	153	-	190	-	320	-	320	-
Барлығы	286	96	364	57	509	66	533	65

*Ескерту: Автордың есептеулері

Бұл кестеден республикамызда жер мониторингін жүргізу үрдісі баяу жүргізілетінін көреміз. Әсіресе Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Павлодар облыстарында СЭА (СЭП) және ЖСЭА (ПСЭП) жылдар бойы аз немесе өзгеріссіз болған. Ал Маңғыстау облысында бірде бір СЭА немесе ЖСЭА орналаспаған. Базалық мониторинг Оңтүстік Қазақстан облысында дамып отыр. Алматы және Астана қалаларында локалды мониторингі жақсы жүргізіліп келеді.

Республика аумағында жер мониторингін жүргізу үшін 2008 жылдың 1 қарашасындағы жағдайы бойынша 732 стационарлық бақылау пункттері бар, онда жүйелі бақылаулар жүргізілуде, олар республиканың барлық табиғи - ауыл шаруашылық аймақтарында орналастырылған. Алайда, айтылған пункттер аймақтар мен облыстар бойынша бірдей бөлінбеген. Жер жағдайын бақылау жүйесі еліміздің барлық аумағының 15% қамтиды. Іс жүзінде табиғи мал азықтық алқаптарда мониторинг мүлдем жүргізілмеуде. Осыған орай бақылау жүйесін жиілету бойынша жұмыстар жүргізу қажет. Сонымен қатар, жер мониторингінің нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру қажет.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2010.
2. Қазақстан Республикасында жер мониторингін жүргізу және оның деректерін пайдалану ережесі, ҚР Үкіметінің 2003 жылы 19.09.2003ж. №956 Қаулысы.
3. ҚР-ның Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі РМК Мемжерғылөнорталығы, ҚР Жер мониторингі (қазіргі және болашақтағы жағдайы), Астана, 2005.
4. ҚР -ның Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің «ҚР ның 2006 жылдардағы жер жағдайы және оны пайдалану туралы Жиынтық талдамалы есебі», Астана, 2007.

А.Б. Ногаева, Н.В. Джангарашева

ЕЛІМІЗДЕ ЖЕР МОНИТОРИНГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мақалада елімізде жер мониторингін ұйымдастыру және жүргізудің маңыздылығы қарастырылған.

A. B. Nogaeva, N. V. Djangarasheva

THE BASES OF ORGANIZATION AND CARRYING OUT MONITORING OF LANDS IN OUR COUNTRY

In article it is considered bases the organization and carrying out monitoring of lands in our country.

ӘОЖ 630*232:630*233(574)

М.Р. Ражанов, Қ.Т. Абаева, Е.М. Қаспақбаев

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АСТАНА ҚАЛАСЫ ЖАСЫЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚИҒАШ-ТОПТЫҚ ӘДІСПЕН ОТЫРҒЫЗЫЛҒАН ЕКПЕ АҒАШТАРДЫҢ ӨСУІ МЕН ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа. Мақалада Астана қаласы жасыл аймағындағы алқа ағаштардың ықтырма орман арасында қиғаш-топтық әдіспен отырғызудың зерттеу нәтижелері, сонымен қатар екпе ормандардың биометриялық көрсеткіштері, қиғаш-топтық әдіспен отырғызылған ағаш өсімдіктерінің жерсінуі мен биіктіктері келтірілген. Отырғызуда кәдімгі қарағайдың, қотыр қайыңның және шетен жапырақты үйеңкінің стандартты көшеттері пайдаланылды.

Кілт сөздер: жасыл аймақ, құрғақшылық, қорғаныш орман жолағы, табиғи-климаттық жағдай, шұғыл континенталдық, орман өсу жағдайы, биотоп, қиғаш-топтық әдіс, жерсіну, вегетациялық кезең, биометриялық көрсеткіштер.

Кіріспе. Астана қаласының жасыл аймағы құрғақ дала аймағының қатаң топырақты-климаттық жағдайларында құрылады. Жауын-шашынның аз болуы, ылғалдың қарқынды булануы, ауаның салыстырмалы төмен ылғалдылығы, жиі қайталанатын құрғақшылық пен аңызак, аязды қыс, топырақтың тұздануы мен сортаңдануы, тұқымдардың ассортиментін іріктеуде және жоғарғы сәндік орман екпе ағаштарын өсіруде белгілі қиыншылықтарды тудырады. Орман екпе ағаштарын құрудың үмітті бағыттарының бірі ағаш отырғызудың қиғаш-топтық әдісі болып табылады.

Еліміздің жазық далалы аудандарында қорғаныш орман жолақтарын құруды 1891 жылы профессор В.В.Докучаевтың экспедициясы бастаған. Әсіресе, Каменная степь даласындағы экспедиция жұмысының маңызы зор. Мұнда жасалынған су қоймалары мен тоғандар, өсірген орман алқаптары даланың кейпін өзгертіп жіберген. Орман алқаптарының су режиміне әсерін В.В.Докучаевтың еңбегінен байқауға болады [1, 2].

Өсімдіктер биотоптарының отырғызу алаңшаларын 10,0x1,5 м қиғаш-топтық орналастырғанда 40 жасқа дейін орман шаруашылық шараларын жүргізбей, тиімді селдір екпе орман алқабын қалыптастыруға болады.

«ҚазОШҒЗИ» ЖШС зерттеулері көрсеткендей, қиғаш-топтық орналастыру арқылы құрылған тиімді селдір екпе орман алқабы қатарлап отырғызу арқылы құрылған екпе орманынан орташа есеппен 1 га-ға 21,7 % қаражатты үнемдеуге болады.


Ұзақ уақыт бойы елімізде екпе орман өсіру теориялық түсінік түрінде қарастырып келді. Далалы аймақта қорғаныш орман өсірудің ғылыми негіздемесін бастаған Ұлы-Анадольск орман бөлімшесінің бірінші орман маманы - В.Е. Графф болды. Ол 1843-1866 жылдар аралығында 150 га жақсы өсіп дамыған орман екпелерін отырғызған [3, 4, 5].

XIX ғасырдың екінші жартысында ағаш түрлерін әртүрлі орналастыру арқылы, негізінен шегіршіндерді сепкен, бірақ олар 8-10 жылдан кейін қурай бастаған. Екпе ормандардың жаппай қурауын, В.О. Булатович (1893 ж.) алқа ағаштардың шамадан тыс көп отырғызуынан деп түсіндіреді.

«Жасыл-Ел» бағдарламасында Астана қаласында жасыл аймақ құру жөнінде ерекше шешім жасалған. Топырақ жабындысын зерттеуді талдау нәтижесінде, осы аймақта орманға жарамсыз топырақтар, яғни аса кең тарағандары сортаңды кешендер, олардың әртүрлі қоспалары болып табылады [6, 7].

Материалдар мен әдістер. Астана қаласының жасыл аймағы Солтүстік Қазақстанның құрғақ далалы аумағының қатаң табиғи-климаттық жағдайында жасалуда. Климаттың шұғыл континенталдығы, қатаң топырақтық-гидрологиялық жағдай, жиі қайталанып отыратын қуаңшылық қала маңындағы жасыл аймақты құруда кедергі келтіруде. Қысы өте суық, жел мен қар бораны (оңтүстік-батыс) соғып тұрады. Өте суық жылдары температура $-45; -49^{\circ}\text{C}$ дейін төмендейді. Төмен температура 1,5 м тереңдікке дейін топырақты тоң басады. Қыс 5-6 айға созылады. Тұрақты қар жамылғысы қарашада түзіледі, қалың қар ақпан-наурыз айында болады. Қардың еруі наурыздың екінші жартысынан басталып, 6-25 күнге созылады.

Астана қала маңы аймағының орман өсу жағдайы топырақ түлеріне байланысты: орман өсіруге жарамды (9%), шектеулі орман өсіруге жарамды (13%), шартты орман өсіруге жарамды (39%) және орман өсіруге жарамсыз (39%) болып төртке бөлінеді. Ол жайында төменгі диаграммадан көруге болады (1-сурет).



1-сурет. Астана қаласы жасыл аймағы топырағының орман өсіруге жарамдылығы бойынша жіктелуі.

Екпе ағаштарды қиғаш-топтық әдісімен отырғызу Қызылжар орманшылығының 79 орамында мамыр айында жүргізілді. Ағаш отырғызуда кәдімгі қарағайдың, қотыр қайыңның және шетен жапырақты үйеңкінің стандартты отырғызылатын материалы пайдаланылды. Отырғызу сұлбасы - 10,0x1,5м. Топтарда өсімдіктерді 1 данадан 6 данаға дейін отырғызылды. Барлығы кәдімгі қарағай өсімдіктерінің саны 1876 данада 465 биотобы, қотыр қайың өсімдігінің саны 1199 данадан 320 биотобы және шетен жапырақты үйеңкі өсімдігінің саны 744 данадан 186 биотобы отырғызылды.

Жерсінуі келесі формуламен анықталынды:

$$П\% = \frac{(Ж + 1/2С) \cdot 100}{4};$$

мұндағы, П – жерсіну, %

Ж – тірі өсімдіктердің саны, дана

С – күдікті өсімдіктердің саны, дана


4 – нақты отырғызылған өсімдіктердің саны, дана

Зерттеу нәтижелері. Жаз бойы КПП-2.2 агрегатымен 3 рет қопсыту (культивация) жүргізілді. Өсіп-өну кезеңінде ағашқа 30 л есебінен 40 см-ге дейін 4 рет суару жүргізілді. Сондай-ақ, топтардың ағаш отырғызу алаңдарында қолмен қопсыту жүргізілді.

Тәжірибеде келесі бақылаулар мен есепке алулар жүргізілді:

- орман өсімдіктерінің жағдайы;
- биотоптардың санын есептеу;
- екпе ағаштарын есептеу;
- өсімдіктердің өсуін өлшеу.

Кәдімгі қарағайдың көшеттерінің орташа биіктігі 14 см құрады, қотыр қайыңның 54 см және шетен жапырақты үйеңкінің 74 см болды. Екі рет суару және өсіп-өну кезеңіндегі жылылықтың көптігі қотыр қайыңның 34 см-ге және шетен жапырақты үйеңкінің 59 см-ге өсуіне мүмкіндік туғызды. Суару жұмыстарын жүргізе отырып, кәдімгі қарағайдың көшеттерінің орташа биіктігі 68,2 см-ге жетсе, 2012 жылы қотыр қайыңның 207,1 см және шетен жапырақты үйеңкінің биіктігі 248 см жетіп отыр (2-сурет).



2-сурет. Қиғаш-топтық әдісімен отырғызылған ағаш өсімдіктерінің биіктігі

Вегетациялық кезеңнің жылы болуы мен екі мәрте суаруға байланысты қотыр қайың 92,1 см-ге және шетен жапырақты үйеңкі 144,5 см-ге өсті (2-сурет, 1-кесте).

Кәдімгі қарағайдың жылдық өсімі 35,4 см болды. Өсімдіктің қылқаны жасыл түсті, қылқандануы қалың. Кәдімгі қарағайдың өсуі бойынша өзгергіштік байқалады (32,9 %). Қотыр қайыңның өсімі 92,1 см-ді құрайды, ол өсу ортасының жақсы екендігін көрсетеді, мысалы: құнарлы топырақ, жылу мен ылғалдың мол болуы. Шетен жапырақты үйеңкінің өсімі орташа есеппен 144,5 см-ді құрайды. Жалпы айтқанда, тәжірибелік бөлімшедегі ағаш түрлерінің жағдайы жақсы.

Вегетациялық кезең бойы 2 суару мен қатар аралықтарын 4 рет культивациялау, қатар ішін арашөптерді жою үшін қолмен отау жүргізілді.

Ағаш түрлерінің биометриялық көрсеткіштері (2-кесте) анықталынды және ағаш түрлерінің жерсінуі 3-суретте келтірілді.

Орман өсімдіктерінің жерсінуі тәжірибеде 43,0 – 53,3% құрады. Тәжірибе учаскесінің топырағы қара-сарғылт қуаты аз сазды топырақ болды. Тереңдікпен 1,24%


дейін төмендеп 35-45 см. тереңдікте қара шіріктің мөлшерін жоғарғы қабатында 3,3% құрайды. Ортаның жоғарғы қабатындағы реакциясы бейтарап (рН=6,67-7,17), төменге сілтілігіе дейін ұлғаюмен (рН=8,92) ауыспалы қабатта 70-80 см.

Тәжірибелі учаске топырағының бейімінде, 0,25-0,05 және 0,05-0,01 мм элементтерімен көрсетілген құмды фракция басым болады. Лайдың мөлшерін жоғарғы қабатта 21,5% құрайды, ал төменде жатқаны 31,0%-ға дейін өседі. Саз балшықтың мөлшері жоғарғы қабатта 34,1 ден 40,0%-ға дейін құбылады. Осы топырақ гранулометрлік құрамы бойынша орта саздық түр бөлігіне жатады.

Сулы сүзіндіні талдау нәтижелері, тәжірибелі учаскенің қара-сарғылт топырағы сортаңданбағанын көрсетеді.

2-кесте. Қиғаш-топтық әдісімен 2012 жылы отырғызылған екпе ормандардың биометриялық көрсеткіштері.

Ағаш түрлері	Статистикалық көрсеткіштер	Биометриялық көрсеткіштері		
		Биіктігі, см	Өсім, см	Тамыр мойнындағы диаметрі, м
Шетен жапырақты үйеңкі	$x \pm m$	248,08±10,8	144,5±8,1	1,22±0,07
	Д	54,1	40,6	0,35
	V,%	21,8	28,1	29,1
	P,%	4,36	5,6	5,8
Кәдімгі қарағай	$x \pm m$	68,2±3,3	35,4±2,3	0,2±0,07
	Д	16,9	11,6	0,03
	V,%	24,7	32,9	13,1
	P,%	4,9	6,5	2,6
Қотыр қайың	$x \pm m$	207,1±16,09	92,1±6,6	1,3±0,1
	Д	62,3	25,6	0,6
	V,%	30,09	27,8	49,02
	P,%	7,7	7,1	12,6



3-сурет. Қиғаш-топтық әдісімен отырғызылған ағаш өсімдіктерінің жерсінуі, %

Нәтижелерді талдау. 1. Тәжірибелі учаскенің топырағы - қара-сарғылт механикалық құрамындағы орта сазды әдеттегі топырақ. Ағаш өсімдіктері үшін тез ерігіш тұздардың қысымы жоқ.

2. Кәдімгі қарағайдың, қотыр қайыңның, шетен жапырақты үйеңкінің орташа өлшенген өсуіне сәйкес, 14 см, 54 см және 74 см құрады.

3. Ағаш-бұта түрлерін қиғаш-топтық әдіспен отырғызғанда қатардағы қолмен қопсыту жүргізілмейді, сондықтан қол жұмысының қажеттілігін қысқартады.

4. Екпе ағаштарының жерсінуін 43,0-тен 53,3%-ға дейін құрады.
5. Қотыр қайың (92,1 см) мен шетен жапырақты үйеңкінің (144,5 см) өсімі ең жоғары болды.
6. Ағаш-бұта түрлерін қиғаш-топтық әдіспен отырғызғанда, орман екпелерін қатарлап отырғызғанмен салыстырғанда агротехникалық күтім жұмыстарына қарағанда 19,9 есе аз шығын кетеді.

Әдебиеттер

1. Докучаев В., Сибирцев Н. Труды экспедиции В. Докучаева. Т.1-2, Вып. 1СПб; 1894, стр. 24-27.
2. Ирусалимский В.И., Тищенко В.В., Ахтанов А.Г. Долговечность и устойчивость различных древесных пород в лесных полосах Каменной степи. В кн. «Каменная степь: проблемы изучения почвенного покрова». – Почвенный институт В.В. Докучаева. 2007, стр.134-144.
3. Высоцкий Г.Н. Об условиях лесопроисростания и лесоразведения в степях Европейской России. – Лесной журнал, 1907.№1-3, стр.20-22
4. Высоцкий Г.Н. лесные культуры степных опытных лесничеств с 1893-1904 гг. Труды по лесному опытному делу в России. Вып.41-с. Петербург, 1912.
5. Булатович В.О. еще несколько слов о (нормальном типе) посадок в степных лесничеств. СПб. Лесной журнал, 1893, Вып.1
6. Байзаков С.Б. Проект нациральной лесной политики Республики Казахстан до 2020 года.//Актуальные вопросы сохранения и увеличения лесистости РК. Шучинск, 2009, стр. 9-40.
7. Нысанбаев Е.Н., Боровдик В.П., Токмурзин Е.Т. Озеленение – важнейший фактор экологизации и устойчивого развития урбосоциозкосистемы.//актуальные проблемы лесоуправления и кадрового обеспечения лесного сектора экономики стран Центральной Азии. Материалы международной научно-практической конференции: Алматы, 2008, стр. 165-169

М.Р. Ражанов, К.Т. Абаева, Е.М. Каспакбаев

СОСТОЯНИЕ И РОСТ ЛЕСНЫХ КУЛЬТУР ПОСАЖЕННЫХ ДИАГОНАЛЬНО – ГРУППОВЫМ МЕТОДОМ В ЗЕЛЕННОЙ ЗОНЕ Г.АСТАНЫ

В статье приведены результаты исследований посадки диагонально-групповым способом в межулисных пространствах лесонасаждений зеленой зоны г.Астаны, в том числе приведены биометрические показатели лесных культур, приживаемость и высота древесных растений посаженных диагонально – групповым методом. В посадке использовались стандартные посадочные материалы сосны обыкновенной, березы повислой и клена ясенелистного.

M.R. Razhanov, K.T. Abaeva, E.M. Kaspakbaev

CONDITION AND GROWTH OF FOREST CROPS PLANTED DIAGONALLY BY GROUP METHOD IN A GREEN ZONE OF ASTANA CITY

The article shows the results of studies of landing by diagonally group way in cross – link spaces of green zone reforestation of Astana city, also there is shown biometric indicators forest crops , acclimation rate and height of trees planted by diagonally group method. The standard pine materials, birch and maple-leaved were used in planting.

Ә.Ж. Сманов, С.Ә. Оразбаев, С.С. Сәдуақасов

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАРТЫЛАЙ-ШӨЛЕЙТ АЙМАҚТАРЫНДА РАПС ӨСІРУ ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада рапстың оңтүстік-шығыс Қазақстанның жартылай шөлейт аймағы жағдайында тұқым себу мөлшерлеріне байланысты дән өнімділігі келтірілген. Сонымен қатар, рапс дақылын жалдап өсіру технологиясының артықшылықтары жөнінде мәліметтер келтірілген.

Кілт сөздер: рапс, сорт, май, топырақ, өнім.

Кіріспе. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған биылғы жылғы Жолдауында аграрлық саланы дамытуға ерекше көңіл бөлініп, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты нақты тапсырма берілген, онымен қатар қазіргі таңда бүкіл әлемде орын алған экономикалық дағдарысқа байланысты агроөнеркәсіп кешеніне биік талаптар қойылады. Бұл орайда, жалпы салаға көрсетілетін қолдаулар жылдан жылға арта түсуде.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісін келешекте дамытудың нақты жоспарларында егістік жерлерін тиімді пайдалану және дақылдардың өнімділігін арттыра түсу көзделіп отыр. Осы міндеттерді орындаудың қайнар көзінің бірі – майлы дақылдар өндірісін ауқымды және қарқынды алға бастыру.

Республикада өсірілетін майлы дақылдар дәніндегі май шығымы 24-60% аралығында ауытқиды. Алынатын өнім мөлшері дақылға, сортқа және агротехникаға қарай көп өзгереді. Өсімдік майы химиялық құрамына, биологиялық қасиеттеріне және тауарлық сапасына қарай әртүрлі мақсаттарда пайдаланылады. Оңтайлы өсіру тәсілдерін қолдану арқылы өндірілетін майдың сапа көрсеткіштерін жоғарылатуға болады. Өкінішке орай, бүгінгі таңда өндірілетін өнімнің де, өнім сапасының да деңгейі ойдағыдай емес. Мұндай сәйкессіздік аймақтардың топырақ-климат жағдайларына бейімделген майлы дақыл түрлерінің тиісті деңгейде зерттелмеуі және өндіріске енгізілмеуі, сондай-ақ пайдаланыстағы дақылдардың тиімді инновациялық өсіру технологияларының жетіспеуі салдарынан орын алып отыр [1].

Жоғарыда аталған жоспарда егіс дақылдарының құрамын оңтайландыру, егіншілікті биологияландыру, экологиялық тазалығы мен экономикалық рентабельділігі жоғары технологиялар жасап өндіріске енгізу, тәлімі егіншіліктегі дақылдар үлесін арттыру, дәстүрде жоқ өсімдіктер есебінен сақтық қор дақылдарының ассортиментін көбейту және басқа шаралар көзделген. Осыған орай магистрлік жұмыс тақырыбы майлы дақылдардың шаруашылық құнды белгілері мен қасиеттерін, оның ішінде тұқым өнімділігін, сапасын және нақты топырақ-климат жағдайларына бейімділігін бағалап, Алматы облысы Балқаш ауданы өңірінде өсіруге лайықты диверсификациялық түрлерін ұсынуға және өңірде өсіруге мүмкіндігі мол майлы дақыл рапстың өсіру технологиясын жасауға бағытталуы оның өндіріс сұраныстарына сәйкес көкейкестілігін білдіреді.

Материалдар мен әдістер. Жұмыс барысында келесі материалдар пайдаланылды: рапс тұқымы, гербицидтер - глифосат, раундап, доминатор, дерозал. Сол уақытта рапс тұқымы далалық өсулік қасиетін жоғалтады. Тұқым себу үшін « Дерозал » 50 % - дық препаратымен өңделген, 1 тонна сапалы тұқымға шығым мөлшері 2,0-2,5 кг/т болатын тұқым таңдалуы тиіс.

Жұмыс әдістемелері Б.А. Доспехов (1985) бойынша жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Негізгі дақыл күріш болуына байланысты көп жылдар бойы суармалы дақылдар өсіріліп келген. Бірақ судың жетіспеуінен, инженерлік күріш жүйесі істен шығуына байланысты қазіргі таңда рапс өсімдігін жерсіндіріп пайдалану көзделіп отыр. Сондықтан осындай жағдайларға төзімді дақылдарды, оның ішінде рапсты жерсіндіру арқылы өңірдің ауыл шаруашылығын көптараптандыру мүмкіндігін зерттеу қажет екенін көрсетеді [1, 2].

Ауыспалы егістің басты дақылы ауданның соңғы 10 жыл ішінде 70-75 мың га арасында тұрақтануына байланысты инженерлік жүйелерді тиімді пайдалану үшін сұлы, арпа, жүгері және рапс егістерін кеңейту мәселесін шешу қажет. Сондықтан ең әуелі рапсты өсіру тәсілдері зерттелуі тиіс.

Танаптық зерттеулерде рапстың негізгі агробиологиялық қасиеттері мен табиғи-өндірістік ерекшеліктері анықталуда. Рапс өсіруді қарқындету үшін оның негізгі қасиеттері мен ерекшеліктерін зерттей отырып, Алматы облысы Балқаш ауданы жағдайында оны кең көлемде өсіруді қалыптастыру және май өндіру кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге болады [3, 4].

Бақанас метеобекетінің мәліметтері бойынша күзгі, көктемгі және жазғы мерзімдердегі ауа-райы көпжылдық орташа көрсеткіштерден ерекше айырмашылық танытқан жоқ. Алайда, 2012 жылы көктемдегі жауын-шашын мөлшері 52,2 мм яғни, көпжылдық орташадан 40,8 мм төмен. Алматы облысының топырақ-климаттық аймағына арналған ұсыныстары бойынша және арамшөптерді жою, ылғалды жинау және сіңіру үшін, зиянкестердің, патогенді инфекциялардың санын азайту және көктемде себу алдында топырақ өңдеу жұмыстарының санын азайту үшін, тәжірибе танабының топырағын терең қопсытқыш КПП-250 кескішімен 22-25 см тереңдікте ерте сүдігер жыртылды. Айлық орташа температура қалыпты жағдайға жақын.

Рапсты тікелей сепкенге дейін 7 күн бұрын арамшөптерге қарсы гербицид қолдану тәжірибесі жүргізілді. Зиянкестер салдарынан рапс тұқым өнімінің төмендеуі жиі кездеседі (2-3 есе және одан көп). Болатын ысыраптарды тоқтату үшін тауар өндірушілер алқаптарды пестицидтермен көп қайтара өңдеуге мәжбүр болды [2,4]. Сондықтан рапсты зиянкестерден қорғау жүйесін жетілдіру және оған ғылыми негіздеме жасау мәселесінің өзектілігі күмәнсіз екендігін зерттеулер дәлелдеп отыр. Онда егіс дақылдарының құрамын оңтайландыру, егіншілікті биологияландыру, экологиялық тазалығы мен экономикалық рентабельділігі жоғары технологиялар жасап өндіріске енгізу, тәлімі егіншіліктегі дақылдар үлесін арттыру, дәстүрде жоқ өсімдіктер есебінен сақтық қорлық дақылдарының ассортиментінен көбейту және басқа шаралар көзделген. Бірақ, рапстың жалпы өнімділігіне зиянкестермен қатар негізгі қауіпті аурулары да айтарлықтай залалын тигізеді. Аурулар рапс тұқым өнімі мен жасыл балаусасының сапасын едәуір төмендетіп, дақыл өнімділігінің ысырабын туғызады. Мысалы, фомоз, альтернариоз және пероноспороз сияқты аурулармен залалданған өсімдік жапырақтарында С витамині мен амин қышқылдарының, протеин, май, қант мөлшері едәуір азаяды. Ал ең бастысы, тұқымда май түзілу үрдісі кемиді [4]. Сондықтан да, рапс ауруларына қарсы тиімді қорғау шараларын жетілдіру үшін, олардың биологиясы мен таралуын және даму қарқындылығын білу қажет. Оған әртүрлі гербицид пайдаланылды. Рапстың арамшөптерін жою үшін гербицидтердің үш түрі қолданылды:

1. Глифосат; (2,0 – 3,0 кг/га).
2. 36 % және 48 % , Раундап (2,0 – 2,5 кг/га).
3. 36 % Доминатор (2,0 – 2,4 кг/га).

Ең тиімді глифосат болып шықты.

1-кесте. Рапс егу үшін топырақ даярлау технологиясы

№	Нысан	Орындалу мерзімі	Агрегат құрамы
1	Топырақты нөлдік өңдеу	10.09 – 1.10	Т – 150 к + ПН5-35
2	Топырақты қопсыту және тегісту	1.05 – 16.05	МТЗ – 80 /82 + КРН – 4,2
3	Топырақты тырмалау	2.05 – 18.05	МТЗ – 80 / 82 + ЗБЗС – 1,0
4	Топырақты тығыздау	2.05 – 18.05	МТЗ – 80 /82 + 3 КВГ-1,0
5	Гербицид енгізу (глифосат 3,0 л/га)	2.05 – 18.05	МТЗ-80/82+ОП – 3,5
6	Топырақты тырмалау	4.05. – 20.05	МТЗ – 80/82+ЗБЗС-1,0
7	Топырақты тығыздау	4.05. – 20.05	МТЗ-80/82+3 КВГ-1,0

Арамшөптерді толық жою үшін Алматы облысы, Солтүстік аймақ жағдайында рапс себудің оңтайлы мерзімі болып 20-30 мамыр аралығы. Осы мерзімде жүргізілген себудің нәтижелері рапстың ең жоғарғы өнім беретінін көрсеткен. Бірқатар зерттеулерде рапсты 2-3 см тереңдікке себу ұсынылған. Бірақ ауа райының шұғыл жылынуына байланысты топырақтың беткі қабаты тез кеуіп кетеді. Сондықтан рапс тұқымын себудің ұтымды тереңдігі 4-5 см болып табылған. Рапс тұқымы егістік өңгіштігін тез төмендетеді. Сондықтан тұқымды Дерозал 50 % препаратымен өңделді. Препарат жұмсау мөлшері 2,0- 2,5 г/кг тиімділік көрсетті. Тәжірибеде тұқым себу нормасы 2,8-3,2 млн/га немесе 3,0-4,5 және 6,0 кг/га өніп шығуға жарамды дәндер. Рапс тұқымы – дискілі тұқым сепкішпен себіледі, қатар аралығы $12,5 \pm 0,5$ см.

Рапс тұқымының өте ұсақ болуына байланысты қолданыстағы СЗ-3,6, СЗУ-3,6, СЗТ-3,6 және т.б. тұқым сепкіштері жарамайды. Сондықтан, қатар аралығы оңай өзгертілетін СПУ-6 дән сепкіші пайдаланылды.

Рапстың өскіні 8-10 мамырда пайда болады. Өсімдіктер жиілігін анықтау нәтижелері бойынша көлем бірлігіндегі ең көп өсімдік саны тұқым себу нормасы жоғары нұсқаларда байқалды. Тұқым себу нормасын 2 есе көбейткенде өскіндер саны 2,1 есе көбейді.

2-кесте. Рапстың өнім құрлымының тұқым себу нормасына байланысты өзгеруі.

Тұқым себу нормасы, кг/га	Өсімдік саны дана /м ²	Өсімдік биіктігі см	Бұталануы, дана	Байланған жеміс саны	1000 дәнінің массасы, г	Өнімділігі, ц/га
				Дана		
3,0	13	88	6,2	36,0	3,45	9,5
4,5	20	91	5,8	35,5	3,44	16,4
6,0	24	82	5,4	34,9	3,35	12,2

Өнім жинау алдында рапс егісінің тығыздығы тұқым себу нормасына байланысты 35-80 дана/м² аралығында болды. Биометриялық талдау бойынша өсімдік биіктігінің көрсеткіші себу нормасы көтерілген сайын 1-3 см жоғарлап отырды. Бір өсімдіктегі бұтақ саны бойынша жоғары көрсеткіш 5,8 дана құрады.

Осыған ұқсас жағдай бір өсімдікте байланған жеміс саны бойынша да байқалды. 1000 дәннің массасы бойынша 3,0 кг/га нормасымен тұқым себу нұсқасы ерекшеленді. Ал 6,0 кг/га норма нұсқасы өсімдік саны бойынша көрсеткіштерден басқа жағдайларда алдыңғы екі нұсқадан төмен болды. Тұқым себу қарқыны 4,5 кг/га нұсқаның өнімділігі басқалардан 4,2-6,9 ц/га жоғары болып, 16,4 ц/га құрады.

Қорытынды. Жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып, төмендегідей қорытынды жасалды.

- зерттеу нәтижелері біздің облыс жағдайында бұрын өсірілмеген рапстың болашағы зор екенін байқатты;
- Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның жартылай шөлейт аймағында рапс егісінде арамшөптермен тиімді күресу үшін глифосат (3 л/га) қолдану қажет;
- тұқым себу нормасы 4,5 кг/га нысанында ең жоғарғы дән өнімі алынды (16,4 ц/га).

Әдебиеттер

1. Күрішбаев А.К. Қазақстан Республикасындағы астық өндірісінің жай-күйі және проблемалары// Жаршы. – 2003, 11. – Б.3 – 6.
2. Заречный П. Возделывание ярового рапса на корм и масло семена в условиях Северного Казахстана Астана – 2005. - 33 с.
3. Жанзақов М.М., Мырзабек К.А. Агронмия негіздері.- Қызылорда, 2007. - 335 б.
4. Әрінов Қ.Қ. және басқалары. Өсімдік шаруашылығы. - Алматы, 2011. - 480 б.
5. Сазонов В.И. Сельскохозяйственное опытное дело в растениеводстве и его методике.-М: Колос, 1962.-64 с.

Сманов А.Ж., Оразбаев С.А., Садуақасов С.С.

МЕТОДЫ ВЫРАЩИВАНИЯ В ПЛОУПУСТЫННЫХ КРАЯХ ЮГО-ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА РАПСОВЫХ ЗЕРН

В статье приведена урожайность маслосемян рапса в связи с нормой высева семян в условиях Юго-Восточного Казахстана. Также даны сведения о преимуществах выращивания рапса.

Ключевые слова: рапс, сорт, масло, почвы, урожай.

Smanov A.Zh., Orazbayev S.A., Saduakasov S.S.

METHODS OF RAPE INCREASE IN THE HALF NEAR DESERT EDGES OF SOUTH- EAST KAZAKHSTAN

To Sizes of what sows shown in the article in south-east edge of the desert rape Kazakhstan the state, associate productivity of grain. And also, leasing cultures of rape to grow and on direction advantages of technology information shown.

Key word: rape, sort, oil, soil, yield.

ӘОЖ 633.853.494

Ә.Ж. Сманов, С.Ә. Оразбаев, С.С. Садуақасов

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА РАПС ДАҚЫЛЫН ӨСІРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада құнды биологиялық отын болып табылатын рапстың Қазақстанда пайдаланылатын агротехнологиялары жөнінде мәліметтер келтірілген.

Зерттеуге алынған нысанның өсіру тәсілдері туралы еліміздің оңтүстік-шығыс аймағы бойынша ғылыми мәліметтер өте аз. Осыған байланысты тәжірибеде алынған нәтижелердің жаңалығы күмәнсіз.

Бұрын соңды зерттелмеген сорттарды қарастыру және олардың өнімділігін неғұрлым жоғарылату тәсілдерін іздестіріп, өндіріске ендіру.

Кілт сөздер: рапс, тәсіл дән, май, биоотын.

Кіріспе. Қазақстанда негізгі дақыл күздік және жаздық бидай болғанымен, күріш, сұлы, арпа, рапс және тағы басқа дақылдар да өсірілуі тиіс. Аталған дақылдар ішінде рапсқа баса көңіл бөлу қажеттігі туындап отыр. Себебі, дүние жүзінде, оның ішінде ауыл шаруашылығы дамыған елдерде рапс өсіруді ұлғайту тенденциясы алдыңғы орынды алады. Мысалы, әлемдік нарықта Канада шығаратын рапс майы жоғары бағаланады және сапасы жөнінен зәйтүн майына теңестіріледі. Оның үстіне аталған мемлекетте маргарин өндіруде 32% және одан жоғары мөлшерде рапс майы қолданылады. Құрамындағы майдың көп болатыны сонша ол соя, күнбағыс, қыша және басқаларынан асып түседі. Қазіргі замандағы нарықта азық-түлік өндірісінде май түрлері көбейе бастады. Ал басқа өндіріс салаларында пайдалану қажеттігі туындап отыр. Соңғы уақытта өсімдік майларын сұйық отын алу мақсатына пайдалануға баса назар аударылуда. [1, 2].

Алайда зерттеу жүргізілетін аймақта өсірілетін рапстың сорттары өндіріс талаптарын толық қанағаттандыра алмай отыр. Сондықтан, әр аймақтың топырақ-климат жағдайына бейімделген және жоғары өнімділікті қамтамасыз ететін тәсілдер ұсыну аса маңызды міндет болып табылады. Жұмыстың нәтижелілігі зерттеу тәсілдеріне қарай дақылдың өнімділігі мен шаруашылық құнды белгілерін жоғарылатуға арнаулы өзекті мәселені шешуге бағытталғанын көрсетеді.

Зерттеу Республикалық ғылыми-техникалық «Ауыл шаруашылығы өсімдіктері, жануарлары мен микроорганизмдерінің тектік қорын сақтау, дамыту және пайдалану» бағдарламасына сәйкес конкурстық жоба бойынша жүргізілді.

Материалдар мен әдістер. Рапс өсімдігі қазіргі кезде Қазақстанда кеңінен өсіруге жағдай жасалған майлы дақыл. Негізінен оның өсу ерекшеліктерін толықтай зерттеу және май шығынын және сапасын анықтау басты міндет болып табылады. Рапс дақылын өсіруде оның биологиялық және морфологиялық ерекшеліктеріне тікелей мән берілуі керек. Қазіргі кезде республикамызда майлы дақылдардың арасында рапстың үлесі көп емес. Сол себептен болашақта бұл дақылды жан-жақты жоспарлап отырмыз. Тәжірибелер топырақты аудара жырту, сыдыра өңдеу және нөлдік әдіс бойынша өсірілген рапстың шырынды массасы мен дән өнімділігін жоғарылату ерекшеліктерін зерттеу, құрғақшылыққа және топырақтың тұздылығына төзімділік дәрежесін бағалауға мүмкіндік беретін биохимиялық белгілерді анықтау мақсатында жүргізілді.

Қазақстанның далалық және шөлейт аймақтарында атмосфералық жауын-шашын аз (100-200 мм), жаздағы орташа температура жоғары (24-28°C), температураның күрт шарықтауы (50°C), ылғал булануы (жылына 1500 мм). Осындай қатал континенталдық климат аздаған бұлтты күндерімен, жиі соғатын күшті желдерімен, өсімдік жабынының сиректігімен және топырағының тұздылығымен ерекшеленеді. Осы жағдайларға рапстың бейімділігі байқалады.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Ғылыми негізделген мөлшер бойынша 1 жемдік өлшемде 105-110 г қорытылатын протеин болуы тиіс, бірақ нақты жағдайларда 80-90 г арлығында. Мұндай жетіспеушілік мал басының өнімділігіне ғана емес, сонымен қатар олардың көбеюіне де кері әсер етеді. Сондықтан бұл өзекті мәселені жем-шөп құрамына рапсты қосу тәсілдерімен шешуге болады. Рапс дәнінен 40-50% май және 21%

белок шығады, сонда одан 5,5 га май және 2,5 га белок өндіруге болады. Қоректілігі бойынша 1 тонна рапс сығындысы 8 тонна пішенге тең [3, 4].

Рапсты жемдік бағытта пайдаланудың маңызды түрі – рапстың шырынды массасы. Биохимиялық сапасы бойынша жаздық рапс ең жоғары жем –шөптік және техникалық майлы дақыл.

Келесі бағыт – рапсты бал өнімдерін алуға пайдалану. 1 га рапстан аралар 90-100 кг дейін бал жинайды. Оның үстіне рапстың гүлдену мерзімі басқа дақылдармен салыстырғанда ұзақ 20-30 күн. Бал жинау мерзімін көктемде ертерек, және жазда кештеу егуге байланысты қосымша ұзартуға болады[4].

Дән өнімділіне әсер ететін агротехникалық тәсілдерді салыстырып бағалау бойынша қолайлы факторлар анықталды. Соның нәтижесінде рапстың ең жоғарғы дән өнімі топырақты негізгі сыдыра өңдеу тәсілін қолданғанда алынатыны белгілі болды (1-кесте).

1-кесте. Топырақ өңдеу тәсілдеріне байланысты рапстың дән өнімділігі, %

Топырақ өңдеу тәсілі	2011ж.	2012ж.	Орташа
Аударып жырту (бақылау)	12,7	10,9	11,8
Сыдыра өңдеу	19,5	15,3	17,4
Нөлдік тәсіл	10,9	7,7	9,3
ETA 0,95, ц	0,6	0,5	

Дүние жүзіндегі алдыңғы қатардағы мемлекеттерде рапс дақылының егістік ауданы өртүрлі. Мысалы; АҚШ, Ресей, Пәкістан, Бангладеш және т.б. елдерде рапс дақылының орташа ауданы 0,25-0,3 млн.га [1].

Рапс ылғалға тәуелді болғанымен тәлімі егісте топырақ ылғалдылығын тиімді пайдаланатыны белгілі болды. Сондықтан далалық және шөлейт аймақтарда рапс өсіру мүмкіндігі жеткілікті. Рапс өсіру үшін топырақты негізгі дайындаудың барлық агротехникалық әдістері алқапты арам шөптерден толық тазалауға ылғалды сақтауға және тұқымының тез өніп шығуына бағытталуы тиіс. Өсімдіктердің өсу және даму фазаларынан өтуін білу өнімнің қалыптасуын биологиялық бақылауда ұстау үшін керек. Бұл бақылау өсімдіктердің тіршілік етудегі талаптарын жақсырақ қанағаттандыруға, дақылды өсірудің технологиялық процестерін негізделіп жасалуына мүмкіндік береді. Рапстың алдыңғы дақылдарын жинағанда егістік қалдықтары толығымен алынуы тиіс. Қазақстан Республикасының Оңтүстік шығыс аймағында бидайдың сабан қалдықтары тегіс жойылған [4].

Өсімдік жапырақтылығы бойынша да сыдыра өңдеу тәсілімен өсірілген нысандарда жоғары көрсеткіштер тіркелді. Талданған тәсілдер бойынша рапстың орташа жапырақтылығы 61,6-67,1% шамасында ауытқыды.

Рапстың қоректік заттар құрамы. Рапстың ауада құрғақ вегетативтік массасының химиялық құрамын анықтау үшін арнайы лабораториялық талдаулар жүргізілді. Тәжірибе нәтижесінде жалпы сыдыра өңдеу тәсілімен өсірілген нысандардағы өсімдіктер протеин шығымы жағынан 12,25% шамасымен бақылаудан 1,75% басымдылық көрсетті.

2-кесте. Топырақ өңдеу тәсілдеріне байланысты рапс жапырағындағы пролин мөлшері, мг/г

Тәсіл	PEG-6000 қоюлығы, %			
	0	10	15	25
Аударып жырту (бақылау)	28,01	48,51	198,27	285,12
Сыдыра өңдеу	26,40	52,73	228,45	330,93
Нөлдік тәсіл	17,39	49,68	197,83	271,64

Рапс үлгілерін 10%, 15%, 25%, қоюлықтағы PEG-6000 ерітіндісімен сусыздандырып тітіркендіргеннен кейін жапырағындағы пролин мөлшерінде айтарлықтай өзгерістер байқалды. Сыдыра өңдеу тәсілімен өсірілген рапс үлгісіндегі пролин мөлшері қалыпты жағдайда 26,40 болса, PEG-6000 ерітіндісінің қоюлығы 15% жеткенде 228,45 мкг/г, 25%-330,93 мкг/г көтеріліп ең жоғары деңгейге жетті. Бұл бақылаудан 59,29 г/г асып түсті. Осыған байланысты сыдыра өңдеу тәсілімен өсірілген рапс егістігі құрғақшылыққа жоғары дәрежеде төзімділігі болатыны анықталды.

Топырақтағы NaCl қоюлығының артуын K^+/Na^+ мөлшерінің төмендеуі арқылы анықтап, әртүрлі жағдайларда өсірілген рапс үлгілерінің топырақтың тұздануына төзімділігін бағалауға болады. Топырақтың тұздылығына рапстың төзімділігін жапырағындағы K^+/Na^+ қатынасы бойынша саралау тиімділігі жоғары болып саналады. Бұл тәжірибеде топырақты сыдыра өңдеу тәсілімен өсірілген рапс үлгісіндегі K^+/Na^+ мөлшері баяу төмендеді, яғни 86,5 моль/л өлшемінен 74,9 моль/л дейін азайды. Бұл көрсеткіштер бақылаудағы 80,12 моль/л-ден 63,45 моль/л жетуімен салыстырғанда осы нысан өсімдіктерінің тұзға төзімділігі жоғары болатынына дәлел бола алады.

3-кесте. Рапс дәнін өңдеу, май және биоотын өндірудің тиімділігі жоғары деңгейді көрсетті

Рапс өнімділігі, ц/га	1 кг құны, теңге			Биоотынның өзіндік құнын салыстыру %
	Дән	Май	Биоотын	
7,5	12,1	44,3	47,3	86
10	9,1	34,3	40,5	74
15	6,1	24,3	33,5	61
20	4,6	19,3	30,0	55

Жоғарыдағы деректерді жалпы қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасы үшін рапс өнімділігі жоғары пайдалану салалары алуан түрлі және болашағы зор дақыл болуы тиіс.

Қорытынды. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның қуаңшылық аймағында топырақты әртүрлі негізгі өңдеу тәсілдерін қолданып егілген рапс өсімдігінің биологиялық белгілер көрсеткіштері сыдыра жыртуда бақылаудан айтарлықтай деңгейде жоғары болды. Жапырағындағы су мен пролин мөлшерінің өзгеруіне байланысты биохимиялық көрсеткіштерді бірлестіріп талдау негізінде сыдыра жыртумен өсірілген рапстың құрғақшылыққа жоғары төзімділігі дәлелденді. Топырақ тұздылығына төзімділігін жапырақтағы калий, натрий, иондарының салыстырмасы бойынша бағалау негізінде, бақылаудан басым болатын сыдыра жырту тәсілі ерекшеленді.

Көктемде топырақты майдалап, тегістеу үшін МТЗ-80/82 + КПС-4 жеңіл культиватор агрегаты қолданылады. Өңдеу тереңдігі 15-16 см. Одан кейін тырмалау және тығыздау жұмыстарына МТЗ-80/82+3БЗСС-1,0 МТЗ-80/82+3КК-6 агрегаты пайдаланылады. Осындай тәсілдермен егіс алаңы рапс егісіне әзірленуі тиіс. Негізгі және көктемгі топырақ өңдеу сапасы – жоғары өнімнің кепілі.

Әдебиеттер

1. Күрішбаев А.К. Қазақстан Республикасындағы астық өндірісінің жай-күйі және проблемалары // Жаршы, – 2003, 11. – Б.3 – 6.
2. Заречный П. Возделывание ярового рапса на корм и маслосемена в условиях Северного Казахстана. Петропавловск 2005. -33 с
3. Жанзақов М.М., Мырзабек К.А. Агронмия негіздері.-Қызылорда, 2007. - 335 бет
4. Әрінов.Қ.Қ., т.б. және басқалары. Өсімдік шарушылығы. - Алматы, 2011. - 480 бет.

Сманов А.Ж., Оразбаев С.А., Садуақасов С.С.

ВОЗМОЖНОСТИ ВЫРАЩИВАНИЯ РАПСОВЫХ ЗЕРН В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В статье приведены агротехнические сведения по производству рапса в Казахстане, который является ценным биологическим топливом.

Ключевые слова: рапс, способ зерно, масло, биодизель.

Smanov A. Zh., Orazbayev S. A., Saduakasov S.S.

TECHNOLOGIES OF CULTIVATION OF RAPS IN REPUBLIC KAZAKHSTAN

The article considers agro technical data on rape production in Kazakhstan which is said to be of the leading sources of biological fuel.

Key word: rape, mode corn, oil, diesel engine.

ӘОЖ 332.33 (574)

А.А.Қобыланова, А.Т. Жұбанышова

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа. Ауыл шаруашылық жерлерін пайдаланғанда топырақ құнарлығын арттырудың тиімді шараларын жүргізуге міндетті, топырақтың жел және су эрозиясының бетін қайтаратын ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, гидротехникалық кешенді шараларын жүзеге асыруы, топырақтың тұздануын, жерлердің ластануын, арамшөптермен өсіп кетуін, сондай-ақ топырақтың жағдайының нашарлауына әкелетін басқа үрдістерді болдырмауы тиіс.

Кілт сөздер: жер ресурстары, топырақтың құнарлылығы, экология, нарықтық экономика, ауыспалы егіс, шаруа қожалығы.

Айналымнан шыққан ауыл шаруашылық жерлерінің құнарлығын қалпына келтіру, еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігін және экспортқа шығарылатын отандық астық өнімдерін арттыруға мүмкіндік береді. Әлемдік қаржы дағдарысы біздің экономикамызға да кері әсерін тигізеді. Бүгінгі кезеңде жер ресурстарының әлеуеттік мүмкіндіктерін анықтау, ауыл шаруашылығын одан ары дамытудың осы кезеңдегісі мен болашақ стратегиясын таңдаудағы басты саяси әлеуметтік-экономикалық мақсат болып табылады. Бұл ауыл шаруашылығында пайдаланылып жүрген алқаптардың тиімділігін қамтамасыз етуге қабілетті әдістерді іздестіруге мүмкіндік береді. Аталған мақсаттың шешімінің нәтижелілігі мен тиімділігінің болуы, біраз мәселелердің ғылыми негіздемесінің тұрақтылығы мен сенімділігіне байланысты болады. Олар бүгінгі таңдағы нарықтың сипатына орай, егістік алқаптарының құнарлылығын арттырудың экономикалық тетіктері мен оның жүзеге асырылуында жатыр.

Еліміздің экономикасының жағдайы ауылдық жерге дамыған елдердің деңгейінде бюджеттік субсидия талап етуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан отандық ауыл

шаруашылық тауарын өндірушілердің артықшылықтарын сақтауымыз қажет: ауыл шаруашылық алқаптары аудандарының үлкендігі, жерді тегін пайдалануы, материалдық ресурстардың арзандығы. Ғылыми ізденістер барысында байқағанымыз ауыл шаруашылық жерлері Алматы облысында белгілі дағдарысқа ұшыраған және оның бетін қайтару шараларын жасауды алға тартып отыр.

Топырақтың өнімділік қабілеті - жерді ауыл шаруашылығы өндірісінің үрдісінде пайдаланғанда ғана байқалады. Табиғи құнарлылық негізінде қарапайым ұдайы өндірісті немесе шамалы ұдайы өндірісті кеңейтіп жүргізуге немесе табиғаттың ұзақ жылдар бойы даму үрдісі негізінде жасалады. Ұйымдастыру-экономикалық факторларды пайдалану негізінде топырақ құнарлылығын арттыру. Бұған дақылдардың сорттарын тандап алу, өндеудің агротехникалық қолайлы мерзімін қатаң сақтау, озық технологияны қолдану, органикалық және минералдық тыңайтқыштарды егістікке сіңіріп жоғары нәтижелерге жету шараларын жатқызуға болады.



1-сурет. Егістік жерлердің құнарлығын арттырудың экология-экономикалық тетіктері.

Экономист-эколог ғалымдардың бағалауына қарағанда, табиғи және минералдық тыңайтқыштарды пайдалану нәтижесінде әр гектардан алынатын өнімді 50 пайызға, ал техникамен жер баптау технологиясын жақсарту негізінде 25-30 пайызға, селекция жетістіктерін енгізу нәтижесінде 20-25 пайызға дейін арттыруға болады екен.

Зерттеу мәліметтері байқатқандай, Алматы облысында ауыл шаруашылық жерлері ұтымды, тиімді пайдалану және егістіктің құнарлығын арттыру мақсатында болашақ кезеңде жүзеге асырылуы тиіс келесі шаралар:

- егіншілік жүйесінде 16 ауданының табиғи ерекшелігін ескере отырып, озық агротехникаларды және ауыл шаруашылық жерлерін, соның ішінде суғарылатын жерлерді айналымға енгізу;

- элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарын дамыту. Аудандастырылған сорттарды көбейту, сорт жаңартумен айналысу;

- астық дақылдарын өсірудің прогрессивтік технологиясын енгізу, бидайдың қатты және күшті сорттарын өсіруді қамтамасыз жасау. Бидайдың егіс алқабын, соның ішінде мал азығына жұмсалатын астық түрлернің ауданын ұлғайту;

- егілетін егістік ауданын ұлғайту және егістік түсімін арттыру арқылы ауданның ішкі шаруашылық және аймақтық (өсімдік құрамы, топырақ ерекшелігі, ауа райы жағдайы жөнінде бір тектес аймақ) ерекшелігін ескере отырып дамыту;

- жерді қорғау мен құнарландырудың шараларын мемлекеттік қолдау қаражатымен жүзеге асыру:

- суармалы жерлерде жоғары деңгейде технология қолданып, ауыл шаруашылығы айналымынан шығып қалуға жол бермеуіміз тиіс. Ондай жерлер облыстың өте құнарлы да құнды қорына жатады, сондықтан егістікті қорғаудың озық технологияларын қолдану керек.

Мұнда егістік жерлерді құнарландырудың 3 бағытын ұсынып отырмыз:

1. Экономикалық ынталандыру:

- а) жер төлемдерін саралау;

- ә) жер төлемдерінен жеңілдіктер беру;

- б) жер телімдерінің бағасына байланысты төлемдердің мөлшерін тағайындау;

- в) мемлекеттің несие-қаржы және инвестициялық саясаты.

2. Экономикалық кепілдік:

- а) жер құнарлығын қорғау, сақтау, арттырудың экология-экономикалық шаралары;

- ә) жерлерді ауыл шаруашылығы айналымынан алғандағы зиянды өтеу.

3. Экономикалық санкция:

- а) егістік жерлерді пайдаланудағы құқықты бұзғанда;

- ә) жерді ластағандағы төлем;

- б) жер төлемдерін уақытылы төлемегені үшін төлем;

- в) пайдалану түрін өзгерткендегі ақшалай төлем.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында агроөндіріс саласында 67 жоба жүзеге асырылып жатыр, сервистік-дайындау орталықтары, көтерме-бөлшек сауда, көлік-логистика инфрақұрылымдары, жылыжай және мал шаруашылық кешендері. Оңтүстік облыстарда 40-қа жуық сервистік-дайындау орталықтарын, соның 19 Алматы облысында салу жоспарланған. Елімізде ауылдық жерде халқымыздың 47 пайызы тұрады және ауыл халқының өмір сүру деңгейін көтеру міндеті қойылып отырған кезде, алғашқы қарастырылатын шаралар жоспарында еліміздің АӨК тұрақты дамытуға жағдай жасалуы керек.

Ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға мемлекеттік қолдау шараларын арттыру қажет және инвестиция (отандық, шет елдік, жеке) қаржыларының мөлшері көбеюі керек. Алматы облысында 2010 жылғы дерек бойынша, 52377 ауыл шаруашылық құрылымдары бар, оның: 769-ауыл шаруашылық кәсіпорындары, 51608-шаруа қожалықтары.

Шаруа қожалықтарының жерлерін құнарландыруды мемлекеттік қолдаудың қаржылық тетіктері: өтемақы, субсидия (көмек қаражат), дотация (жәрдем қаржы), квота (рұқсат етілген қаражаттың үлесі), лизинг, субвенция (жәрдем қаражат). Жерді ұқыпты тиімді пайдалану, яғни ғылым жаңалығынсыз жетістікке жету мүмкін емес. Бір жерге бір дақылды өсіре бергеннен де ол жер құнарлығынан айрылады. Мысалы, Алматы облысында ауыл шаруашылық дақылдарының 1 тоннасын өсіргенде жерден өздерімен бірге алып кетеді екен:

- күздік, жаздық бидай - азот-30 кг, фосфор-10-12 кг.;
- жүгері - азот-34, фосфор-10 кг.;
- күріш - азот-22 кг, фосфор-12 кг;
- картоп - азот-6 кг, фосфор-1,5 кг;
- қант қызылшасы – азот-4 кг, фосфор-1,2 кг;
- қырыққабат-азот-3,3 кг, фосфор-1,3 кг;
- сәбіз-азот-3,2 кг, фосфор-1 кг;
- күнбағыс (тұқымға)-азот-60 кг, фосфор-25 кг.

Әр дақылдың топырақ құрамында өзіне қажетті қоректік заттары бар. Жыл сайын тек сол дақылды еге бергеннен топырақтағы сол қоректік заттары таусылады да, өнім сапасы нашарлайды. Сондықтан да, ауыспалы егістіктің маңызы зор болады. Ауыспалы егістікпен қоса, ол жерді сүреге қалдырып, түрлі тыңайтқыштар заттарды енгізу арқылы жаңа технология қолдану арқылы жерді тиімді пайдаланған дұрыс.

Ауыл шаруашылығында елімізді азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін неше түрлі дақылдар өсіріледі. Нарықтық экономиканың заңына сүйенсек, дақылды өсіруге кеткен шығынды толық ақтап, шаруа иесіне пайда әкелуі қажет. Бірақ та, көпшілік жағдайларда шаруа қожалықтары жұмсаған қаржысын қайтара алмай отыр. Әлемнің дамыған елдерінде: Австралия, АҚШ, Германия, Ұлыбритания мемлекеттері фермерлерге, яғни азық-түлік өнімдерін өндірушілерге қаржылай, арнайы мақсатқа арналған жеңілдетілген көмектер беріп отырады. Мұндай көмектер жерді құнарландыруға, жанар - жағармай, техника мен сапалы тұқым сатып алуға, селекция жұмыстарына кеткен шығындарды өтеуге жұмсалады.

Жер ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру бағытында келесі шаралар жүзеге асырылуы тиіс:

- ауыл шаруашылық өндірісі мен инфрақұрылымын дамытуды ынталандыру;
- шаруа қожалықтарының жерлерін құнарландыру;
- ғылым жетістіктерін ауыл шаруашылығына енгізу;
- ел ішінде азық-түлік өнімдеріне сұранысты реттеу;
- экспортқа шығарылатын ауыл шаруашылық өнімдерін өткізу нарығын қалыптастыру.

Үкімет ауыл шаруашылығына жанама механизмдер арқылы қолдау көрсетуі тиіс. Ауыл шаруашылық саласында табиғи ортаның тепе-теңдігін сақтау мен қорғау жөніндегі білімін жетілдіру мен озық тәжірибелерді насихаттау және шаруа қожалықтарын статистикалық мәліметтермен жабдықтау керек. Осының нәтижесінде фермерлер қай ауданда қандай ауыл шаруашылық дақылдары егілген, олардың нақты көлемін біліп отырады. Бұл азық-түлік дақылдарын өсіруші, өңдеуші шаруа қожалықтары үшін бағдарлама болады.

Ең бастысы ауыл шаруашылығы саласының нарық талабы мен сұранысына бейімделіп дамуын қамтамасыз ететін, жер ресурстарының құнарлығы екенін естен шығармауымыз қажет. Айналымнан шыққан жерлерді қалпына келтіре отырып, ауыл шаруашылығына жаңа жер аудандарын қосымша береміз. Жерлердің құнарлығын көтере отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің түсімін арттыруға қол жеткіземіз.

Шетелдік тәжірибеге тоқтала келе, Еуроодақ елдерінде егістік алқаптарды қорғау және оны құнарландыру ісінде мемлекет тарапынан субсидиялауға мейлінше үлкен мән берілетіндігіне көз жеткіздік.

Еліміздің индустриалды-аграрлы мемлекетке жататынын ескере отырып, айналымнан шыққан жер ресурстарының құнарлығын қалпына келтіруде әлемдік деңгейдегі жетістіктерді қолдануға барынша күш салу қажет. Оның бастысы жер құнарлығын арттыру, мұнда отандық технологияны қолдану арқылы әрбір жер телімінің балл бонитетін анықтауға қол жеткізу, соның негізінде егілетін дақылды анықтау. Өнімді мол беретін дақылдардың түрлерін егу, су және тыңайтқыштарды мөлшерлеп беретін технологияны пайдалану. Осы келтірілген мәліметтерге қарап, ауыл шаруашылық саласына түбегейлі көзқарасты өзгерту керектігін алға тартып отыр. Неғұрлым үкімет тарапынан ауыл шаруашылық жерлерін құнарландыруды дұрыс жолға қойғанда ғана ауылда тұратын 47 % халқымыздың әлеуметтік жағдайы жақсармақ.

Ауыл шаруашылық жерлерін пайдаланғанда топырақ құнарлығын арттырудың тиімді шараларын жүргізуге міндетті, топырақтың жел және су эрозиясының бетін қайтаратын ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, гидротехникалық кешенді шараларын жүзеге асыруы, топырақтың тұздануын, жерлердің ластануын, арамшөптермен өсіп кетуін, сондай-ақ топырақтың жағдайының нашарлауына әкелетін басқа үрдістерді болдырмауы тиіс.

Алматы облысында егістік жерлерді қорғау және тиімді пайдалануды келесі шаралармен жүзеге асады:

- бүлінген жерлерді өз уақытында қалпына келтіріп қайтару;
- өнеркәсіп кәсіпорындары ластаған ауыл шаруашылық жерлерін тазарту;
- өнеркәсіп мақсаты үшін бөлінетін жерлердің ауданын жобалау және барынша қысқарту;
- табиғи экожүйелердің тұрақты қызметін қамтамасыз ететін рекреациялық территориялардың ауданын ұлғайту. Әлемдік стандарттарға сәйкес мұндай территориялардың аумағы жалпы ауданның 10 пайызын құрауы керек;

Алматы облысының ауыл шаруашылық жерлерінің экология-экономикалық мәселелерін егістікті құнарландыру шараларын үнемі жоспарлап отырғанда ғана топырақ эрозиясын болдырмауға қол жеткіземіз. Ауыл шаруашылығы саласының тұрақты дамуы ел экономикасының дамуына және халқының әлеуметтік жағдайының жақсаруына әкеледі.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. – 256 б.
2. Жер туралы заңнамалар. – Алматы: Юрист, 2004. – 110 б.
3. Серикбаев С.К. Рациональное использование и охрана земельных ресурсов. //Вестник университета Кайнар. - 2009. - №1 – С.35-39.
4. Серикбаев С.К. Эколого-экономический анализ использования земли в Южном Казахстане. //Вестник КазЭУ имени Т.Рыскулова. - 2009. - №2 – С.439-442.
5. Серикбаев С.К. Новые механизмы приоритетного развития сельского хозяйства. //Труды научно-практической конференции молодых ученых. "Жас Туран-2009". - Алматы, 2009. – С. 121-124.

А.А.Қобыланова, А.Т. Жұбанышова

НАПРАВЛЕНИЯ РАЦИОНАЛЬНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЗЕМЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ

При использовании земель сельскохозяйственного назначения необходимо проводить мероприятия по улучшению плодородия почвы, защиты почвы от ветряной и водной эрозии, комплексные мероприятия по агротехнике, гидротехнике, а также выявление причин засоления почвы, загрязнения земель, борьба с сорняками, и вместе с тем устранение других причин, приводящих к ухудшению состояния почвы.

Ключевые слова: земельные ресурсы, плодородие почвы, экология, рыночная экономика, переменный посев, фермерское хозяйство.

A.Kobylanova, A.T.Zhubanyshova

DIRECTION OF ADVANTAGEOUS USE OF LAND RESOURCES

When using lands of agricultural purpose it is necessary to hold events for improvement of fertility of the soil, protection of the soil against a wind and water erosion, complex actions for an agrotechnology, hydraulic engineering, and also identification of the reasons of salinization of the soil, pollution of lands, fight against weeds, and at the same time elimination of other reasons leading to deterioration of a condition of the soil.

Keywords: Land resource, soil fertility, ecology, market farm, variables.

УДК: 633/635: 630*2 (574.2)

Р.С. Сырмакбаев, М.О. Байтасов

Казахский национальный аграрный университет

ПРОДУКТИВНОСТЬ ФИТОМАССЫ ЛЕКАРСТВЕННЫХ РАСТЕНИЙ В ЛЕСАХ СЕВЕРНЫХ ОБЛАСТЕЙ КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье приведены результаты исследований средней продуктивности фитомассы лекарственных растений в Сандыктауском государственном учреждении лесного хозяйства Костанайской области.

Ключевые слова: Оценка урожайности исследуемых лекарственных растений. Ромашка, лопух, кровохлебка корневая и надземная часть, полынь, хвощ, тысячелистник.

Введение. В настоящее время недостаточно изучены вопросы учета, сохранения и рациональной эксплуатации ценных даров леса, что влечет за собой уничтожение или нерациональное использование некоторых ценных лекарственных растений.

Переход к рыночной экономике требует от лесохозяйственных учреждений, не имеющих достаточно больших объемов заготовок леса и живущих за счет реализации древесины, изыскать ресурсы для развития своего производства и увеличения доходов.

Недостаток данных о сырьевой базе не позволят лесохозяйственным органам достаточно обоснованно планировать и контролировать заготовки лекарственного сырья

на территории лесного фонда республики. Это в свою очередь затрудняет решение вопросов регулирования пользования, вовлечения в переработку не используемых ресурсов, рационального размещения перерабатывающих производств.

Для установления запасов лекарственных трав нами охвачены северные области, которые слабо изучены в данном отношении. Для того чтобы выдержать принцип неистощительности и постоянства пользования лесным богатством, нами проведены исследования по определению как биологического, так и эксплуатационного запаса дикорастущего сырья.

Урожайность дикоросов, в зависимости от климатических условий года, резко изменяется и имеет сезонную изменчивость. В связи, с чем исследования проводились на постоянных пробных площадях, где ежегодно проводились повторные замеры и взвешивания. Участки для закладки пробных площадей выбирались, в основном, в местах без хозяйственного воздействия, в наиболее типичных местах, разной полноты и возраста. После ознакомления с таксационными описаниями было проведено рекогносцировочное обследование кварталов в натуре. Нами было заложено в разных типах леса, возраста и полноты насаждении 85 пробных площадей (25x40м каждая) и 250 площадок (1x1м).

Изучались следующие части лекарственных растений:

- надземная - трава, стебли
- подземная - корни и корневища

При оценке урожайности исследуемых растительных полезностей леса нужно учесть, что годы проведения работ (2006-08 гг.) были не самыми благоприятными для роста и развития растительности в целом. Особенно последний год (2008) отмечается засушливостью, поздневесенними заморозками, что естественно оказало прямое влияние на показатели урожайности и в целом на итоговые показатели.

В таблице 1 приведены показатели среднего урожая в двух лесохозяйственных учреждениях.

Таблица 1 – Средний урожай лекарственных растений в зависимости от % проективного покрытия (из числа промысловых урожаев) Сандыктауского лесхоза Акмолинской области и Аркарагайского ГУ лесного хозяйства Костанайской области

Название растений	Урожай (кг/га) по степени проективного покрытия, %			
	11-20	21-40	41-70	71-100
Кровохлебка (корневая часть)	24,4	48,9	89,6	138,5
Тысячелистник	82,0	164,0	302,0	466,0
Польнь	50,7	101,4	185,9	287,3
Хвощ	112,5	225,0	412,5	367,5
Репейник (надземная часть) Костанайская обл.	61,3	122,7	224,9	347,6
Репейник(корневая часть) Костанайская обл.	1084	2116,9	397,6	614,5
Репейник(надземная часть) Акмолинская обл.	52,5	105,0	192,5	297,5
Репейник (корневая часть) Акмолинская обл.	94,5	189,0	346,5	535,65
Ромашка	17,91	35,82	65,67	101,49
Черника	54,9	109,8	201,3	311,1
Солодка Костанайская обл.	122,4	244,8	448,8	693,6
Солодка Костанайская обл.	149,4	298,8	547,8	846,6
Солодка Костанайская обл.	178,9	357,9	656,1	1014,0
Чабрец, Костанайская обл.	152,4	304,8	558,8	863,6
Чабрец, Костанайская обл.	153,4	306,9	562	869,5
Чабрец, Костанайская обл.	221,0	442,0	810,1	1252,0

В таблице некоторые виды растения повторяются, потому что они получены для разных условий произрастания на территории двух областей. На рисунке 1 приведена зависимость урожайности лекарственных трав от процента проективного покрытия.




Рисунок 1 – Урожайность лекарственных трав в зависимости от проективного покрытия

1. Лопух (корневая часть); 2. Лопух (надземная часть); 3. Хвощ; 4. Тысячелистник
5. Полынь; 6. Ромашка; 7. Кровохлебка (надземная часть); 8. Кровохлебка (подземная часть)

Таким образом, наибольший средний запас урожая по проективному покрытию наблюдается у хвоща, наименьший запас у ромашки. Однако этот показатель, как было сказано выше, зависит от почвенно-климатических условий.

Литература

1. Доброхотова К.В., Чудинов В. В. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері. - Алма-Ата, 1963. (перевод Т. Кенжалина).
2. Козьяков С. Н. Один из возможных методов определения запасов дикорастущих ягод. Ресурсы ягодных и лекарственных растений и методы их изучения. -Петрозаводск, 1975 г.
3. Сеницын Г.С. Новые лекарственные растения Казахстана. Издательство «Наука». - Алма-Ата, 1982.
4. «Методика определения запасов лекарственных растений, государственный комитет СССР по лесному хозяйству», -М. 1986г., с 9-10.

Р.С. Сырмакбаев, М.О. Байтасов

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ОРМАНДАРЫНДАҒЫ ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІҢ ФИТОМАССАЛАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІ

Бұл мақалада «Сандықтау» оқу тәжірибе орман шаруашылығында және Қостанай облысында жүргізілген зерттеулер жұмыстарын орындау кезінде бақылау алаңшаларды

салып, өлшеу және есептеу барысында дәрілік өсімдіктердің шикізат ресурстарының өнімділігі орманның типіне, толымдылығына, зерттелетін объектінің тығыздығына тәуелділігінің нәтижелері сипатталған.

Кілт сөздер: Дәрілік өсімдіктердің өнімділігін бағалау, түймедақ, мыңжапырақ, жусан, түйежапырақ, қандышөп.

R.S. Sirmakbaev, M.O. Baitassov

PRODUCTIVITY PHYTOMASS HERBS IN THE FORESTS OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN

In this article are given the study results of the average productivity of medicinal plants phytomass of Sandyktauskiy national forest institution located in Kostanay region. During the research it was determined that the process of the productivity of medicinal plants basically depends on the type of forest, crop and crown density of the projective body of interest.

Key words: productivity evaluation of analyzed medicinal plants such as chamomile, burdock, burnet, tarragon, horsetail, yarrow.

ӘОЖ 599.323

А.Д. Тажиева, Е. Орақбаев

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

САЙРАМ-ӨГЕМ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІНДЕГІ АҢШЫЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН БИОТЕХНИЯЛЫҚ ШАРАЛАРЫ

Аңдатпа. Мақалада Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи парктің негізгі сүтқоректі аңшылық жануарлардың түрлері мен олардың соңғы үш жылғы санының динамикасы және жүргізілген биотехниялық іс-шаралардың мөлшері келтірілген.

Кілт сөздер: Сайрам-Өгем МҰТП, биотехниялық іс-шаралар, аңшылық шаруашылық, қостұяқтылар, жыртқыштар, қоянтәрізділер, жануарлар дүниесін қорғау, жануарлардың мониторингі.

Кіріспе. Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Батыс Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік-батыс бөлігінде Өгем, Қаржантау, Қазығұрт және Боралдайтау жоталарында орналасқан. Парк Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 қаңтардағы №52 қаулысына сәйкес Түлкібас, Төлеби және Өгем орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелерінің қосылу жолымен ұйымдастырылды. Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркін құрудағы басты мақсат Батыс Тянь-Шань өңіріндегі ерекше экологиялық, рекреациялық және ғылыми құндылығы бар табиғи және тарихи-мәдени кешендер мен объектілерді сақтау, қалпына келтіру және көп салалы мақсатта пайдалану жөніндегі функцияларды жүзеге асыру болып табылады. Сонымен бірге жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту бағытында нақты іс-шаралар жасалынып, мына жұмыстарға баса көңіл бөлінді: аңдар мен құстардың нақты сандарын, олардың түрлерін анықтау; биотехниялық іс-шараларды сапалы жүргізіп, жануарлардың

мониторлық кадастрлық жұмыстарын жетілдіру.

Сайрам-Өгем ұлттық табиғи паркі территориясында (жер көлемі 149053 га) зерттеу жұмыстары 2009-2011 жылдарда жүргізілді. Аңшылық сүтқоректі жануралардың түрлерін анықтау және оларды есепке алу саласында аңшылықтануда қолданылатын жалпыға ортақ әдістермен орындалды [1,2]. Биотехниялық іс шараларды ұйымдастыру үшін Б.А. Кузнецов әзірлеген әдістемелері қолданылған [3]. Сонымен қатар ұлттық парктің инспекторлар құрамынан сұрастыру мәліметтері пайдаға асырылған.

Ұлттық парк Батыс Тянь-Шань жүйесінің солтүстік-шығыс бөлігін алып жатыр және жеке Батыс Тянь-Шань жүйесіне кіретін - Өгем, Қаржантау, Қазығұрт, Боралдайтаудың тау сілемдері мен тау етегіндегі жазықтардан тұрады [4].

Ауа-райы жылудың көптігімен, құрғақшылық және континентальдылығымен айшықталады. Жазы ыстық, құрғақ және ұзақ. Ең ыстық - маусым айында орташа температурасы 21-29⁰С, абсолюттік жоғарғы температура – 40⁰С. Қысы жұмсақ, жиі жылылық түсіп тұрады. Ең суық ай – қаңтар айының орташа температурасы – 11,5⁰С. Абсолюттік төменгі температура – 30⁰С .

Қуаншылық – облыстағы ауа-райының ең бір негізгі ерекшелігі. Жауын-шашынның жылдық мөлшері тау етегінде 400-600 мм және өзен жолдары, таулы аудандарда 800 мм және одан жоғары. Солтүстік, солтүстік-шығыс және шығыстан соққан желдер басым болады. Олардың жылдық орта жылдамдығы 1,9-3,9 м/сек аралығында.

Жер бедері төменгі таулы, ортатаулы және биіктаулы. Басым көпшілігі қия беткейлі. Жазық жерлер де кездеседі. Далалы ормандар алқаптары, сондай-ақ, жапырақтары түскіш бұталар төменгі тау – адырлы саваноидтар белдеуінде. Ортатау және биіктау шегінде жарты бұталы таулы – ксерофиттің экожүйе класы ерекше тасты – қиыршық тасты жерлерде таралуы ұштастырылған. Барлық биіктік белдеулерінде жартаспен шашылған тастар алқаптары кездеседі. Қосымша ылғалданған өзен аңғарында майда-жапырақты ормандар алқаптары орналасқан.

Тау жоталарынан ағатын көптеген өзендер есебінен аймақ жақсы суландырылған, ірі өзендердің бірі –Шакпақ шатқалындағы бұлақтардан бастау алатын – Арыс өзені. Талас Алатауы мен Қаратаудың беткейлерінен ағатын көптеген бұлақтар мен тумалар Арыс өзеніне құяды. Бұдан әрі Жабағылысу, Машат, Ақсу құйылып суы көбейеді [4].

Нәтижелер және оларды талдау. Аңшылық шаруашылығындағы аң санағын жүргізу, соның ішінде соңғы үш жылда, жақсы қолға алынған. Жыл сайын тұяқтылардың 3 түрі (тау теке, елік, қабан), 3 ірі жыртқыштардың түрі (қасқыр, түлкі және борсық), құм қояны, кеміргіштерден (ондатр) есепке алынып, саны анықталады. Сол себептен де аңшылық шаруашылығындағы аңшылық жануарлардың саны белгілі.

Аңшылық орналастыру алдындағы 3 жылдағы шаруашылықтағы аңшылық жануарлар санының динамикасын жақсы деп бағалауға болады. Себебі ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесін иеленген мемлекеттік ұлттық табиғи парк құрылып, ондағы күзет, қорғау режимі күшейтіліп, әр түрлі табиғатты қорғау заңдылықтарын бұзушыларға тосқауыл қойылып, соның ішінде қаскерлікпен күрес жүргізу қолға алынған болатын. Шаруашылық аумағының басым жерлерінде тыныштық аумағы орнап, ол жануарлардың шаруашылық аумағында тыныштықта өмір сүріп, осы жерлерде мекендеп өсіп және көбеюлеріне ықпал еткен.

Жалпы шаруашылықтағы аңшылық жануарлардың санының өсуіне барлық мүмкіншіліктер бар, ал олардың қазіргі деңгейін жақсы деп есептеуге болады.

Шаруашылықтағы соңғы жылдардағы жануарлардың саны 1-кестеде көрсетілген. Аңшылық жануарларды қосымша азықтандыру, аңшылық алқаптардағы табиғи азықтың жетіспеушілігін өтейтін әр түрлі азықтар есебі деп атап қабылдау керек. Қосымша азықтандыру азық жоқ кезде жануарлардың өлуінен құтқарады, әр түрлі аурулардан

сақтандырады және қарсы тұруын көтереді, жануарлардың қоныс аударуын тоқтатады, ауылшаруашылық дақылдардың және орман екпелердің зақымдануын төмендетеді.

1-кесте. Аңшылық жануарлардың негізгі түрлер санының динамикасы

Жануарлар түрлері	Өзіне тән көлемі, мың га	Жылдар бойынша аңдардың саны (бас)		
		2009	2010	2011
Қостұяқтылар				
Сібір елігі	60,0	134	159	179
Сібір тау текесі	92,0	1244	1253	1267
Жабайы шошқа	14,0	89	136	151
Жыртқыштар				
Қасқыр	49,0	20	16	22
Түлкі	52,0	680	695	713
Борсық	13,0	169	180	203
Қоянтәрізділер				
Құм қояны	27,0	761	768	778
Кеміргіштер				
Ондатр	---	37	40	43

Қосымша азықтандыру шараларын дұрыс жүргізбеу, осы жерде жануарлар түрінің шамадан тыс шоғырланып одан кейін жұқпалы аурулардың көбею қаупін тудырады. Ол жануарлардың адамға үйрену дәрежесінің артуына әкеп соқтырады:

- әдетте қосымша азықтандыруды тәулік бойы жүргізбейді, оны жануарлар өмір сүру ортасында азық азайған кезеңде немесе азыққа қол жеткізу қиын жағдай туындағанда;

- қысқы уақытта азық жоқтығына және азыққа қол жеткізу қиын жағдай туындағанда;

- ата-аналарының көп мөлшерде азық тауып беруі қиындағанда төлдерді қосымша азықтандыру уақыты ;

- су мол болғанда және стихиялық апат жағдайы кезінде жануарлар баспанасы мен азығынан айырылған уақытта.

Өртүрлі аңшылық жануарлардың қосымша азықтандыру мөлшері бірдей емес. Кейбір аңдар қыс бойы қосымша азықты қажет етпейді. Республиканың көптеген аудандарында аңдардың бір қатар түрлері (таутеке, елік, қабан, қоян және басқа) қосымша азықтандыруды қажет етеді. Қосымша азықтандырудың мөлшері мен сипаттамасы аңшылық жануарлардың түрінің құрамына, санына, шаруашылық алқабына таралуына және табиғи азық өніміне қарай анықталады.

Аңшылық алқаптарда қосымша азықтандыруды салуды есептегенде мына талаптарды ұстану қажет:

- жануарларға қажетті азық көлемі және сапасы берілген жыл уақытына сәйкес болуы;

- қосымша азықтанатын жануарлар үшін, азық жеткілікті болуы тиіс;

- шаруашылық аумағындағы қосымша азықтандыратын жерді бөлгенде оның айналасына басқа қосымша азықтанатын жануарлар түрінің шоғырлануы болмауын қарастыру керек;

- қосымша азықтандыру үшін осы жағдайға экономикалық тиімді болатын азық пайдалануы қажет;

- қосымша азықтандыратын жерге қызмет көрсетуде жұмыс өнімділігі жоғары және еңбек көлемі аз болуы тиіс;

- салынатын азықтың сапасы жоғары, бұзылмаған және жатып қалмаған болуы тиіс;
- қосымша азықтандыратын жерді азық қалдықтарынан, қидан тазалап әр түрлі аурулар тарамас үшін ұстау керек;
- жануарлар әр түрлі гельминттер жұқтырмау үшін, қосымша азықтандыратын жерді құрғақ, таза алаңқайларда орналастыру керек;
- қосымша азықтандыратын жерге азық алып келетін жол салыну керек;
- қосымша азықтандыратын жерге азық көлемін жеткілікті есептеп үнемі салып тұру қажет, сол кезде аңдар ол жерге келіп өздеріне қажетті қосымша азық жейді;
- қосымша азықтандыратын жердің жанынан паналайтын орын қарастыру қажет;
- қосымша азықтандыратын жерге жануарлар келу жолы ашық және қалың қар кезінде соқпақты тазалап тұру керек;

Қосымша азықтандыратын жерге жануарлар мен құстардың келуін, салынған азық мөлшерінің желінуін оларға күнделікті салынып отырған азық көлемін есепке ала отырып журналға жазып күнделікті бақылау жүргізіледі.

Соңғы үш жылдағы биотехниялық іс-шаралардың жүргізілген мөлшері 2-кестеде көрсетілген. Мысалы, кептірген шөп 31,10 т, қурама жем 1,5 т, тұздықтарға салынатын 6,10 т қосымша азықтандыруға жұмсалған.

2-кесте. Сайрам-Өгем Мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің биотехниялық іс-шаралар бойынша 2009-2011 жыл аралығында атқарылған жұмыстардың орындалғаны

№	Жұмыс түрлері	Өлшем бірлігі	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	Барлығы
1	Аңдарға азықтануға көмек ретінде орындар жасау	дана	10	12	11	33
2	Бастырма орындарын жаңадан жасау	-//-	4	-	-	4
3	Жабайы аңдарға тұз салатын орындар жасау	-//-	-	-	22	22
4	Жабайы аңдарға азықтануға жем салатын науалар жасау	-//-	11	-	-	11
5	Жаңадан ландшафтар жасау	-//-	17		10	27
6	Бөлмелерді жабдықтау	-//-		4	1	5
7	Аңдарға жемдік азықтарын дайындау -тұз	т	1,5	2,4	2,137	6,0
	-қурама жем	т	1,0	0,5	-	1,5
8	Аңдарға шөп дайындап жинап қою	-//-	10	10	11	31
9	Аңдарға тау қойнауларында сугару орындарын жасау және құру	дана	21	15	14	50
10	Бұлақтардың көзін тазалау және жаңадан ашу	-//-	62	63	61	186
11	Жыртқыш аңдарды жою оның ішінде;	бас	343	195	640	1178
	Қасқыр	бас	17	15	6	38
	Қаңғыбас ит	бас	82	45	59	186
	Сауысқан	бас	110	65	92	267
	Қарға	бас	134	70	92	296
12	Жабайы аң-құстардың есебін жүргізу	рет	1	2	3	6

Еліктерді қосымша азықтандыру. Ұлттық паркте еліктерді қосымша азықтандыруды дұрыс ұйымдастыру, осы аң түрінің басының өсімінің көбеюіне әсерін тигізеді. Қыстың күні елікті қосымша азықтануына салынған шабылып тұздалған шөпті жақсы жейтіндігі тәжірибеде байқалған. Ол орман және шалғын жалпақ жапырақты шөпті жақсы жейді, астық тектес шөпті көп қаламайды. Сонымен қатар, батпақты және қияқ шөпті аз жейді.

Елік жоңышқа шөбін жақсы жейді. Ол аш бола тұра ескі немесе уақытынан кеш шабылған шөпті және батпақты өсімдіктер мен қияқ шөптерді әзер жейді. Шөп дайындауды шілде айынан кешіктірмеу керек. Егер шабылған шөпті қосымша азықтандыру жерінен алыста дайындаса, оны маялап жинау керек және асқа салатын тұзды бір мая шөпке 3-5 кг есебі мөлшерінде шашу немесе ерітілген тұзды себу қажет. Кей кезде шабылған шөпті шөмелемен ағаш торабына немесе қалың бұтада жинап қалдырады. Бұндай азықтандыруда шөптің бірнеше бөлігі қар астында қалып шіріп кетеді, сондықтан елікті қосымша азықтандыру орнындағы шөппен азықтандырған жөн. Осы мақсатта көбінесе, яғни шөп шашу орны пайдаланылады. Шөпті призма тәріздес ақыршаларға салады. Ақыршалар орнының екі жағына тұз, тамыр жеміс, концентрат және шөп салатын науа бекітіледі. Көптеген аңшылық шаруашылықтарда елікті қосымша азықтандыруға әр түрлі жапырақты, бұталы ағаш тұқымдарының сабағы жапырағымен пайдаланылады. Ол үшін көбіне шетен, үйеңкі қажет.

Қабандарды қосымша азықтандыру. Қабанды қосымша азықтандыру үшін төменгі сорттағы картопты, топинамбур, қызылша, шошқа жаңғақ, жүгері собығы, дән, құнарландырылған азық, ет қалдығы, сорпа өнімі, балық, пішендеме және тағы басқа азықтарды пайдаланады. Бұларды қар басып қалмас үшін, қалың қарағай астында қабандар мекендейтін жерде арнайы дайындалған қосымша азықтандыратын алаңдарға салады. Қосымша азықтандыру қар қалыңдаған кез желтоқсан айынан басталады. Оларды аталығы аналықпен төлдерді қуаламас үшін, алаңда 5-15 м диаметрде жерге және қарға біртегіс етіп жайып алады. Дәнді науаға салады. Қосымша азықтандыруды күнделікті бір уақытта жүргізген жөн. Қатты аяздарда тамыр жемісін және көкөністі аз беріп, құнарландырылған азық көбірек керек. Кейде қысқы қосымша азықтандыру басқаша жүргізуге болады. Күзде қабандар мекендейтін жерде ұзындығы 5-6 м, көлемі 0,5м картоп және топинамбур кертпесін қояды. Оны түскен жапырақпен немесе сабанмен жауып, үстіне құм шашады. Сонан соң тағы жапырақпен жабады. Бұндай кертпелерді қабандар өздері ашып алып, көп уақыт бойы сол жерде азықтанады.

Құм қояндарды қосымша азықтандыру. Қыста қояндарды шөппен астық баулармен, бұршақпен, жоңышқа, тамыр жемістермен, көкөніс, жүгері собығымен қосымша азықтандырады. Тоғайда күтіп баптау үшін ағаш кескенде терек, тал бұтақтарын жинап қалдырып кету керек.

Азықтандыру маусымы 3 кезеңге бөлінеді - қосымша жемдеу 30 күн, 1 қарашадан 30 қарашаны қосқанда, азықтың тәуліктік мөлшерінің 25 пайызы салынғанда; 2 кезең - өтпелі, 31 күн, 1 желтоқсаннан 31 қоса алғанда, бұл кезеңде азықтың тәуліктік мөлшерінің 50 пайызы салынады; 3 кезең - негізгі 59 күн 1 қаңтардан 15 наурыз айлары аралығы алынды. Бұл кезеңде азықтың тәуліктік мөлшері толығымен салынады.

Өткен аңшылық шаруашылықтардың қызметін саралауына және көп жылғы бақылау негізінде орташа маусым бойынша жалпы азық есебі және сонымен қатар, 19.09.06 жылы №199 АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетімен бекітілген «ҚР аумағында аңшылық шаруашылығын жүргізудегі биотехниялық іс шараларының нормативтері» азық мөлшерін есептеу үшін, кезеңдегі 120 күнге бір басқа азық дайындау мөлшері алынды (Қазақстанның оңтүстік аймағы үшін).

Биотехниялық іс-шаралары аңшылық шаруашылығын дамытуда ең негізгі фактор боп есептеледі. Ол қыста қиын кездері аңдарға қолқабыс тигізу үшін жүргізіледі. Алқаптағы аңдар санын көбейтуге, қорғауға, азықтануының жақсаруына септігін тигізеді.

Аңшылық шаруашылық жағдайына, хайуанаттар дүниесіне теріс факторларға жататындар:

- еліктің бұтақ азығын жеуге бару мүмкіндігіне кедергі келтіретін, алқағаштардағы қар жамылғысы;
- туристер және шөп дайындау кезеңіндегі мазасыздау факторы;

- хайуанаттар дүниесіне төрт аяқты жыртқыштар (қасқыр, түлкі, қаңғыбас иттер), қанаттылар (қаршыға, сауысқан және қарға) қысымы.

Елік, қабанды қыста қосымша азықтандыруды ұйымдастыру қар жамылғысы қалындамай тұрғанға дейін бастау қажет.

Оттық ақырды және шөптің шөмелейін жазда жануарлар келіп, үйренген азық алаңқайына жақын орналастырған жөн. Оттық ақыр алқаағаштан 100 м алыс емес ашық жерде орналасуы керек. Ормандағы оттық ақырға еліктер жыртқыштар тап береме деп бара бермейді. Оттық ақырда жыл бойы тұз болу керек. Сол кезде ақырда азық болмаса да тұздыққа аң келіп жүре береді. Қыс түсе бастағанда қосымша азықтандыруды бастау керек. Ол кезде жобалаған азық өлшемінің үштен бірі ғана салынады. Ал, қабанға тәуліктік қосымша азық мөлшері оларды тарту үшін салынады. Осы мақсатта оттық ақырдан әр түрлі бағытқа арақашықтығы 10-20 метрде тал, терек, қайың және жусан жапырақтарын іліп қояды. Жабайы жануарларға (таутеке, елік) тұз минералды қосымша азық үнемі керек, әсіресе буаз және емізетін кезде өте қажет етеді.

Жолы қиын жерлерде елік үшін қысқы қосымша азықты сол жерде дайындап шөмеле жасап жинап қойған тиімді.

Тұяқты жануарлар үшін қосымша азықтану орны ақырша түрінде жасалады. Таутекегеде шөп үлкен емес, шөмеле түрінде жиналып салынады. Дән азығын (астық қалдықтары, құрама жем) ағаш діңнен, бөренеден жасалған астауларға салып береді. Тұзды осы астауға араластырып салады. Тас тұздарды арнайы ойылған діндерге немесе ағашқа іліп қояды.

Тұяқты жануарларға ақыршалардың (қабан, қоянға) қосымша азықтандыру орнының тұздықтардың жалпы мөлшері негізгі аңшылық жануарлардың санының өсуіне қарай пропорционалды өзгеріп тұрады.

Зиянды жыртқыш-аң және құс түрлерімен күресу жолдары.

Аңшылық шаруашылық аумағында зиянды аң түрінен мекен ететіндер: қасқыр, жабайы иттер, ал құстардан қарға, сауысқан.

Қасқырды апанында атып, сонан соң күшіктерін жоюға болады. Қыс кезінде қасқырды өлекселерге келгенде атып немесе қақпанға салынған азық арқылы аулауға болады. Жабайы иттер аумақта болған жағдайда оларды жыл бойы атып немесе аулау керек. Тауық тұқымдастардың ұясына зиян келтіретін қарғаларды жою, олардың ұясын бұзу арқылы іске асыруға болады.

Әдебиеттер

1. Новиков Г.А. Полевые исследования по экологии наземных позвоночных.- М.; Советская наука,1953.-501с.
2. Методы учета охотничье-промысловых и редких видов животных Казахстана.- Алматы.2003.-203с.
3. Кузнецов Б.А. Биотехнические мероприятия в охотничьем хозяйстве.-М.; Лесная промышленность-,1974.-221с.
4. Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің 2009-2013 жылдарға арналған басқару жоспары.– Шымкент; 2008.

А.Д. Тажиева, Е. Орақбаев

БИОТЕХНИЧЕСКИЕ МЕРОПРИЯТИЯ ПРОВОДИМЫХ В ОХОТНИЧЬЕМ ХОЗЯЙСТВЕ САЙРАМ-УГАМСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО ПРИРОДНОГО ПАРКА

В статье приведены материалы по фактической численности основных видов охотничьей фауны из числа млекопитающих, а также объемы проводимых

биотехнических мероприятий в национальном парке «Сайрам-Угам» за 2009-2011 гг. А также были приведены примеры дополнительной подкормки для разных видов охотничьих животных.

A.D. Tazhyeva, E.Orakbaev

BIOTECHNICAL ACTIONS CARRIED OUT IN HUNTING ECONOMY OF NATIONAL PARK OF SAYRAM-UGAM

The article materials on the actual number of main types of hunting fauna from among mammals, and also volumes of held biotechnical events are given in national park "Sayram-Ugam" for 009-2011gg.

ӨОЖ 599.323

А.Д. Тажиева, Е.Х. Төлеміс, А.Ж. Тоқтасынов

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

САЙРАМ-ӨГЕМ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІНДЕГІ АҢШЫЛЫҚ АЛҚАПТАРДЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің территориясында аңшылық алқаптарының типологиялары бойынша жүргізілген жобалау-ізденіс жұмыстарының нәтижелері келтірілген. Барлығы 11 аңшылық алқап типіне топтастырылды, оның ішінде 4 орманды және 7 орманды емес.

Кілт сөздер: Сайрам-Өгем МҰТП, жобалау-ізденіс жұмыстары, аңшылық шаруашылық, қостұяқтылар, жыртқыштар, жайылымдар, алқаптар түрлері, жануарлардың мониторингі.

Кіріспе. Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі «Оңтүстік Қазақстан облысының жекелеген мемлекеттік мекемелерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 ж. 26 қаңтардағы №52 қаулысына сәйкес Түлкібас, Төле би және Өгем орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелерінің қосылу жолымен ұйымдастырылды. Парктің жалпы жер көлемі 149053га. Аңшылық шаруашылығын жүргізуі негізгі әрекетінің бірі болып саналғанда осы аумағында қазіргі уақытқа дейін ішкі аңшылық ұйымдастыру жұмыстары орындалған емес.

Парк Батыс Тянь-Шань жүйесінің солтүстік-шығыс бөлігіне орналасып және жеке сол жүйесіне кіретін Өгем, Қаржантау, Қазығұрт пен Боралдай тауының тау сілемдері мен тау етегіндегі жазықтардан тұрады.

Ауа-райы жағдайы жылудың көптігімен, құрғақшылық және континентальдығымен айшықталады. Жазы ыстық, құрғақ және ұзақ. Ең ыстық маусым айында орташа температурасы 21-29°С, ал абсолюттік жоғарғы температурасы - 40°С дейін көтеріледі. Қысы жұмсақ, жиі жылылық түсіп тұрады. Ең суық ай – қаңтар айының орташа температурасы-11°С. Абсолюттік төменгі температура -30°С. Жауын-шашынның жылдық мөлшері тау етегінде 400-600мм және орта мен биік таулы аудандарда 800мм және одан жоғары.

